

«Сулейман Демирел атындағы университет» мекемесі
Құқық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті

БЕКІТЕМІН
СДУ Бірінші проректор—оқу істері
жөніндегі проректоры
ф. – м. ғ. д., профессор
Әмірғалиева С.Н.

«_____» _____ 2014ж.

«Құқық негіздері»

**ПӘНІНІҢ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ**

Қаскелең, 2014 ж.

«Құқық негіздері» пәнінің оқу әдістемелік кешені «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесі. Білім беру-кәсіптік бағдарламалары. Негізгі ережелер» атты 5.03.007-2006 ҚР МЖМББС негізінде құрастырылған.

Құрастырған: аға оқытушы, құқық магистрі Адилханова А.Б.

Құқықтану кафедрасы мәжілісінде қарастырылды

«_____» _____ 2014 ж., № _____ хаттама

Кафедра меңгерушісі аты-жөні _____ Е.Өміржанов

Құқық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті кеңесі мақұлдады

«_____» _____ 2014 ж., № _____ хаттама

Факультет кеңесі төрағасы аты-жөні _____ Х.Йылмаз

**«Құқық негіздері» пәнінің оқу-әдістемелік кешенінің
мазмұнының тізімдемесі**

1.	Пәннің типтік оқу бағдарламасы (егер пән міндетті компонентке кірсе)
2.	Пәннің жұмыс оқу бағдарламасы
3.	Силлабус
4.	Пәнді оқу-әдістемелік қамтамасыздандыру картасы
5.	Дәрістік кешен
6.	Семинарлық (практикалық) сабақтар жоспары
7.	Студиялық және зертханалық жұмыстарды орындауды басшылық ету
8.	Білім алушының өздік жұмысына арналған материалдар: - СӨЖ тапсырмалары - СОӨЖ тапсырмалары
9.	Білім алушының оқу жетістіктерін бақылау және бағалау бойынша материалдар: - тест тапсырмалары - аралық, ағымдық және қортынды емтихан тапсырмалары
10.	Пәнді оқып білу жөнінде әдістемелік нұсқаулар (ұсыныстар)
11.	Оқытушылардың арнайы оқу-әдістемелік басылымдары.
12.	САПОӘК
13.	Оқу сабақтарын бағдарламалық және мультимедиялық сүйемелдеу (пән мазмұнына байланысты)
14.	Әдебиеттер тізімі және интернет ресурстар электронды адресі.

«Сулейман Демирел атындағы университет» мекемесі

БЕКІТЕМІН
Құқық және әлеуметтік-
гуманитарлық ғылымдар
факультет деканының м.а.
аты-жөні _____
«_____» _____ 2014 ж.

«Құқық негіздері»

пәні бойынша
ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қаскелең, 2014 ж.

«Құқық негіздері» пәні бойынша жұмыс оқу бағдарламасы пән бойынша Республикалық жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру оқу-әдістемелік кеңесінің 2006 жылдың 22 маусымындағы хаттамалық шешімімен бекітілген типтік оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды

Құрастырған аға оқытушы, құқық магистрі Адилханова А.Б.

Құқықтану кафедрасы мәжілісінде қарастырылды

«_____» _____ 2014 ж., № _____ хаттама

Кафедра меңгерушісі аты-жөні _____ Е.Өміржанов

Құқық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті кеңесі мақұлдады

«_____» _____ 2014 ж., № _____ хаттама

Факультет кеңесі төрағасы аты-жөні _____ Х.Йылмыз

Кіріспе

Қазақстан Республикасы құқықтық демократиялық мемлекет және азаматтық қоғам құру жолында. Біздің мемлекеттің демократиялық және өркениетті дамуының негізгі факторларының бірі – азаматтарда дамыған құқықтық сананы қалыптастыру және олардың тұрақты құқықтық білімін алу болып табылады. Белгілі бір мүмкіндіктерін «Құқық негіздері» пәні береді. Пән құқықтық түрлі салаларда құқықтық негіздерін оқытады. Пәнді ұғыну үшін ойлау, дүниеде және елде орын алатын оқиғаларын халықаралық құқық жағынан, қазақстандық заңнамасы жағынан бағалау, талдау қабілеттері қажет.

Курс мақсаттары: аталған пәнін оқып-үйрену арқылы келесі мақсаттар

шешіледі:

1. Мемлекеттік–құқықтық құбылыстар туралы негізгі түсініктерін қалыптастыру;
2. Мемлекет және құқықтың пайда болу, даму және әрекет ету заңдылықтарын түсіну;
3. Негізгі заң түсініктерінің мәнін және мазмұнын ұғыну;
4. Арнаулы заң терминологиясын үйрену;
5. Конституциялық, азаматтық, қылмыстық және әкімшілік құқық сияқты қазақстандық құқықтың негізгі салалардың негіздерін оқып білу.

Студенттердің курсты оқу нәтижесінде алатын білімі:

- Мемлекет, бұқаралық (жариялық) билік, егеменділік, басқару нысаны, мемлекеттің ішкі және сыртқы функциялары, унитарлық және федералдық, мемлекет механизмі, құқықтық мемлекет, объективтік құқық және субъективтік құқық, құқықтық норма, құқықшығармашылық, құқыққа сай мінез құлық, құқықбұзушылық, құқықтық сана, құқықтық мәдениет, заңдық дерек сияқты ұғымдардың мазмұнын **білуі керек:**

- Мемлекеттік-құқықтық оқиғаларда дұрыс бағдар ұстана білу, оларға баға беру, заң нормаларын талқылау, құқықтық ұйғарымға сәйкестік (сәйкес емес) тұрғысынан адамдардың әрекеттері мен қимылдарын талдай **білуі керек.**

Студенттерде төмендегідей іскерлік қалыптасады:

мемлекеттің кейбір нормативтік актілерінің жобаларын жағымды жақтары мен жетіспеушіліктерін көрсете отырып, сонғысын жою туралы ұсыныстарын енгізе отырып құру; студенттердің ғылыми конференциялары мен үйірмелеріне рефераттар мен баяндамалар әзірлеу; курстық және бітірушілік жұмыстар жазып, оларды оқытушылар мен комиссия алдында жария корғай білу.

Пререквизиттер:

Мемлекет және құқық негіздері (мектеп бағдарламасы)

Қазақстан тарихы (мектеп бағдарламасы)

Постреквизиттер: ҚР азаматтық құқығы; ҚР қылмыстық құқығы және т.б.

2.Пән мазмұны

№	Пәннің тақырыптарының аталуы, қысқаша мазмұны	апта	Аудиториялық сабақтар		Тапсырма түрі (сипаттама)		Барлығы (с.)
			Дәрістер (с.)	Тәж./сем./лаб./студ (с.)	СОӨЖ	СӨЖ баяндама, реферат	
1	Құқық негіздері оқу курсының құрылымы, басқа құқық салаларымен өзара әрекет етуі	1	1	1			2
2	Мемлекет теориясы	2	1	1	3	5	10
3	Құқық теориясы	3	1	2	3	3	9
4	Қазақстан Республикасының конституциялық құқығының негіздері	4-5	2	2	3	5	12
5	Қазақстан республикасының әкімшілік құқығының негіздері	6	1	1	3		5
6	Қазақстан Республикасының азаматтық құқығының негіздері	7-8	2	1	3		6
7	Қазақстан Республикасының отбасы құқығының негіздері	9	1	1	3		5
8	Қазақстан Республикасының қылмыстық құқық саласы ретінде.	10	1	1	3	5	10
9	Еңбек құқығы және әлеуметтік қамсыздандыру құқығының негіздері	11	1	1	3	4	9
10	Қазақстан Республикасының жер құқығының негіздері	12	1	1	3	5	10
11	Қазақстан Республикасының қаржы құқығының негіздері	13	1	1	3		5
12	Халықаралық құқық негіздері	14	1	1			2
13	Қылмыстық процесс негіздері.	15	1	1		3	5
	Барлығы:		15	15	30	30	90

Мазмұны

1-тақырып. Құқық негіздері оқу курсының құрылымы, басқа құқық салаларымен өзара әрекет етуі. Заңи пәндердің жүйесіндегі құқық негіздері пәні. «Құқық негіздері» оқу курсының құрылымы. Құқық негіздерінің басқа қоғамдық ғылымдармен өзара әрекет етуі мен өзара қатынасы.

2-тақырып. Мемлекет теориясы. Мемлекеттің түсінігі және негізгі белгілері. Қоғам мен мемлекеттің өзара байланысы, азаматтық қоғамның ролі мен маңызы. Мемлекеттің пайда болуы. Мемлекеттің дамуының Батыстық (Европалық) және Шығыстық (Азиялық) жолдары. Мемлекеттің белгілері. Мемлекеттің сыртқы және ішкі функциялары. Мемлекеттің тарихи типтері (үлгілері). Мемлекеттің типологиясы. Мемлекеттің нысаны (басқару нысаны, мемлекеттік құрылыстың нысаны, саяси режим). Құқықтық мемлекеттің ұғымы және белгілері. Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның арақатынасы және өзара әрекет етуі. Қазақстан Республикасы құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретінде.

3-тақырып. Құқық теориясы. Құқықтың негізгі белгілері және анықтамасы. Құқықтың пайда болуы. Қоғам өміріндегі құқықтың ролі. Құқықтың басқа әлеуметтік нормалармен арақатынасы. Құқықтың қағидалары. Құқықтық нормалардың түсінігі және құрылымы. Құқықтық реттеу: әдісі және механизмі. Құқықтың қайнар көздері. Нормативтік құқықтық актілердің түсінігі мен құрылымы. ҚР-да құқықтың әрекет етуі. Құқықтың жүйесі мен заңдардың жүйесі. Құқықты салаға, салааралыққа және институтқа бөлу. Құқықтық қатынастардың түсінігі мен түрлері. Субъективтік құқық және субъективтік міндет. Құқық субъектісі. Құқық бұзушылықтың түсінігі мен түрлері.

4-тақырып. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығының негіздері. Конституциялық құқық түсінігі – қазіргі конституциялық құқықты, өкімет, басқару, өзін-өзі басқару органдарының жүйесін оқытатын юридикалық жетекші пәндерінің бірі ретінде. Конституциялық-құқықтық нормалар және олардың түрлері.

Мемлекеттің және қоғамның негізгі Заңи ретіндегі Қазақстан Республикасының Конституциясының түсінігі және мәні.

Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің жалпы қағидалары. Адам мен азаматтың құқықтары мен еркіндіктерінің экономика-лық, саяси, юридикалық және әлеуметтік кепілдіктері.

Азаматтылықтың жалпы сұрақтары. Қазақстан Республикасының азаматтығының қағидалары: жалпы және арнайы. Азаматтықты алу және тоқтату. Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы.

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымының түсінігі. Қазақстан Республикасы – егеменді, демократиялық, құқықтық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет.

Басқарудың республикалық нысаны.

5-тақырып. Қазақстан республикасының әкімшілік құқығының негіздері. Әкімшілік құқықтың ролі мен маңызы. Әкімшілік құқық ұғымы. Әкімшілік құқықтың пәні. Қоғамдық қатынастарды әкімшілік-құқықтық реттеу механизмі. Әкімшілік-құқықтық қатынастардың мазмұны. Әкімшілік-құқықтық қатынастардың түрлері. Әкімшілік құқық бұзушылық ұғымы. Әкімшілік теріс қылықтың құрамы.

6-тақырып. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығының негіздері. Азаматтық құқықтың ұғымы. Азаматтық заңдар. Азаматтық құқықтық қатынастардың ұғымы, ерекшеліктері, мазмұны және түрлері. Азаматтық құқықтық қатынастың субъектілері. Азаматтар (адамдар) субъектілер ретінде. Заңды тұлғалар азаматтық

құқықтық қатынастардың субъектілері ретінде. Азаматтық құқықтық қатынастардың пайда болу, өзгеру, және тоқталу негіздері.

7-тақырып. Қазақстан Республикасының отбасы құқығының негіздері. Отбасы құқығының түсінігі. Отбасы құқықтық қатынастардың ұғымы.

8-тақырып. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқық саласы ретінде. Қылмыстық құқық материалдық құқықтың негізгі саласы ретінде. Қылмыстық құқықтың міндеттері мен қағидаттары.

Қылмыстың (қылмыстық жазалау әрекеттің) түсінігі мен белгілері. Қылмыстық жауапкершілік: түсінігі, оның пайда болу негіздері. Қылмыстың құрамы: қылмыстың объектісі; қылмыстық субъектісі; қылмыстың объективтік жағы; қылмыстың субъективтік жағы. Қылмыс жасау сатылары. Қылмысқа ортақ қатысушылық. Қылмыстық жаза: түсінігі, белгілері мен мақсаты. Қылмыстық жазаның жүйесі мен түрлері. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі.

Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықпен күресудің заң шығарушылық негіздері. Құқықтық мемлекеттің нығаюына бағытталған мемлекеттік-құқықтық шаралардың жалпы жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықпен күресудің орны мен маңызы. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күресу аясындағы мемлекеттік саясат. Сыбайлас жемқорлықпен күресу қағидаттары.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілері. Сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстарды жасағаны үшін жауапкершілік.

9-тақырып. Еңбек құқығы және әлеуметтік қамсыздандыру құқығының негіздері. Еңбек құқығы пәні және міндеттері. Еңбек құқығы принциптері. Еңбек құқығының қайнар көздері. Еңбектік құқықтық қатынастар және басқа да еңбекке байланысты құқықтық қатынастар. Еңбек шарты ұғымы, мазмұны және түрлері.

10-тақырып. Қазақстан Республикасының жер құқығының негіздері. Жер құқығының түсінігі, пәні және жүйесі. Жер құқығының қайнар көздері. Жер құқық қатынастары. Жерге меншік құқығы, жер пайдалану құқығы және жерге өзге де заттық құқықтар. Жер санаттары. Жер ресурстарын бақылау. Жер дауларын шешу. Жер заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік.

11- тақырып. Қазақстан Республикасының қаржы құқығының негіздері. Қаржы құқығының түсінігі. Мемлекеттің қаржы қызметі.

12-тақырып. Халықаралық құқықтың негіздері. Қазіргі таңдағы халықаралық құқықтың түсінігі. Халықаралық қатынастардың негізгі белгілері. Халықаралық құқықтың қызмет етуі. Халықаралық құқықтың прогрессивті дамуы және кодификациясы. Халықаралық жария және халықаралық жеке құқық. Халықаралық құқықпен ішкі құқықтың арақатынасы

13-тақырып. Қылмыстық процесс негіздері. Қылмыстық процестің түсінігі, маңызы және міндеттері. Қылмыстық сот өндірісінің әлеуметтік мәні. Қылмыстық процестің типтері. Қылмыстық процесс және сот әділдігі. Олардың өзара байланысы. Қылмыстық процестің сатылары, олардың түсінігі мен жүйесі.

3. ПӘН БОЙЫНША ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ұсынылған әдебиет:

1. Баянов Е.Б. ҚР Мемлекет және құқық негіздері. А., 2003
2. Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. А., 2004
3. Ашитов З., Ашимов Б. ҚР Құқық негіздері. А., 2003
4. С. Д. Баққұлов. Құқық негіздері. – Алматы, 2004.
5. Т. Ағдарбеков, А. Әлайдаров, А. Алайдаров. Құқық негіздері. Оқу құралы. – Алматы, 2009.

Қосымша

1. Сапарғалиев Ғ.С. ҚР Конституциялық құқығы. А., 2004 ж.
2. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясының негіздері, Алматы, 2003
3. Сапарғалиев Ғ.С. ҚР Мемлекет және құқық негіздері. А., 1998 ж.
4. Гражданское право. Учебник. Под ред. М.К.Сулейменова, Ю.Г. Басина. Алматы, 2000
5. ҚР Қылмыстық құқығы. (Жалпы бөлім) Оқулық. Ағыбаев А.Н. Алматы 2001ж.
6. ҚР еңбек құқығы. Оқулық. Уваров В.Н. Алматы, 2002
7. Баянов Е.Б. Әкімшілік құқық. Алматы, 2007
8. Худяков А.И. Финансовое право РК в 2-х частях (Общая и особенная). Алматы, 2002
9. Нечаева А.М. Семейное право. Курс лекции. М., 1998
10. Сарсембаев М.А. Международное право. Учебное пособие. Алматы, 2000
11. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 ж. қабылданған (1998 ж. 7 қазанда өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)
12. Қазақстан Республикасының 28 наурыз 1998 ж. қабылданған “ҚР нормативтік құқықтық актілер туралы” Заңы.
13. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 16 шілде 1997 ж. қабылданған (өзгерістер және толықтырулар енгізілген)
14. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Жалпы бөлім 27 желтоқсан 1994 ж. қабылданған Ерекше бөлім 1 шілде 1999 ж. қабылданған (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)
15. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодексі 30 қаңтар 2001 ж. қабылданған (өзгерістер және толықтырулар енгізілген).

Құқық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Құқықтану кафедрасы

«БЕКІТЕМІН»
Құқық және әлеуметтік-
гуманитарлық ғылымдар
факультет деканы
аты-жөні _____
«_____» _____ 2014 ж.

СИЛЛАБУС

Пән: Құқық негіздері

Кредит: 2

Семестр:5

Оқытушының аты-жөні: аға оқытушы, Адилханова А.Б.

Оқытушы туралы мәлімет (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, қызметі, офисі т.б.)	Өткізу уақыты және орны		Байланыс ақпараты	
	Аудиториялық сабақ (лек., прак./11емин.,лаб./ студ.)	офис- сағаттары СОӨЖ (ауд.)	тел.	e-mail
Аға оқытушы, құқық магистрі Адилханова Айжан Бакытбековна	Лекция – 15 сағ., семинар – 15 сағ. СОӨЖ-30 сағ. СӨЖ-30 сағ.	Өткізу уақыты және орны: оқу кестесіне сәйкес	8-707- 260-00- 53	aijan.ab @mail.ru

Кіріспе

Пререквизиттер- Мемлекет және құқық негіздері, Қазақстан тарихы
Постреквизиттер- ҚР азаматтық құқығы; ҚР қылмыстық құқығы және

т.б

Пәннің мақсаты- аталған пәнін оқып-үйрену арқылы келесі мақсаттар шешіледі:

1. Мемлекеттік–құқықтық құбылыстар туралы негізгі түсініктерін қалыптастыру;
2. Мемлекет және құқықтың пайда болу, даму және әрекет ету заңдылықтарын түсіну;
3. Негізгі заң түсініктерінің мәнін және мазмұнын ұғыну;
4. Арнаулы заң терминологиясын үйрену;

Конституциялық, азаматтық, қылмыстық және әкімшілік құқық сияқты қазақстандық құқықтың негізгі салалардың негіздерін оқып білу.

Пәннің міндеттері- Аталған оқу пәнін оқыту мақсаты –студенттердің құқық және мемлекет, Қазақстан құқығы салаларының негіздері бойынша қажетті білімдер алу.

Осы курсты оқу барысында сабақтардың негізгі нысандары: дәрістер, семинарлар және тәжірибелік сабақтар.

ЖОО-нда оқудың ерекшелігі – орта білім алу процессіне қарағанда, жоғарғы білім алу процессі – ол дербес өзіндік білім алу. Семинар сабақтарға дайындалу оқу материалын игерудің негізгі нысаны болып табылады.

Сабақтарда студенттің белсенділігі пән бойынша өз білімдерін тереңдетуге, қайнар көздермен дербес жұмысты атқару, дайындалып дәлелді баяндама жасау, дискуссияға қатысып өз пікірлерін негіздеу дағдыларын алуға мүмкіншіліктер береді.

Ұсынылған әдебиет:

6. Баянов Е.Б. ҚР Мемлекет және құқық негіздері. А., 2003
7. Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. А., 2004
8. Ашитов З., Ашимов Б. ҚР Құқық негіздері. А., 2003
9. С. Д. Баққұлов. Құқық негіздері. – Алматы, 2004.
10. Т. Ағдарбеков, А. Әлайдаров, А. Алайдаров. Құқық негіздері. Оқу құралы. – Алматы, 2009.

Қосымша

16. Сапарғалиев Ғ.С. ҚР Конституциялық құқығы. А., 2004 ж.
17. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясының негіздері, Алматы, 2003
18. Сапарғалиев Ғ.С. ҚР Мемлекет және құқық негіздері. А., 1998 ж.
19. Гражданское право. Учебник. Под ред. М.К.Сулейменова, Ю.Г. Басина. Алматы, 2000
20. ҚР Қылмыстық құқығы. (Жалпы бөлім) Оқулық. Ағыбаев А.Н. Алматы 2001ж.
21. ҚР еңбек құқығы. Оқулық. Уваров В.Н. Алматы, 2002
22. Баянов Е.Б. Әкімшілік құқық. Алматы, 2007
23. Худяков А.И. Финансовое право РК в 2-х частях (Общая и особенная). Алматы, 2002
24. Нечаева А.М. Семейное право. Курс лекции. М., 1998
25. Сарсембаев М.А. Международное право. Учебное пособие. Алматы, 2000

26. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 ж. қабылданған (1998 ж. 7 қазанда өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)
27. Қазақстан Республикасының 28 наурыз 1998 ж. қабылданған “ҚР нормативтік құқықтық актілер туралы” Заңы.
28. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 16 шілде 1997 ж. қабылданған (өзгерістер және толықтырулар енгізілген)
29. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Жалпы бөлім 27 желтоқсан 1994 ж. қабылданған Ерекше бөлім 1 шілде 1999 ж. қабылданған (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)
30. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодексі 30 қаңтар 2001 ж. қабылданған (өзгерістер және толықтырулар енгізілген).

Құқық негіздері пәні бойынша тақырыптық жоспар

№	Пәннің тақырыптарының аталуы, қысқаша мазмұны	апта	Аудиториялық сабақтар		Тапсырма түрі (сипаттама)		Барлығы (с.)
			Дәрістер (с.)	Тәж./сем /лаб./ студ (с.)	СОӨЖ	СӨЖ баяндама, реферат	
1	1-тақырып. Құқық негіздері оқу курсының құрылымы, басқа құқық салаларымен өзара әрекет етуі. Заңи пәндердің жүйесіндегі құқық негіздері пәні. «Құқық негіздері» оқу курсының құрылымы. Құқық негіздерінің басқа қоғамдық ғылымдармен өзара әрекет етуі мен өзара қатынасы.	1	1	1			2
2	2-тақырып. Мемлекет теориясы. Мемлекеттің түсінігі және негізгі белгілері. Қоғам мен мемлекеттің өзара байланысы, азаматтық қоғамның ролі мен маңызы. Мемлекеттің пайда болуы. Мемлекеттің дамуының Батыстық (Европалық) және Шығыстық (Азиялық) жолдары. Мемлекеттің белгілері. Мемлекеттің сыртқы және ішкі функциялары. Мемлекеттің тарихи типтері (үлгілері). Мемлекеттің типологиясы. Мемлекеттің нысаны (басқару нысаны, мемлекеттік құрылыстың нысаны, саяси режим). Құқықтық мемлекеттің ұғымы және белгілері. Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның арақатынасы және өзара әрекет етуі. Қазақстан Республикасы құқықтық, әлеуметтік мемлекет	2	1	1	3	5	10

	ретінде.						
3	<p>3-тақырып. Құқық теориясы. Құқықтың негізгі белгілері және анықтамасы. Құқықтың пайда болуы. Қоғам өміріндегі құқықтың ролі. Құқықтың басқа әлеуметтік нормалармен арақатынасы. Құқықтың қағидалары. Құқықтық нормалардың түсінігі және құрылымы. Құқықтық реттеу: әдісі және механизмі. Құқықтың қайнар көздері. Нормативтік құқықтық актілердің түсінігі мен құрылымы. ҚР-да құқықтың әрекет етуі. Құқықтың жүйесі мен заңдардың жүйесі. Құқықты салаға, салааралыққа және институтқа бөлу. Құқықтық қатынастардың түсінігі мен түрлері. Субъективтік құқық және субъективтік міндет. Құқық субъектісі. Құқық бұзушылықтың түсінігі мен түрлері.</p>	3	1	2	3	3	9
4	<p>4-тақырып. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығының негіздері. Конституциялық құқық түсінігі – қазіргі конституциялық құқықты, өкімет, басқару, өзін-өзі басқару органдарының жүйесін оқытатын юридикалық жетекші пәндерінің бірі ретінде. Конституциялық-құқықтық нормалар және олардың түрлері.</p> <p>Мемлекеттің және қоғамның негізгі Заңы ретіндегі Қазақстан Республикасының Конституциясының түсінігі және мәні.</p> <p>Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің жалпы қағидалары. Адам мен азаматтың құқықтары мен еркіндіктерінің экономика-лық, саяси, юридикалық және әлеуметтік кепілдіктері.</p> <p>Азаматтылықтың жалпы сұрақтары. Қазақстан Республикасының азаматтығының қағидалары: жалпы және арнайы. Азаматтықты алу және тоқтату. Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы.</p> <p>Қазақстан Республикасының</p>	4-5	2	2	3	5	12

	конституциялық құрылымының түсінігі. Қазақстан Республикасы – егеменді, демократиялық, құқықтық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет. Басқарудың республикалық нысаны.						
5	5-тақырып. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығының негіздері. Әкімшілік құқықтың рөлі мен маңызы. Әкімшілік құқық ұғымы. Әкімшілік құқықтың пәні. Қоғамдық қатынастарды әкімшілік-құқықтық реттеу механизмі. Әкімшілік-құқықтық қатынастардың мазмұны. Әкімшілік-құқықтық қатынастардың түрлері. Әкімшілік құқық бұзушылық ұғымы. Әкімшілік теріс қылықтың құрамы.	6	1	1	3		5
6	6-тақырып. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығының негіздері. Азаматтық құқықтың ұғымы. Азаматтық заңдар. Азаматтық құқықтық қатынастардың ұғымы, ерекшеліктері, мазмұны және түрлері. Азаматтық құқықтық қатынастың субъектілері. Азаматтар (адамдар) субъектілер ретінде. Заңды тұлғалар азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері ретінде. Азаматтық құқықтық қатынастардың пайда болу, өзгеру, және тоқталу негіздері.	7-8	2	1	3		6
7	7-тақырып. Қазақстан Республикасының отбасы құқығының негіздері. Отбасы құқығының түсінігі. Отбасы құқықтық қатынастардың ұғымы.	9	1	1	3		5
8	8-тақырып. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқық саласы ретінде. Қылмыстық құқық материалдық құқықтың негізгі саласы ретінде. Қылмыстық құқықтың міндеттері мен қағидаттары. Қылмыстың (қылмыстық жазалау әрекетінің) түсінігі мен белгілері. Қылмыстық жауапкершілік: түсінігі, оның пайда болу негіздері. Қылмыстың құрамы.	10	1	1	3	5	10

	<p>қылмыстың объектісі; қылмыстық субъектісі; қылмыстың объективтік жағы; қылмыстың субъективтік жағы. Қылмыс жасау сатылары. Қылмысқа ортақ қатысушылық. Қылмыстық жаза: түсінігі, белгілері мен мақсаты. Қылмыстық жазаның жүйесі мен түрлері. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі.</p> <p>Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықпен күресудің заң шығарушылық негіздері. Құқықтық мемлекеттің нығаюына бағытталған мемлекеттік-құқықтық шаралардың жалпы жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықпен күресудің орны мен маңызы. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күресу аясындағы мемлекеттік саясат. Сыбайлас жемқорлықпен күресу қағидаттары.</p> <p>Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілері. Сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстарды жасағаны үшін жауапкершілік.</p>						
9	<p>9-тақырып. Еңбек құқығы және әлеуметтік қамсыздандыру құқығының негіздері. Еңбек құқығы пәні және міндеттері. Еңбек құқығы принциптері. Еңбек құқығының қайнар көздері. Еңбектік құқықтық қатынастар және басқа да еңбекке байланысты құқықтық қатынастар. Еңбек шарты ұғымы, мазмұны және түрлері.</p>	11	1	1	3	4	9
10	<p>10-тақырып. Қазақстан Республикасының жер құқығының негіздері. Жер құқығының түсінігі, пәні және жүйесі. Жер құқығының қайнар көздері. Жер құқық қатынастары. Жерге меншік құқығы, жер пайдалану құқығы және жерге өзге де заттық құқықтар. Жер санаттары. Жер ресурстарын бақылау. Жер дауларын шешу. Жер заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік.</p>	12	1	1	3	5	10
11	<p>11- тақырып. Қазақстан Республикасының қаржы құқығының негіздері. Қаржы құқығының түсінігі. Мемлекеттің</p>	13	1	1	3		5

	қаржы қызметі.						
12	12-тақырып. Халықаралық құқықтың негіздері. Қазіргі таңдағы халықаралық құқықтың түсінігі. Халықаралық қатынастардың негізгі белгілері. Халықаралық құқықтың қызмет етуі. Халықаралық құқықтың прогрессивті дамуы және кодификациясы. Халықаралық жария және халықаралық жеке құқық. Халықаралық құқықпен ішкі құқықтың арақатынасы	14	1	1			2
13	13-тақырып. Қылмыстық процесс негіздері. Қылмыстық процестің түсінігі, маңызы және міндеттері. Қылмыстық сот өндірісінің әлеуметтік мәні. Қылмыстық процестің типтері. Қылмыстық процесс және сот әділдігі. Олардың өзара байланысы. Қылмыстық процестің сатылары, олардың түсінігі мен жүйесі.	15	1	1		3	5
	Барлығы:		15	15	30	30	90

Бақылау түрлері

Білімін бағалау шкаласы

Жүйе бойынша әріптік нысаны	Балл	Пайызбен	Жүйе бойынша бағасы
A	4	100	Үздік
A–	3,67	94-90	
B+	3,33	89-85	Жақсы
B	3	84-80	
B–	2,67	79-75	
C+	2,33	74-70	Қанағаттырарлық
C	2	69-65	
C–	1,67	64-60	
D+	1,33	59-55	
D	1	54-50	
D–	0,67	49-50	Қанағаттырарлықсыз
F	0	49	

Білім бағалау критерийлері

Жұмыс түрлері	Ұпайлар (пайыз)
Сабаққа қатысу және ағымдағы ауызша жауап	10+10
СӨЖ тапсырмаларын орындау	10
СӨЖ тапсырмаларын орындау	10
Аралық бақылау	10+10
Қорытынды емтихан	40
Барлығы	100

Жұмыс орындау және тапсыру графигі

№	Бақылау түрі	Апталар																Қорыт. балл
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16-17	
1	Сабаққа қатысу белсенділік	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*		10 25
3	СӨЖ: Үй тапсырмалары			*			*			*			*			*		25
4	СОӨЖ		*		*		*		*		*		*		*			20
5	Аралық емтихан								*							*		20
6	Қорытынды емтихан																*	100
	Барлығы																	100

Оқытушы талабы

- Студенттердің міндеті: сабақтарға қатысу, топтың СОӨЖ тапсыруына белсене қатысу. СОӨЖ және СӨЖ тапсырмаларын мерзімінде тапсыру, қосымша әдебиеттермен жұмыс істеу.
- Сабақтың барлық түріне қатысу арнайы журналда есепке алынады. Себепті жағдайды және ауырған кезде ғана сабақтан босатылады. Кешіккен студенттер сабаққа жіберілмейді, сондықтан сабаққа кешікпеуге тиіс.
- Сабақ кезінде ұялы телефондарды көшіріп қою қажет.
- СОӨЖ және СӨЖ тапсырмаларын мерзіміден орындағаны үшін көтермелеу шаралары қолданылады.

Пән бойынша жалпы баға .

А. Курстың максималды балы =100% арнайы формуламен келесідей жолмен есептелінеді:

$$И\% = \frac{P1+P2}{2} \times 0,6 + Э \times 0,4,$$

P1 – 1 аралық бақылаудың нәтижесі;

P2 – 2 аралық бақылаудың нәтижесі

Э – емтихан бағасының пайыздық көрсеткіші (тест-емтихан).

«ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ» пәнін оқу-әдістемелік жабдықтау картасы

Пәннің аталуы	Студ. саны		Оқулықтар мен оқу құралдары	Кітаптар саны		Практикумдар және т.б.	Кітаптар саны	
	Семестр			Кітапханада	Кафедрада		Кітапханада	Кафедрада
	5сем	-						
Құқық негіздері			Ашитов, Б.Ашитов ҚР Құқық негіздері. А., «Жеті жарғы» 2003ж	20		Дәріс жинағы, Адилханова А.Б.		+
			Е.Б. Баянов және т.б. ҚР Мемлекет және құқық негіздері. А, 2009	5				
			Оспанов Қ.И. Құқық негіздері. Оқу құралы – Алматы, Жеті Жарғы, 2006	90				
			Өзбекұлы С., Копабаев Ө Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық, Алматы. Жеті Жарғы, 2006	5				

Құқық негіздері пәні бойынша дәрістер тезистері

Дәрістер кешені

Мемлекет, құқық және мемлекеттік құқықтық құбылыстар туралы негізгі ұғымдар.

1. Пәні, әдісі және заң ғылымы.
2. Мемлекеттің пайда болуы.
3. Мемлекеттің типологиясы және формалары.
4. Мемлекет тетіктері ұғымы. Мемлекет тетіктерінің қағидалары.
5. ҚР мемлекеттік тетіктерінің жүйесі.
6. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.
7. Құқықтың пайда болуы мен ұғымы.
8. Құқықтың пайда болуы мен функциялары.
9. Құқықтың қайнар көздерінің ұғымы.
10. ҚР заңдардың түрлері. Заңға сәйкес қабылданатын нормативтік құқықтық кесімдердің ұғымы және түрлері. Нормативтік кесімдердің уақыт, кеңістікте және тұлғалар бойынша қолданылуы.
11. Құқық нормалары. Құқық нормаларының мазмұны.

Әдебиеттер:

1. **Е. Баянов. Мемлекет және құқық негіздері. – Алматы, 2002.**
2. **Табанов С.А. Салыстырмалы құқықтану негіздері. Алматы. 2003.**
3. **Өзбекұлы С., Қопабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық. Алматы, 2006.**

Әрбір ғылымның өз зерттеу пәні болады. Ол дегеніміз осы ғылымның объективтік шындықты зерттеу жағы. Мемлекет және құқық теориясының пәні болып мемлекет және құқықтың пайда болуы, дамуымен қызмет етуінің жалпы заңдылықтары мен заң ғылымдарының негізгі түсініктерінің жүйесі табылады. Бұл жерде ерекше атап өтетін жайт, мемлекет және құқық теориясы нақты бір мемлекет пен құқықтың емес, жалпы мемлекеттіліктің пайда болуы, дамуы мен қызмет етуін, сонымен қатар, жалпы заң ғылымдарына тән құқық нормасы, құқықтық қатынас, құқық субъектісі және т.б. сияқты түсініктерді зерттейді.

Мемлекет және құқықтың пайда болуы, олардың даму заңдылығы құқық, құқықтық қатынастар, құқықтық сана, құқықтық мәдениет, құқық жасаушылық, құқық бұзушылық, мемлекеттің формалары, сот билігі сияқты көптеген категориялық аппаратты қалыптастырады. Осыған орай қазіргі жаһандану кезеңінде саяси-құқықтық ілімдер мен тұжырымдамаларда мемлекет пен құқықтың жалпы даму бағыты, ішкі қозғалысының мәндік мағынасы өзінің шешімін табуда. Зерттеу объектісі мынадай мәселелерді шешуді талап етеді:

- жаһандану заманында мемлекеттің даму бағыттары қандай; федерация құрамындағы ұлттық республикалар, автономия немесе ұлттардың жеке тәуелсіз мемлекет құру идеясының болашағы қандай;
- ұлттық мемлекет құруда дәстүрлік саяси-құқықтық институттарды енгізу мәселесі;
- құқықтың реттеу функциясының мүмкіндіктерін арттыру, тиімді болуының тетіктерін жасау;
- адам құқын аяққа таптамауының демократиялық сипаттағы үлгісін жасау, субъективизм мен волонтаризмге жол бермеу;
- құқық бұзушылықпен күресудің жаңа тұжырымдамасы мен теориясын қалыптастыру, оны әлеуметтік практикада пайдалану.

Бұл проблемаларды шешу үздіксіз зерттеуді талап етеді. Мемлекет және құқық теориясының негізгі міндеті мемлекет пен құқықтың дамуын тану, қисынды мағынада меңгеріп, оның заңдылықтарын ашып көрсету болып табылады.

Мемлекет пен құқық теориясының пәні деп арнайы қоғамдық өндірістік қатынастар мен тарихи дәстүрлерге байланысты қалыптасқан мемлекет пен құқықтың негізгі категорияларының пайда болып, заңдылықпен дамып, заң ғылымының іргетасы болып танылатын білім жүйесінің жиынтығын айтамыз.

Ғылымның немесе оқу құралының өзіндік реттейтін, оқытатын пәні болады. Мемлекет және құқық пәні – қоғамдағы саяси экономикалық, әлеуметтік құбылыстарды зерттеп, қоғамдық өмірдегі қарым-қатынастарды реттеу, басқару әдіс-тәсілдерін, объективтік заңдылықтарын анықтап отыратын ғылым. Ол мемлекет пен құқықтың мәнін терең түсінуге мүмкіндік береді. Мемлекет пен құқықты бөліп қарауға болмайды, олар бір-бірімен тығыз байланысты. Құқық мемлекеттік органдардың құрамын қалыптастырудың ретін, жұмыс тәртібін және оның бағыт-бағдарын орнықтырады, ал мемлекет құқықтық нормаларды қабылдайды, бекітеді және қорғайды.

Жалпы ғылымның барлық саласында *әдіс (метод)* деп белгілі бір зерттеу объектісін оқып үйренудің, танудың тәсілдерін айтады. Ондай әдістер екі түрге бөлінеді:

- 1) диалектикалық
- 2) жеке ғылыми әдістер

Диалектикалық әдіс мемлекет және құқықты зерттеудің, танудың әмбебат тәсілдері ретінде танылады. Бұл әдіс құбылысты барлық заттар мен қатынастарды қозғалыста қарап, прогреске жол ашып отырады. Диалект. әдістің басқа тәсілдерге қарағанда басымдылығы сол, ақиқатты ашуда диалектикалық үрдіс үлкен рөл атқаратынын, ғылыми тұжырымдар жасауға себепші екенін көрсетеді. Мемлекет және құқық теориясында диалектикалық әдіспен қатар *жекелеген ғылыми әдістер* кеңінен пайдаланылады.

Жеке әдістердің түрлері:

1. Тарихи-генетикалық
2. Салыстырмалы (компаративтік)
3. Жүйелілік
4. Нақтылы-әлеуметтік
5. Статистикалық
6. Синергетикалық
7. Құқықтық эксперимент
8. Герменевтикалық

2. Мемлекеттің пайда болуы.

Алғашқы қауымдық қоғамның экономикалық, әлеуметтік, басқарушылық салаларындағы объективтік даму процестері бір-бірімен тығыз байланыста өзгеріп, жаңарып отырды. Экономикалық өзгерістер әлеуметтік қайшылықтарды өмірге әкелді. Олар төмендегі объективтік заңдардың – қосымша өнімнің пайда болуы; жеке меншіктің қалыптасуы; топтар мен таптардың арасындағы күрестің басталуы әсерінен туындайтын қайшылықтарды реттеп, қоғамды басқару үшін өмірге мемлекет пен құқық келді.

Қазіргі заманғы мемлекет – қоғамның қалыпты тіршілігі мен дамуын қамтамасыз ететін, өзінде тұрып жатқан азаматтар мен халықтардың құқықтарын, бостандықтарын әрі заңды мүдделерін қорғайтын, мемлекеттің өз ішіндегі және сыртқы даулар мен жанжалдарды шешетін институт.

Мемлекет – белгілі бір аумақ шеңберінде халықты өз ырқына көндіріп отыратын, бүкіл қоғам атынан ішкі және сыртқы саясатты жүзеге асыратын, барлық халыққа міндетті заңдар мен ереже-қағидаларды шығарып қабылдайтын, халықтан салық жинайтын ерекше құқылы саяси ұйым.

Мемлекеттің белгілеріне мыналар жатады:

1. Мемлекеттік билік – ерекше көпшілік билігі, яғни халық билігі.

2. Мемлекеттің халқы әкімшілік жүйеге бөлінеді, Азаматтары шекарасы белгіленген әкімшілік-территориялық аумағында тұрады.
3. Ішкі және сыртқы саясатын жүргізуде тәуелсіз.
4. Билік жүргізетін органдарының болуы. Бұл органдарда тек қана басқару қызметімен шұғылданатын адамдар болады.
5. Заң шығару құқығы болады және заңдарды мемлекеттің аумағында тұратындардың бұлжытпай орындауы.
6. Мемлекеттің басқару органдарының аппаратын ұстауы және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін салық жинайды.

Мемлекеттің тарихи даму кезеңдеріне орай олардың өздеріне тән типтері қалыптасады. Мемлекеттің типологиясын екі мағынада түсіндіріледі: **формациялық, өркениеттік.**

Формациялық ұғым мағынасында мемлекеттердің типтері қоғамға тән экономикалық құрылысы бар, билік жүргізетін үстем тап мүддесіне қызмет ететін басқару күштер құралы ретінде танылады. Марксистік ілім бойынша қоғамдағы өндіргіш қарама-қайшылықтар пайда болғанда әлеуметтік төңкеріс болып, жаңа қоғамдық экономикалық формация пайда болады. Бұл процесс жаңа формацияға сәйкес келетін мемлекеттің типін қалыптастырады (**алғашқы қауымдық құрылыс, құл иеленуші, феодалдық, буржуазиялық, социалистік**).

А.Тоинби қоғам мен мемлекеттердің типологиясының негіздерін анықтауда тек экономикалық қатынастарды ескеріп қана қоймай, сонымен қатар мәдени, діни факторларды ескеру қажет екендігін дәлелдеді. Ол дүниежүзінде 21 астам **өркениет** қалыптасқанын атап көрсетті. Мысалы, египет, қытай, араб, мексика, православия, иран, сирия, мая, инкілер, ацтектер т.б. Сонымен қатар, өркениеттік типологияда технологиялық бағыт дамып келеді. Бұл тұжырымдама бойынша, мемлекеттердің типтерінің деңгейі қоғамдағы ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерімен сипатталады.

Кез келген мемлекет оның мәні мен әлеуметтік бағыттарынан басқа сыртқы белгілерімен де сипатталады, оның жиынтығын нысандар (**формалары**) құрайды.

Мемлекеттің нысаны үшке бөлінеді: басқару нысандары, мемлекеттік құрылыс, саяси режим.

1. Басқару нысанына байланысты **монархия** мен **республика** танылады. Ең көнесі – монархия (монос-бір, архе-билік) «бір адамның билігі» деген ұғымда айтылады. Монархия: **шектеусіз (абсолютт), шектеулі конституциялық (парламенттік) монархия.**

Абсолюттік монархияның белгілері:

- монархтың жеке басының мемлекеттік билікке ие болуы;
- әдетте, монарх өз билігін өмірбақи пайдаланады, жоғарғы билікті мұрагерлік тәртіппен иеленудің қалыптасуы;
- монарх мемлекетті өздігінше халық билігінен туындамайтын құқықпен басқару;
- мемлекеттің басшысы ретінде монархтың заң жауапкершілігінің болмауы.

Шектеулі монархияның белгілері:

- үкімет парламент сайлауында көп дауысқа ие болған белгілі бір партия немесе өкілдерінен құралады;
- көп депутаттық орынды алған партияның жетекшісі үкімет басшысы болады;
- заң шығару, атқару, сот сфераларында шын мәнінде, монархтың билігі жоқ болады, бейнелі түрде көрініс табады;
- заң актілерін парламент қабылдайды, оған монарх тек формальді түрде қол қояды;
- үкімет конституцияға сәйкес, монархтың алдында емес, парламенттің алдында жауапты.

Республика (лат. Қоғамдық іс) – мемлекет биліктің жоғарғы органдары белгілі бір мерзімге халық сайлаған, немесе айрықша өкілді мекемелердің қалыптастыратын органды айтамыз. Республиканың екі негізгі түрі бар: **президенттік, парламенттік**. Президенттік республикаға тән қасиет президентті халық тікелей сайлайды, ол белгілі мерзімге сайланады, әрі мемлекет басшысы, әрі үкімет басшысы болып саналады, парламенттік республикаға қарағанда өте кең өкілеттіке ие. Парламенттік республика (Германия, Италия) – президентті әдеттегідей, халық емес, парламент сайлайды, сондықтан ол тек мемлекеттің басшысы болып табылады, үлкен билік өкілеттіктеріне ие емес.

2. Мемлекет құрылысының нысаны – бұл мемлекеттің аумақтық құрылымын, оның аумақтық бөліктерімен ара-қатынасын анықтаушы күш. М.к.н. қарай **бір тұтас (унитарлық)** және **федеративтік (күрделі)**. Унитарлық (лат. біріккен) яғни оның аумағы тек мемлекеттік белгілеріне ие емес әкімшілік-аумақтық бірлестіктерге бөлінеді. Унитарлық мемлекетте бірінғай орталықтандырылған мемлекеттік аппарат бар: бір парламент, бір президент, бір үкімет. Федеративтік мемлекет – (лат. Одақ, күрделі мемлекет) – оның құрамына бірнеше мемлекеттер немесе мемлекеттік құрылымдар – федерация субъектілері кіреді, олардың әрқайсысы әр түрлі аталуы мүмкін: штаттар, республикалар, автономиялық республикалар т.б. Федерациядан конфедерацияны ажырата білуіміз қажет. Конфедерацияның белгілері: одаққа кірудегі мақсаты - белгілі бір мәселелер бойынша, айталық экономикалық проблемаларды, қорғаныс және т.с.с. бірігіп шешім қабылдау.

3. Саяси режимнің түрлері: **демократиялық** және **демократиялық емес**. Демократиялық емес режим: тоталитарлық және авторитарлық.

Мемлекет пайда болғаннан кейін саяси билік жүргізу қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты қоғамда басқару, билік жүргізу арнайы мамандандырылған адамдардың топтарын қалыптастырады, олардың атқаратын қызметтері айқындалып, салаларға бөлінеді, кәсіби дәрежеге көтеріледі.

Мемлекеттің тетіктері (аппараты) дегеніміз билік жүргізу және мемлекеттің міндеттерін, функцияларын іс жүзіне асыру үшін кәсіби дайындық негізінде құрылған органдардың жүйесі.

Әдетте заң әдебиеттерінде «мемлекет механизмі» және «мемлекеттік аппарат» түсініктері синоним сөздер ретінде қолданылады. Мемлекет механизмі – бұл мемлекеттің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік органдардың жүйесі. Мемлекет аппаратының, оның барлық бөлімшелерінің мазмұнын қоғамдық өмірдің барлық салаларының тиісті ұйымдаусы мен тиімді қызмет етуін қамтамасыз етуге бағытталған басқарушылық, ұйымдастырушылық қызмет құрайды.

Бұл қызметтің нысандары көп жағдайда басқарудағы заңдар мен құқықтық механизмдердің қолданылу шамасына байланысты. Осыған сәйкес мемлекеттік аппарат қызметінің келесі нысандарын бөліп қарастыруға болады:

- 1) тікелей басқарушылық - бұл ғылыми ұсыныстар жасаумен, тәжірибе алмасумен байланысты, құқықтық сипатты иеленбеген қызмет түрлері;
- 2) құқықтық нысандар - құқықтық заңды сипаттағы қызмет түрлері, яғни, олар барлық субъектілер үшін міндетті болып табылады және мемлекеттік-міндетті салдарды туындатады. Мемлекет аппараты қызметінің негізгі құқықтық нысандарына мыналар жатады:
 - а) құқықшығармашылық қызмет - бұл нормативтік актілер жобаларын дайындауға, оларды қабылдау мен жариялауға байланысты қызмет;
 - ә) құқыққолданушы қызмет - бұл құқықтық нормаларды жүзеге асырумен байланысты қызмет;

б) құқыққорғаушы қызмет-бұл заңдардың сақталуын бақылаумен және қадағалаумен, кінәлі тұлғаларды заңды жауапкершілікке тартумен т.б. байланысты қызмет.

Құқық та мемлекет сияқты қоғамдық дамудың туындысы. Заңи тұрғыда ол мемлекеттік-ұйымдастырушылық қоғамда қоғамдық қатынастардың негізгі нормативтік реттеуіш ретінде анықталады. Алғашқы қауымдық қоғамның әдет-ғұрып, мораль, діни нормалары енді екінші орында болды, оның орнын қоғамдық қатынасты құқықтық реттеу басты. Құқықсыз өркениетті қоғамның болуы мүмкін емес. Ол нормативтік нысанда жалпы адамдардың әділдігін талап ету қажет, қоғам мүддесіне қызмет ету керек. Құқық мемлекетпен орнатылған және қорғалатын мінез-құлықтың өлшемі. Құқық бір жағынан мүмкіндік беруші, ал екінші жағынан қарым-қатынаста сыртқы бостандықты шектеуші нормалардың жиынтығы.

Қоғам өзіндегі тәртіпті әр түрлі құралдармен қорғайтыны белгілі. Мемлекет пайда болғанға дейінгі аралықта тәртіпті рулық, тайпалық әдет-ғұрып нормалары арқылы реттеп отырған. Бертін келе өндіргіш күштердің күрделенуіне байланысты қоғамның әлеуметтік күштерінің де күрт өзгеруіне де душар болды. Сөйтіп қоғамның объективтік қажеттілігінен, яғни, жеке адамның сана-сезіміне байланысты емес туындайтын қатынастарды реттеу – құқық ережелері болып табылады. Мұндай объективтік қажеттіліктің жаңа түрін құқық нормалары немесе құқықтық нормалар деп атаймыз.

Құқықтың қағидалары құқықтық мазмұнын, мәнін және ерекшеліктерін айқындайды. Халық құқық қағидаларын тану және оған сену арқылы әділеттілікті, әділ сотты бағалайды. Заң ғылымында **құқықтың қағидалары мынадай түрлерге бөлінеді:** халық билігінің баяндылығы (ҚР Конституциясының 3-бабына негізделген), демократизм (, барлық адам және адамзаттардың заң алдындағы тең құқылығы (ешкім ұлтына, нәсіліне, әлеуметтік тегіне, дініне, тіліне, жынысына қарамастан құқық нормалары талабы шеңберінде артық деп танымайды.), гуманизм (гуманизм негізінде адам құқықтарын ең қастерлі құндылықтар санатына жатқызады және оның іс жүзіне асырылуы 3 мәселені қамтиды. 1. адамгершілік идеяның құқықтың барлық саласына енуі; 2) мемлекеттің күш қолдануы ереже кек алу емес, керісінше, тек қана қажеттіліктен туындайды, келтірілген зиянды орнын толтыру, болашақта алдын алу үшін пайдаланады. Осы бағытта жасалған қадамдардың ең бастысы ретінде өлім жазасын қолдануға мораторий жариялау болып табылады. 3) құқық бұзушылық жасаған субъектілерге кінәлерінің ауырлығына байланысты қажетті жазаны тағайындау), әділеттілік, адам құқықтары мен міндеттерінің біртұтастығы, сендіру және мәжбүр етуді үйлестіру.

Құқықтық мемлекет - бұл адам мен азаматтың құқықтар мен бостандықтарының толық түрде қамтамасыз етілуіне және құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында мемлекеттік билікті құқықпен мейлінше байланыстыруға жағдай жасаушы саяси билік ұйымы.

Құқықтық мемлекеттің мәнін қарастыруда оның негізгі екі жағын (екі негізгі қағида) бөліп қарастыруға болады:

1) мазмұнды жағы - адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын мейлінше толық көлемде қамтамасыз етуден, тұлға үшін құқықтық ынталандыру режимін орнықтырудан көрінеді;

2) формальды-заңды жағы - мемлекеттік билікті құқықпен байланыстырудан, мемлекеттік құрылымдар үшін құқықтық шектеу режимін орнықтырудан көрінеді.

Сонымен қатар, құқықтық мемлекеттің қағидасына мыналар да жатады:

- билікті заңсыз пайдалануды болдырмау мақсатында оны заңшығарушылық, атқарушылық және сот тармақтарына бөлу;
- заңның үстемдігі, яғни, биліктің жоғары органымен барлық конституциялық тәртіптерді сактай отырып қабылданған заң атқарушылық билік актілерімен жоққа шығарылуы, өзгертілуі және

тоқтатылуы мүмкін емес;

- мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі;
- қоғамдағы құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейі;
- азаматтық қоғамның болуы және тарапынан құқық субъектілерінің заңдарды орындауына бақылау жүргізілуі.

«Азаматтық қоғам» түсінігін Аристотель, Цицерон, Гроций, Т.Гоббс, Дж.Локк, Гегель, Маркс және т.б. ойшылдар қалыптастырған. Барлық ғалымдар азаматтық қоғамдағы негізгі идея ретінде адам идеясын таниды. **Азаматтық қоғам** – жеке тұлғалар мен топтардың мүдделері қанағаттандырылатын адамгершілік, діни, ұлттық, әлеуметтік-экономикалық, отбасы институттары мен қатынастарының жиынтығы.

Азаматтық қоғамның құрылымына мыналар кіреді:

- 1) мемлекеттік емес, әлеуметтік-экономикалық қатынастар мен институттар (меншік, еңбек, кәсіпкерлік);
- 2) мемлекеттен тәуелсіз өндірушілердің жиынтығы (жеке фирмалар және т.б.);
- 3) қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер;
- 4) саяси партиялар мен қозғалыстар;
- 5) тәрбиелеу мен мемлекеттік емес білім беру саласы;
- 6) мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарының жүйесі;
- 7) отбасы;
- 8) шіркеу және т.б.

Азаматтық қоғамның белгілері:

- адам мен азаматтың құқықтар мен бостандықтарының мейлінше толық қамтамасыз етілуі;
- өзін-өзі басқару;
- оның құрылымдары мен адамдардың әртүрлі топтарының бәсекелестігі;
- еркін түрде қалыптасатын қоғамдық көзқарас пен плюрализм
- жалпы ақпараттану мен адамның ақпаратпен танысу құқығының шын мәнінде жүзеге асырылуы;
- экономиканың көпжақтылығы;
- биліктің заңды және демократиялық сипаты;
- құқықтық мемлекет;
- адамдардың жақсы өмір сүру жағдайын қамтамасыз ететін мемлекеттің күшті әлеуметтік саясаты және т.б.

Құқық негізінде үш жолмен пайда болған: *әдет-ғұрып нормалары, нормативтік-құқықтық кесімдер, сот прецеденті.*

Құқық функциялары: *жалпы әлеуметтік (мәдени-тарихи, тәрбиелік, әлеуметтік бақылау, информациялық бағыттық), жеке заңдық (реттейтін, қорғайтын, динамикалық, статикалық).*

Құқықтың қайнар көздері: негізгі және туынды болып бөлінеді.

Құқық нормасы - бұл мемлекет таныған және қамтамасыз ететін жалпыға міндетті, формальды анықталған жүріс-тұрыс ережесі. Құқық нормасынан қоғамдық қатынастар қатысушыларының құқықтары мен міндеттері туындайды және осы ереже аталған субъектілердің әрекеттерін реттеуге бағытталған.

Заң нормасы - құқықтың алғашқы буыны, оның жүйесінің элементі. Сол себепті, бұл нормаға ерекше әлеуметтік құбылыс ретіндегі құқықтың негізгі белгілерінің тән болуы заңды да. Алайда, бұл «құқық» және «құқық нормасы» түсініктерінің бірі екенін білдірмейді. Олар бір-бірімен бүтін мен оның бөлігі ретінде байланысқа түседі.

Құқық нормасының белгілері:

- 1) жалпыға міндеттілігі - ол адамдардың мүмкін және міндетті әрекеттеріне қатысты мемлекеттің биліктік ережелерін білдіреді;

- 2) формальды анықталғандығы - ол жазбаша түрде ресми құжаттарда көрініс табады;
- 3) мемлекетпен байланысы - оны мемлекеттік органдар орнықтырады және мемлекеттік әсер ету шараларымен қамтамасыз етіледі;
- 4) ұсынушылық-міндеттемелік сипат - ол бір субъектілерге құқықтар берсе, келесі субъектілерге міндеттемелер жүктейді, себебі, құқықты міндетсіз, ал міндетті құқықсыз жүзеге асыру мүмкін емес.

3. Құқық нормаларының түрлері. Заң нормаларының түрлері: 1) реттеуші және құқыққорғаушы; 2) құқық беруші, тыйым салушы және міндеттеуші; 3) императивтік және диспозитивтік.

Реттеуші норма - бұл субъектінің субъективтік құқықтары мен міндеттерін, олардың пайда болу және әрекет ету жағдайларын анықтайтын норма.

Құқыққорғаушы норма - бұл субъектіге мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолданудың жағдайларын, осы шаралардың сипаты мен мазмұнын анықтайтын норма.

Құқық беруші норма - бұл субъектіге белгілі бір әрекеттерді жүзеге асыруға байланысты құқықтарды беретін норма.

Тыйым салушы норма - бұл субъектіге белгілі бір әрекеттерді жасаудан бас тартуды міндеттейтін норма.

Міндеттеуші норма - бұл субъектіге белгілі бір мазмұндағы, әрекеттерді жасау ішдетін жүктейтін норма йді. Императивтік норма - бұл қатаң ережелер түрінде көрініс табатын және құқық субъектілерінің қалауларынан тәуелсіз түрде әрекеттететін норма.

Диспозитивтік норма - бұл өзіндік қалау бостандығын білдіретін норма.

4. Құқық нормаларының құрылымы. Құқықтық норманың құрылымы үш элементтен құралады: гипотеза, диспозиция және санкция.

Гипотеза - бұл құқықтар мен міндеттердің пайда болу жағдайын көрсету; диспозиция - бұл құқықтар мен міндеттердің өзін көрсету; санкция — бұл норманы бұзудан туындайтын қолайсыз салдарды көрсету.

Бұл үлгінің сөздік кестесі мынадай: «егер... , онда... , бұлай болмаған жағдайда...». Мысалы, займ шарты жазбаша нысанда жүзеге асырылуы тиіс. Логикалық түрде бұл норманы былай құруға болады: егер займ шарты бекітілетін болса, онда ол жазбаша түрде жасалуы тиіс, бұлай болмаған жағдайда, шарттың күші болмайды.

5. Құқық нормасы мен нормативтік акт бабының арақатынасы. Құқық нормасы мен нормативтік акт бабы бір ұғымдар емес, көп жағдайларда олар сәйкес келмеуі де мүмкін. Құқық нормасы - бұл гипотезадан, диспозициядан және санкциядан құралған жүріс-тұрыс ережесі, ал заңшығармашылық актісінің бабы-бұл құқық нормасының жүзеге асырылу құралы, мемлекеттің ерікбилдіру нысаны. Құқық нормасы нормативтік акті бабының мазмұны болып табылса, бап құқықтық норманың нысаны болыптабылады. Олардың арасындағы байланыс әртүрлі сипатқа ие. Жүріс-тұрыс ережесін бекіте отырып, заңнама құқық нормасының логикалық құрылымының үш элементін де нормативтік актінің бір бабына енгізуі мүмкін. Бір бапқа бірнеше құқық нормасын енгізуі мүмкін, кейбір жағдайда құқық нормасы элементтерін әр түрлі нормативтік актілердің бірнеше баптарында немесе бір нормативтік актінің бірнеше баптарында көрсетуі мүмкін.

Көрсету тәсілдері бойынша құқық нормасы мен нормативтік акт бабының арақатынасының үш түрі болады:

а) тікелей тәсіл - құқық нормасы нормативтік акт бабының өзінде тікелей көрсетіледі;

ә) сілтемелі тәсіл - нормативтік акт бабы норманы толығымен ашпастан, осы актінің басқа бабына сілтеме жасайды;

б) бланкеттік тәсіл - нормативтік акт бабы нақты бір бапқа емес, белгілі бір нормативтік акті түріне сілтеме жасайды

Құқықтық қатынастардың теориялық негіздері.

1. Құқықтық қатынастардың ұғымы.
2. Құқықтық қатынастардың пайда болу шарттары.
3. Заң маңызы бар фактілер, белгілері, топтастырылуы.
4. Құқықтық қатынастардың субъектілері.
5. Құқықтық қатынастар субъектілерінің субъективтік құқықтары мен міндеттері.
6. Құқықтық қатынастың объектілері.

Әдебиеттер:

1. **Е. Баянов. Мемлекет және құқық негіздері. – Алматы, 2002.**
2. **Табанов С.А. Салыстырмалы құқықтану негіздері. Алматы. 2003.**
3. **Өзбекұлы С., Қопабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық. Алматы, 2006.**

«Құқықтық қатынас» категориясы құқықтың жаппы теориясында негізгі, орталық категориялардың бірі болып табылады және адамдардың жүріс-тұрысына құқықтың қандай жолмен әсер ететінін түсінуге мүмкіндік береді. Құқықтық қатынас - бұл қатысушылары субъективтік құқықтар мен заңды міндеттерді иеленетін, құқық нормаларымен реттелген қоғамдық қатынас.

Құқықтық қатынастардың белгілері:

а) бұл әлеуметтік субъектілер арасындағы екіжақты нақты байланысты білдіретін қоғамдық қатынас;

ә) ол құқық нормаларының негізінде қалыптасады, яғни, құқық нормаларының жалпы талаптары субъектілер мен нақты жағдайларға қатысты жеке дараланады;

б) бұл тұлғалар арасында субъективтік құқықтар мен заңды міндеттер арқылы қалыптасатын байланыс;

в) бұл ерікті қатынас, себебі, оның пайда болуы үшін оның қатысушыларының еркі қажет;

г) бұл мемлекетпен қорғалатын және қамтамасыз етілетін қатынастар.

Құқықтық қатынастардың түрлері. Құқықтық қатынастарды түрлерге бөлу, құқық нормаларын түрлерге бөлудегі сияқты, әр түрлі негіздер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін:

1) салалық белгісі бойынша құқықтық қатынастар конституциялық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық, азаматтық-құқықтық және т.б. болып бөлінеді;

2) сипаты бойынша - материалдық (қаржылық, еңбек және т.б.) және іс жүргізушілік (қылмыстық іс жүргізушілік, азаматтық іс жүргізушілік және т.б.) құқықтық қатынастар;

3) құқықтың функциялары бойынша- реттеуші және қорғаушы құқықтық қатынастар; реттеуші құқықтық қатынастар құқық нормасы немесе шарт негізінде пайда болады, қорғаушы құқықтық қатынастар мемлекеттік мәжбүрлеумен және заңды жауапкершілікті жүзеге асырумен байланысты болады;

4) қатысушыларының құрамына қарай - жай және күрделі құқықтық қатынастар; жай құқықтық қатынастар екі субъектінің арасында туындайды (сату-сатып алу құқықтық қатынастары), ал күрделі құқықтық қатынастар бірнеше субъектілердің арасында туындайды (қылмыстық жазаны өтеу құқықтық қатынастары);

5) субъектілерінің анықталу дәрежесіне қарай - абсолюттік және қатысты құқықтық қатынастар; абсолюттік құқықтық қатынастарда тек бір жақ қана субъективтік құқықты иеленуші анықталады, ал қатысты құқықтық қатынастарда екі жақ та жеке дара анықталған болып келеді және бір-біріне қатысты құқықтар мен міндеттерді иеленуші болып табылады;

б) жалпы және нақты құқықтық қатынастар; жалпы құқықтық қатынастар заңнан тікелей туындайды, нақты құқықтық қатынастар заңды фактілердің әрекеттердің, нақты жүріс-тұрыс актілерінің нәтижесінде пайда болады.

Құқықтық қатынастардың пайда болуының алғышарттары. Алғышарттар - бұл құқықтық қатынастарды туындататын жағдайлар, факторлар. Құқықтық қатынастардың пайда болу алғышарттарының екі түрін бөліп қарастырады:

1. Материалдық (жалпы) алғышарттар; бұларға адамдардың құқықтық қатынастарға түсуіне әсер ететін өмірлік қажеттіктері мен мүдделері жатады. Кең мағынада - бұл белгілі бір қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің объективтік қажеттігін көрсететін әлеуметтік-экономикалық, мәдени және т.б. жағдайлардың жүйесі.

Заңды (арнайы) алғышарттар; бұларға құқық нормасы, құқықсубъектілік және шынайы өмір жағдайы ретіндегі заңды факт жатады. Аталған алғышарттарсыз құқықтық қатынастың туындауы мүмкін емес.

Құқықтық қатынастар – бұл құқық нормалары реттейтін қоғамдық қатынастар. Құқықтық қатынастардың пайда болуының алғы шарты әлеуметтік және құқықтық болып табылады. Әлеуметтік алғы шарт – қоғамда пайда болатын нақтылы қатынастар мен байланыстар және құқықтың тұжырымдалып бекітілуін объективті талап етілуі. Ал, құқықтық алғы шарт дегеніміз, бұл жағдайдың жиынтығы, онсыз құқықтық қатынастар пайда болмайды.

Құқықтық қатынастар – бұл белгілі бір құбылыстың әрбір құрылымдық элементтеріне мінездеме беруге көңіл аударуды талап етуші өте күрделі құқықтық ұғым. Ол өзіндік нақтылы 4 ішкі құрылымдардан тұрады: **құқықтық қатынастардың субъектілері, субъективтік құқықтардың, құқықтық міндеттерден, құқық қатынастардың объектілерінен.**

Құқықтық қатынастардың **субъектілері** дегеніміз – тиісті субъективтік құқықтар мен заңды міндеттерге иелі құқықтық қатынастарға қатысушылар. Осыған сәйкес қатынастардың екі негізгі субъектілер түрлері бар:

- 1). жеке тұлға – құқық қатынастарының жеке, дара қатысушылары, яғни адамдар. Жеке тұлға болып ҚР азаматтары, басқа мемлекеттердің азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар (апатридтер) ұғынылады. Құқық қатынастарының субъектілері белгілі бір заңдық қасиеттерге ие бола алады, ондайды **құқық қабілеттілік** пен **әрекет қабілеттілік** дейді. Құқық қабілеттілік – бұл мемлекет таныған құқық нормаларында көзделген құқыққа ие болып, міндет атқару қабілеті. Жеке адамның құқық қабілеттілігі ол туған кезден басталып қайтыс болған соң тоқтатылады.

Азаматтардың құқық қабілеттілігінің негізгі мазмұны мынада: оның ҚР шегінде де, одан тыс жерлерде де мүлікті, соның ішінде шетел валютасын меншіктеуге, мүлікті мұраға алып, мұраға қалдыру, республика аумағында еркін жүріп тұруға және тұрғылықты жерді таңдауға, республикадан тыс жерлерге еркін шығып кетуге және оның аумағына қайтып оралуға, заң құжаттарында тиым салынбаған кез келген қызметпен айналысуға, дербес немесе басқа азаматтармен және заңды тұлғалармен бірігіп заңды тұлға құру, өнертабыстарға, ғылым, әдебиет және өнер шығармаларына, интеллектуалдық қызметтің өзге де туындыларына интеллектуалдық меншік құқығы болуға, басқа да мүліктік және жеке құқықтары болады.

Жеке тұлғаның құқық қабілеттілігінен әрекет қабілеттілігінің өзгешелігі ол белгілі бір жасқа жеткенде ғана туындайды. Азаматтардың әрекет қабілеттілігі дегеніміз, олардың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін азаматтық құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін азаматтық міндеттер жасап, оларды орындау қабілеттілігі.

Құқық саласында жеке тұлғаның әрекет қабілеттілігінің басталу мәселесі әр түрлі шешілген. Сондықтан Қазақстан азаматтық заңдарында мынадай түрлері бөлінген: толық (18жастан), жартылай (14 жасқа дейінгі жасөспірімдер үшін мәмілелерді, егер заң құжаттарында өзгеше көзделмесе, олардың ата-аналары, асырап алушылары, қорғаншылары жасайды), 14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар мәмілелерді ата-анасының, асырап алушысының және қорғаншыларының келісімімен жасайды.

2). Ұжымдық субъектілер (заңды тұлға) – адамдардың әр түрлі бірлестігі. Оған жататындар: мемлекеттік емес ұйымдар (жекешеленген фирмалар, коммерциялық банкілер, қоғамдық бірлестіктер, шаруашылық серіктестік және т.б.); мемлекеттік мекеме, кәсіпорын және ұйымдар; мемлекет (халықаралық қатынастардың субъектісі ретінде). Заңды тұлға дегеніміз меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүлкілік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым.

Ұйымдар құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігіне мемлекеттік тіркеуден өткен кезден, немесе осы ұйымның Жарғысы мен Ережесі бекітілгеннен бастап ие болады. Айналысу үшін лицензия алу қажет болатын қызмет саласында заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі сондай лицензияны алған кезден бастап пайда болып, ол қайтарылып алынған, оның қолдану мерзімі өткен немесе заң құжаттарында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылған кезде тоқтатылады.

Ұжымдық субъектілердің мынадай жағдайларда құқықтық қатынастарға құқық субъектісі ретінде қатыса алады: 1. билік өкілеттілігін іс жүзіне асыруға, 2. қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік-саяси өміріне қатысуға, 3. шаруашылық және мүліктік қызметін жүзеге асыруға байланысты.

Адамдар мен ұйымдар құқық қатынастарына қатысу үшін заңда танылған және белгіленген ретте белгілі бір қасиетке ие болуы тиіс. Осындай қасиеттердің жиынтығы келіп адамның немесе ұйымның құқық субъектілігін құрайды. Құқық субъектілік дегеніміз, құқық субъектісі болу қабілеттілігі. Жеке адамның құқық субъектілігінің құрамына құқық қабілеттілігі, әрекет қабілеттілігі және деликтоқабілеттілігі (яғни құқықбұзушылық жасағаны үшін адамның құқықтық жауапкершілікті мойындау қабілеттілігі) кіреді.

Құқықтық қатынастардың объектілері - бұл құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттері бағытталған және осыған байланысты олар заңды байланысқа түсетін категория. Аталған категорияны түсінуде екі бағытты бөліп қарастырады:

- олардың біріншісіне сәйкес, құқықтық қатынастың объектісі болып тек субъектілердің әрекеттері табылады;
- екінші көзқарасты көптеген ғалымдар жақтайды, оған сәйкес, объектілердің түрлері ете көп, олар:
 - 1) материалдық игіліктер (заттар, құндылықтар, мүлік және т.б.);
 - 2) материалдық емес игіліктер (өмір, денсаулық, қадір-қасиет, абырой)
 - 3) рухани шығармашылық өнімдері (әдебиет, өнер, музыка, ғылым туындылары және т.б.);
 - 3) құқықтық қатынастар қатысушыларының әрекеттерінің нәтижелері (мысалы, тасымалдау шартының, мердігерлік шартының нәтижесінде туындайтын құқықтық қатынастар);
 - 4) бағалы қағаздар мен құжаттар (ақша, акциялар, диплом және т.б.).

Субъективтік құқықтар және заңды міндеттер. Егер қоғамдық қатынастар құқықтық қатынастардың материалдық мазмұны болып табылса, субъективтік құқықтар мен міндеттер субъективтік мазмұны болып табылады. Құқықтар мен міндеттер арқылы құқықтық қатынастар қатысушыларының арасындағы заңды байланыстар жүзеге асырылады.

Субъективтік құқық - бұл субъектінің өз мүдделерін қанататтандыруға мүмкіндік беретін заңды мүмкін жүріс-тұрыс шамасы.

Заңды міндет-бұл заңды қажет жүріс-тұрыс шамасы Міндет - бұл субъективтік құқықтың жүзеге асырылуының кепілі.

Субъективтік құқық пен заңды міндеттің арасындағы айырмашылықтар:

олар субъективтік құқық тұлғаның өз мүдделерін қанағаттандыруға бағытталса, заңды міндет бөтен мүдделерді (мысалы, мемлекегің, басқа тұлғалардың) қанағаттандыруға бағытталған;

егер субъективтік құқық заңды мүмкін жүріс-тұрыс шамасы болып табылса, заңды міндет қажетті жүріс-тұрыс шамасы болып табылады

Заңды фактілер - бұл белгілі бір құқықтық салдардың туын-дауына негіз болып табылатын нақты өмірлік жағдайлар. Заңды фактілер құқықтық қатынастардың пайда болуының алғышарт-тары болып табылады.

Заңды фактілерді әр түрлі негіздер бойынша түрлерге бөлуге болады:

1. Туындайтын салдардың сипаты бойынша:

- құқықтудырушы (мысалы, жоғары оқу орнына түсу);
- құқықөзгертуші (мысалы, күндізгі оқу бөлімінен сыртқы бөлімге ауысу);
- құқықтоқтатушы (мысалы, жоғары оқу орнын аяқтау).

2. Құқықтық қатынастар субъектілерінің еркімен байланысына қарай:

- оқиғалар - бұл субъектілердің еркіне тәуелсіз жағдайлар, мысалы, табиғат апаты, өлім және т.б

- әрекеттер - бұл құқықтық қатынастар субъектілерінің еркімен байланысты жағдайлар. Әрекеттер, өз кезегінде, құқыққа сай және құқыққа қайшы болып бөлінеді.

Көп жағдайда құқықтық қатынастардың пайда болуы үшін бір заңды факт жеткіліксіз болып, олардың жиынтығы-заңды құрам қажет болатын жағдайлар туындайды. Мысалы, кәрілігіне байланысты зейнетақы алу үшін зейнеткерлік жасына жету, белгілі бір еңбек өтілінің болуы, зейнетақыны тағайындау туралы шешімінің болуы тиіс. Заңды құрамдардың екі түрі болады: а) оның барлық элементтері көрсетіліп, заңмен нақты анықталған болуы мүмкін (мысалы, зейнетақыны тағайындау мәселесі); ә) ол жалпы белгілермен сипатталуы мүмкін (мысалы, некені бұзудың негіздері).

Құқық бұзушылық және заңды жауапкершілік.

1. Құқықбұзушылық ұғымы мен түрлері.
2. Құқыққа сай мінез-құлық.
3. Құқықбұзушылықтың құрамы.
4. Заңды жауапкершілік, заңды жауапкершіліктен босатудың мән-жайлары.

Бұрын айтылғандай, құқық субъектілерінің мінез-құлқы (тәртібі) құқыққа сай және құқыққа қарсы болып келеді. Құқыққа сай дегеніміз мінез-құлықтың құқық нормаларының талабына сәйкестігі. Олай дегеніміз, айталық, заңды міндеттер орындалады (мысалы, пәтер иесінің пәтер ақысын төлеу), субъективтік құқықтар пайдаланылады (мысалы азаматтардың мәжіліс депутаттарын сайлауға қатысуы), ал құқықтық тыйым салынуы сақталынады, бұзылмайды (мысалы, ұрлық жасалынбайды). Құқыққа сай мінез-құлық қоғамның мүддесін көздейтін қажеттілік болып табылады.

Құқыққа қарсы мінез-құлық дегеніміз құқық нормаларымен, оның талаптарына қайшы келетін іс-әрекет (әрекетсіздік). Құқыққа қарсы іс-әрекет жеке адамның немесе қоғамның мүддесіне зиян келтіреді. Міне осылардың барлығы құқықбұзушылық деп аталады. Сөйтіп, құқықбұзушылық дегеніміз қоғамға қауіпті, заң жауапкершілігін тудыратын, деликтоқабилеттілігі бар кінәлі адамның құқыққа қайшы іс-әрекеті (әрекетсіздігі).

Заң әдебиеттерінде құқықбұзушылықтың мынадай 4 белгілері туралы сөз етіледі:

- 1). құқыққа қарсылығы
- 2). кінәлілігі
- 3). Қоғамдық қауіптілігі
- 4). Жазаланатындығы.

Құқықбұзушылықтың ең көп тараған түрлері: қылмыс пен теріс қылық. Қылмыс – бұл қылмыстық заңдарда жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамдық қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік. Қылмыс ең маңызды қоғамдық қатынастарды қамтиды, аса көлемді зиян келтіреді. Теріс қылықтың қоғамдық қауіптілігі – қылмысқа қарағанда өте қауіпті еместігі. Барлық теріс қылықты мынадай түрлерге бөлуге болады: құқық салаларына қарай - әкімшілік, азаматтық, еңбектік т.б.

Қоғамдық қауіптіліктің дәрежесін анықтаудың белгілеріне жататындар:

1. құқықпен реттелетін құқықбұзушылықтың объектісі болып саналатын қоғамдық қатынастардың маңыздылығы.
2. келтірілген залалдың (зиянның) мөлшері.

Құқықбұзушылықтың заңдық құрамы - бұл мынадай 4 элементтердің жиынтығы: құқықбұзушылықтың объективтік жағы, құқықбұзушылықтың субъективтік жағы, құқықбұзушылықтың субъектісі, құқықбұзушылықтың объектісі. Осы элементтердің біреуі болмаса, онда құқықбұзушылықтың толық заңдық құрамы жоқ деп есептелінеді.

Құқықбұзушылықтың объективтік жағы – бұл іс-әрекет не әрекетсіздік көрінісінің сыртқы нысаны, яғни, белгілі бір құқықбұзушылықты сипаттайтын сыртқы белгілерінің жиынтығы (мысалы, салық төлеуші салық инспекциясына қажетті құжаттарды тапсырмаған). Құқықбұзушылықтың объективтік жағының элементі болып табылатындар:

- 1) негізгі элементтер - әрекет немесе әрекетсіздік; іс-әрекеттің құқыққа қарсылығы; қоғамға зиянды зардаптар; іс-әрекет пен зардаптардың арасындағы себепті байланыс;
- 2) факультативті элементтер – уақыт; орны; тәсілі; жағдай.

Құқықбұзушылықтың субъективтік жағы – жасалған құқықбұзушылыққа адамның психикалық күйін (кінәсін) сипаттайды. Дәлірек айтсақ, адамның өзінің іс-әрекетіне, оның зардаптарына және кінәсіне саналы көзқарасын сипаттайтын ішкі белгілерінің жиынтығы. Оның міндетті негізгі белгісі – **кінә**, ал факультативті белгісі – **мақсат және мотив**.

Кінәнің екі негізгі нысаны бар: **қасақана және абайсыздық (немқұрайлылық пен менмендікпен)**.

Құқықбұзушылықтың субъектісі болып тек деликтоқабілеттілігі бар тұлға ғана табылады. Деликтоқабілеттілік – бұл мемлекет белгілеген заң жауапкершілігін атқара алатын қабілеттілік. Сондықтан субъектілерге мынадай тиісті талаптар қойылады. Олар заңда нақтыланған жасқа жетуі тиіс. Жастан басқа да субъектілердің есі дұрыс болуы қажет, яғни ондай адамдар өз істеріне жауап бере алатын және құқықбұзушылық жасаған кезде өз іс-әрекеттерін басқара алатын болуы тиіс.

Құқықбұзушылықтың объектісі – құқықтың қорғалуында болатын қоғамдық қатынастар, оған жататындар: зиян келтірілген материалдық және материалдық емес игіліктер, мүдделер. Осы игіліктер мен мүдделер құқықбұзушылықтың тікелей объектісі болып табылады (адам өмірі, денсаулығы, қадір-қасиеті, мүлкі т.б.).

Құқықбұзушылық кінәлі адамның заң жауапкершілігін тудырады. Олар құқық нормаларының санкцияларында көзделінген. **Заң жауапкершілігі дегеніміз** – құқықбұзушылықты жасаған адамға заңда көзделген мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын белгілі іс жүргізу тәртібімен қолдану. Заң жауапкершілігінің басты мақсаты: құқықтық тәртіпті қорғау, азаматтары құқықты құрметтеуге тәрбиелеу, әлеуметтік әділетсіздікті қалпына келтіру, жаңадан құқықбұзушылықты болдыртпаудың алдын алу болып табылады. Ол белгілі бір принциптер негізінде іске асуы мүмкін. Оған:

1. заңдылық принципі – құқық субъектісінің жауапкершілігі тек олардың кінәлі іс-әрекет үшін қана қолданылады.
2. әділеттілік принципі - әділ жазаның тағайындалуы.
3. мақсатқа сәйкес – құқықбұзушылық жасаған әрі кінәлі деп танылған адамның жазадан толық не ішінара босатылуы немесе жауаптылығы мен жазасын жеңілдетуі мүмкін, егерде ол келтірілген мүліктік залал мен моральдық зиянның орнын өз еркімен толтырса, не зиянды жоюға бағытталған өзге де іс-әрекеттерді

жасаса, шын жүректен өкініп, айыбын мойындап келсе, сөйтіп, өзінің іс-әрекетімен түзелгендігін білдіртсе, онда оны жазалау орынды болмас еді.

4. ізгілік принципі
5. заң жауапкершіліктің болмай қоймайтындығы.
6. жылдамдылық принципі – құқықбұзушылық үшін қолданылатын жауапкершілік дер кезінде өз уақытында қолданылуы тиіс.

Қылмыс жасады деп танылған адамдарға негізгі жаза мынадай:

1. айыппұл салу;
2. белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
3. қоғамдық жұмыстарға тарту;
4. түзеу жұмыстары;
5. әскери қызмет бойынша шектеу;
6. бас бостандығын шектеу;
7. қамау;
8. тәртіптік әскери бөлімде ұстау;
9. бас бостандығынан айыру;
10. өлім жазасы қолданылуы мүмкін.

Бұдан басқа сотталғандарға мынадай қосымша жазалар:

1. арнаулы әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру;
2. мүлік тәркілеу қолданылуы мүмкін.

Қылмыстық жазаны тағайындауды жалғыз – сот атқарады, өйткені ол өзінің айыптау үкімінде қылмыстық жазаның мөлшерін анықтайды.

Әкімшілік жауапкершілік - әкімшілік теріс қылық жасағаны үшін қолданылатын шаралардың (айыппұл салу, арнаулы құқықтан айыру) басталады. Әкімшілік жауапкершіліктің ерекшелігі - мұнда лауазымды адам ғана шараларды қолдана алады.

Азаматтық жауапкершілік – шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін және азаматтық заңдарда сәйкес мүліктік зиян келтіргені үшін қолданылатын шаралардың бірі. Бұл жауапкершіліктің түрі құқықты қалпына келтіру санкциясын жиі қолдану негізінде мүліктік нұқсанды өтеуді көздейді. Мұнымен қоса кінәлі адамға міндеттемелік шарттарды орындамағаны үшін айып төлеу шарасын қолданылуы мүмкін.

Тәртіптік жауапкершілік – бұл еңбек шартын бұзғаны үшін, яғни қызметкердің кінәсінен оған жүктелген еңбек міндеттерінің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін жұмыс берушінің тәртіптік жазаларды қолданылуы. Ондайларға: ескерту, сөгіс, жеке еңбек шартын бұзу.

Материалдық жауапкершілік – жұмысшылардың, қызметшілердің өздерінің міндеттерін орындаған кезде мекемеге келтірілген зиянды өтеуі.

Заң жауапкершілігі ұғымының мазмұны толық болуы үшін одан босатылатын және жауапқа тартылуға тиіс емес мән-жайлар болды. Жауапқа тартылуды болдыртпайтын мән-жайлардың ішінде:

1. заңда көрсетілген жауаптылық басталатын жас шамасына толмағандар.
2. есі дұрыс еместік, яғни өзінің іс-әрекетінің іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғына алмаған немесе оған ие бола алмаған адамдар.
3. қажетті қорғану, яғни қорғанушының немесе өзге бір адамның жеке басын, тұрғын үйін, меншігін, жер учаскесін және басқа да құқықтарын, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан қол сұғушыға зиян келтіру жолымен қорғау кезінде, егер бұл орайда қажетті қорғану шегінен асып кетушілікке жол берілмеген болса.
4. аса қажеттілік – Қылмыстық кодексте қорғалатын мүдделерге аса қажет болған жағдайларда зиян келтіру, яғни белгілі бір адамның немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның немесе

мемлекеттің мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті жою үшін зиян келтіру, егер бұл қауіпті басқа адамдармен жою мүмкін болмаса және бұл орайда аса қажеттілік шегінен шығып кетушілікке жол берілмесе.

5. қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру, егер мұндай адамды өзге адамдармен ұстау мүмкін болмаса және бұл орайда қажетті шаралар шегінен шығуға жол берілмесе.
6. орынды тәуекел ету.
7. күштеу немесе психикалық мәжбүрлеу, яғни адам өзінің іс-әрекетіне ие бола алмаса, күштеп мәжбүрлеудің нәтижесінде заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру.
8. бұйрықты немесе өкімді орындау, яғни өзі үшін міндетті бұйрықты немесе үкімді орындау жөнінде іс-әрекет жасаған адамның заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтіру. Мұндай зиян келтірген заңсыз бұйрық немесе өкім берген адам жауаптылыққа тартылады.

Жауаптылықтан және жазадан босатудың негіздері болып мыналар табылады.

1. шын өкінуіне байланысты, яғни бірінші рет кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адам, егер ол қылмыс жасағаннан кейін айыбын мойындап өз еркімен келсе немесе қылмысты ашуға жәрдемдессе немесе қылмыс келтірілген зиянды өзгеше түрде қалпына келтірсе.
2. қажетті қорғау шегінен асқан кезде, сот істің мән-жайын ескере отырып, жауаптылықтан босатуы мүмкін.
3. жәбірленушімен татуласуына байланысты.
4. жағдайдың өзгеруіне байланысты, яғни істі сот қараған кезде ол жасаған әрекет қоғамға қауіпті емес деп танылса.
5. ескіру мерзімінің өтуіне байланысты, яғни қылмыс жасаған күннен бастап мынадай мерзімдер өтсе:
 - а). кішігірім қылмыс жасағаннан кейін екі жыл;
 - б). орташа ауырлықта қылмыс жасағаннан кейін бес жыл өтсе;
 - в). ауыр қылмыс жасағаннан кейін он жыл өтсе;
 - г). Аса ауыр қылмыс жасағаннан кейін он бес жыл.

Ескіру мерзімі қылмыс жасаған күннен бастап және сот үкімі заңды күшіне енген кеге дейін есептелінеді.

6. айыптау үкімінің ескіру мерзімі өтуіне байланысты, яғни қылмысы үшін сотталған адам, егер айыптау ікімі оның заңды күшіне енген күнінен бастап есептегенде, мынандай мерзімдерде орындалмаған болса, жазаны өтеуден босатылады:
 - а). кішігірім ауырлықтағы қылмысы үшін сотталғанда – үш жыл.
 - б). орташа ауырлықтағы қылмысы үшін – алты жыл.
 - в). ауыр қылмысы үшін – он жыл.
 - г). Аса ауыр қылмысы үшін – оны бес жыл.
7. рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде.
8. ол адам құқықбұзушылық жасағаннан кейінгі мүлтіксіз мінез-құлқына байланысты іс сотта қаралған уақытта ол қоғамға қауіпті деп есептеле алмайтындығы белгіленсе.

ҚР Конституциялық құқық негіздері.

1. Конституциялық құқық түсінігі – қазіргі конституциялық құқықты, өкімет, басқару, өзін-өзі басқару органдарының жүйесін оқытатын юридикалық жетекші пәндерінің бірі ретінде.
2. Конституциялық-құқықтық нормалар және олардың түрлері.
3. Мемлекеттің және қоғамның негізгі Заңы ретіндегі Қазақстан Республикасының Конституциясының түсінігі және мәні.

4. Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің жалпы қағидалары. Адам мен азаматтың құқықтары мен еркіндіктерінің экономикалық, саяси, юридикалық және әлеуметтік кепілдіктері.
5. Азаматтылықтың жалпы сұрақтары. Қазақстан Республикасының азаматтығының қағидалары: жалпы және арнайы. Азаматтықты алу және тоқтату. Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы.
6. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымының түсінігі. Қазақстан Республикасы – егеменді, демократиялық, құқықтық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет.
7. Басқарудың республикалық нысаны. Мемлекеттің басшысы және лауазымды тұлғасы ретіндегі Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық-құқықтық мәртебесі. Оның мемлекеттік билік жүйесіндегі орны және ролі.
8. Қазақстан Республикасының Парламентінің заң шығару функциясын жүзеге асыратын жоғары орган ретіндегі конституциялық-құқықтық мәртебесі.
9. Қазақстан Республикасының конституциялық Кеңесі конституциялық бақылау органы ретінде. Қазақстан Республикасының конституциялық Кеңесінің уәкілеттілігінің құқықтық негіздері.
10. Қазақстан Республикасының сот билігінің конституциялық-құқықтық негіздері. Қазақстан Республикасының сот билігі: билік бөлінісіндегі түсінігі, мәні, орны.
11. Жергілікті мемлекеттік басқару және мемлекеттік өзін-өзі басқарудың конституциялық-құқықтық негіздері.

Әдебиеттер

1. Ғ. Сапарғалиев. ҚР Конституциялық құқығы. - Алматы, 2004.
2. ҚР Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. (21 мамыр 2007ж. өзгертулер мен толықтырулар). – Алматы, 2007.
3. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасы Президенті туралы» 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңы күші бар Жарлығы.
4. ҚР-ның «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» 1995 жылғы 16 қазандағы Конституциялық Заңы.
5. ҚР-ның «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық Заңы.
6. ҚР-ның «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Конституциялық Заңы.

Конституция ұғымы ерте заманда Грецияда Аристотель қалыптастырған «Конституция» деген сөз «саяси құрылыс» ұғымын білдірген. «Конституция» сөзі латынның *constitutio* – бекіту, орнату деген сөзі. Рим империясы заңдарында императорлардың құқық көздеріне айналған түрлі нұсқаулары мен жарлықтарын білдірді.

Ең бірінші Конституция 1787 жылы қабылданды және ол осы күнге дейін қолданылып келе жатқан АҚШ-тың Конституциясы. Одан соң 1789 жылы Францияда, 1791 жылы Польшада қабылданды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы республикалық құрылыстың негізін, мемлекеттік билік жүйесін және Қазақстан мемлекеті мен азаматының қатынасын белгілейді. Адам және оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын Конституция мемлекеттің ең қымбат қазынасы деп танып, мемлекеттің сол үшін қызмет етуі тиістігін атап көрсетеді.

Конституциялық құқық – ҚР құқық жүйесі салаларының бірі. Ол өзінің ішкі тұтастығымен сипатталатын құқықтық нормалар жүйесін білдіреді және басқа құқық жүйесінің нормаларынан ерекшеленеді. Конституциялық құқық нормаларымен реттелетін

қоғамдық қатынастар мемлекет және қоғам құрылымының негізін құрайды және мемлекеттік биліктің жүзеге асуымен тікелей байланысты жүргізіледі.

Конституциялық құқық нормаларымен реттелетін қатынастар аясы мейлінше кең. Ол мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларын: саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және басқа салаларды қамтиды.

Конституциялық құқық, тұтас алғанда, құқықтық реттеу әдістері деп аталатын белгілі бір тәсілдер мен әдістердің көмегімен мемлекеттік және қоғамдық қатынастарды реттейді. Конституциялық құқықтық қатынастарды реттеу үшін төмендегідей: 1) міндеттеу әдісі; 2) тыйым салу әдісі; 3) рұқсат ету әдісі; 4) тану әдісі қолданылады.

Конституциялық құқықтық нормаларға құқықтық нормалардың барлық белгілері тән. Оларды мемлекеттік органдар қабылдайды. Олар қоғамдық қатынастарды ретке келтіретін құрал болып табылады. Олар басқа заң нормалары сияқты, екі: реттеушілік және қорғаушылық қызметті атқарады. Реттеуші нормаларға құқықтық қатынас мүшелеріне субъективтік құқық беру және оларға заңдық міндеттеме жүктеу жолымен тәртіптің белгілі бір нұсқасын белгілейтін конституциялық –құқықтық нормалар жатады. Құқық қорғаушы нормаларға субъектілер тәртібін, олар тәртіпті бұзған жағдайда, мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын белгілеу жолымен анықтайтын конституциялық-құқықтық нормалар жатады.

Конституциялық құқықтың нормаларын түсіну үшін конституциялық реттеуші нормаларды өкілеттік беруші, тыйым салушы, міндеттеуші нормаларға бөлудің айтарлықтай мәні бар.

Өкілеттік беруші конституциялық құқықтық нормалар субъективтік құқықты жағымды мазмұнда белгілейді. Басқаша айтқанда субъектіге (мемлекеттік органға, қоғамдық бірлестікке, азаматтарға) қандай да бір жағымды әрекет жасауға құқық береді. Құқық беруші нормаларға ҚР Президентінің, Парламентінің, Үкіметінің, Конституциялық Кеңесінің конституциялық өкілеттігін анықтайтын нормалар жатады.

Конституциялық заңдарда **тыйым салатын** нормалар да бар. Олар адамдардың белгілі бір қасиеттегі әрекеттеріне ұстанымдылық жауапкершілігін білдіреді. Айталық, Конституция діни негізде саяси партиялар құруға, заңсыз қарулы құрамалар ұйымдаструға тыйым салады. Тыйым салушы конституциялық нормалар мемлекеттің конституциялық негіздерін, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қорғауды көздейді (ҚР Конституциясының 5-бап, 3-тармағы).

Міндеттеуші конституциялық нормалар адамдардың, қоғамдық бірлестіктердің, мемлекеттік органдардың белгілі бір жағымды әрекеттер жасау жауапкершілігін белгілейді. Конституция Парламент Палаталары Төрағаларына бірқатар жауапкершілік жүктейді.

Конституция мемлекеттік және қоғамдық құрылысты, оның болашаққа бағытталған ұйымдастырылуы мен қызметі принциптерін белгілейді. Конституция барлық құқық салаларының қайнар көзі болып табылады. Сондықтан оған басқа нормативтік құқықтық актілерде кездеспейтін сипаттар тән, олар: Конституцияны Қазақстан халқы қабылдады. Қазақстан халқы Конституцияны қабылдайтын бірден-бір субъект деп танудан оның құрылтайшылық сипаты туындайды. Бір жағынан, мемлекеттің, екінші жағынан, қоғамның негізгі заңы ретінде қолданылуы Конституцияның маңызды ерекшелігі болып табылады.

Конституция қоғамдық қатынастардың базалық, түпкі негіздерін реттей отырып, қоғам өмірінің барлық салаларын қамтымайды.

Адам құқығы саласында ҚР Конституциясының толықтай халықаралық құқықтың жалпыға танылған нормаларынан бастау алады. ҚР Конституциясы адам мен азамат құқығының негіздеріне оларды нығайтатын және олардың құқықтық мәртебесінің жүзеге асырылуына ықпал ететіндей негіз боларлық принциптерді жинақтайды. Мұндай принциптердің қатарына мыналар жатады:

1. Адам құқы мен бостандығының айнымастығы.

2. Конституция құқықтар мен бостандықтарды теріс пайдалануға тиім салынады.
3. Конституциялық құқық пен бостандықтың заңсыз шектелуіне тиім салады.
4. Олардың тең құқылығы адам мен азаматтың қызмет өмірінің барлық салаларына орай орнықтырылады.
5. Құқықтың, бостандықтың және міндеттіліктің бірлігі, бөлінбестігі адам мен азаматтың құқықтық мәртебесінің басты принципі.

Конституцияның 12-ші бабына сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Республика азаматтарының құқықтары мен бостандықтары Қазақстан мемлекеті мойындайтын әрі кепілдік беретін өз азаматтарының белгілі мінез-құлқының заңдық мүмкіндіктерін білдіреді. Осының нәтижесінде өркениетті мемлекеттердегі адам мен азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтары толық көлемде Республика Конституциясында бекітілген. Конституция бойынша оларды **жеке, саяси, экономикалық, және әлеуметтік** топтарға бөлуге болады.

Жеке құқықтар мен бостандықтар.

Өмір сүру құқығы. өмір сүру құқығы - ол ешкімнің қандай жағдайда болсын айыруына болмайтын адамның басқа барлық құқығының ең негізгісі. 1948 жылғы “Адам мен азамат құқығының жалпыға бірдей Декларациясында” жеке адамның адаму құндылығын мен әр адамның өмір сүру құқығы жарияланған. Өмір сүру құқығы тек Конституциямен ғана емес, сондай-ақ салалық заңдармен қорғалады. Мысалы: Өмір сүру құқығы адам қайтыс болғанға дейін өз мәнін сақтайды. “Қазақстан Республикасында халықтың денсаулығын сақтау туралы” Заңның 52 бабы өмірді қолдаушы аппаратура тек өлім расталған жағдайда ғана қызметін тоқтатуы мүмкін екендігі айтылған. Ешкімнің, өз бетінше, адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы ерекше ауыр қылмыс жасағаны үшін, ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамға кешірім жасау туралы арыздану құқығы беріледі. **Әркімнің өзінің жеке басының құқығы бар және адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.** Адамның жеке басының бостандығы - өзінің болмысынан туындайтын оның бөлінбейтін және абсолютті құқығы. Мысалы, заңда көзделген реттерде ғана және тек соттың немесе прокурордың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға сотқа шағымдану құқығы беріледі. Прокурордың санкциясынсыз адамды 72 сағаттан аспайтын мерзімге ғана ұстауға болады. Осылармен қатар ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы. Адамның қадір-қасиеті мемлекетпен қорғалатын құндылықтарды құрайды, өйткені ол өзін және өзінің жеке тұлғалық жағдайын нақ құқықтық мемлекеттегідей сезінетін кез-келген жеке адамға тән. Қадір-қасиет - саналы түрде сезінген, айналып келгенде, оның жеке ішкі және сыртқы қасиеттеріне айналған “қанына сіңген” жеке тұлға ретінде сипаттайтын, адамның дамушы ізгі мінез-әрекеттерінің сырттай бейнеленген көрінісі ретінде түсініледі. Адамның қадір-қасиеті оның қоғамдағы орнына, атағына, тұрмыс қалпына, кәсіпқойлығына және басқа жағдайларға байланысты. **Әрбір адам сый-құрмет пен мойындауға және дербес ой мен әрекет құқығына лайық.** Заң әрекеттерін қолдану кезінде (мысалы: куәландыру, сұрыптау, тінту, сұраққа жауап алу, беттестіру, корреспонденция алу, ұстау, тұтқындау секілді басқа түрлі тергеу жұмыстарын жүргізу барысында) адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмауы жөніндегі міндет Конституцияда қатаң көрсетілген. Қинауға, күш қолдануға, басқа да қатал не адамның қадір-қасиетін қорлайтын қатынас пен жазаға тиым салынады. Заң адамның қадір-қасиетін, ар-ожданын қоғау мүмкіндіктерін белгілейді. Мысалы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 347-1 бабына сәйкес тергеушінің, анықтауды жүргізуші адамның немесе өзге лауазымды адамның мәліметтер алу немесе мойындату, не оны жасаған немесе жасады деп күдік келтірілген іс-әрекет үшін жазалау,

сондай-ақ оны немесе үшінші адамды кез келген сипаттағы кемсітуге негізделген кез келген себеп бойынша қорқыту немесе мәжбүр ету мақсатымен әдейі тән немесе психикалық зардап шектіруіне жол берілмейді. Егер сол әрекет жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтірсе немесе абайсызда адам өліміне апарып соқса, онда оны үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметтерді атқару құқығынан айыра отырып, бес жылдан он жылғы мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ұлттық және діни салалардағы құқықтар мен бостандықтар және олардың кепілдіктері: “Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы” деген конституциялық тұжырыммен айшықталған - көп ұлтты, саяси алуан пікірлі және көп конфессияланған қазақстандық қоғамдағы адам жағдайын бейнелейді. Ұлттық, партиялық немесе діни болмысты анықтау - ол адамның өзін-өзіне іштей ұқсастыруының нәтижесі. Мысалы, төлқұжат жеке басты куәландыратын және Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын басты құжат болып табылады. Төлқұжатта азаматтың ұлты оның иесінің еркі бойынша көрсетіледі. Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы. Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар.

Дегенмен, ұлттық белгіні жеке адамның заңи мәртебесінен алу ұлтаралық қатынас сияқты аса маңызды саладағы оның рөлін төмендету емес. Тіл мен діннің қызмет етуі, өз мәдениетін толыққанды пайдалану, ұлттық және рулық болмысындағы белгілері бойынша кемсітушілікпен күрес мәселелері мемлекетте қолданылатын заңдармен егжей-тегжейлі реттелген, ұлттық-мәдени орталықтары және Республика Президенті жанындағы Қазақстан халықтары Ассамблеясы, сондай-ақ әртүрлі қоғамдық бірлестіктерді қоса алғанда мемлекеттік органдардың тұрақты назарында.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл - **қазақ тілі**. Онымен қоса мемлекеттік ұйымдарда жергілікті басқару орындарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. Тілдердің өмір сүруінің құқықтық негіздері, оларды зерделеу мен дамыту, мемлекеттің өз ауқымында қолданылатын тілдердің бәріне бірдей құрмет сезімін қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдай жасау міндеттері “Қазақстан Республикасындағы тіл туралы” 1997 жылғы 11 шілдеде қабылданған Заңмен белгіленген және ынталандырады.

Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде тұратын әрбір адамның, заңда арнайы көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында **еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты елді мекенді өз қалауы бойынша таңдап алуға, республикадан тыс жерлерге кетуіне, республика азаматтарының кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар.**

Шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар, Қазақстан Республикасының азаматтары сияқты, республика аумағында еркін жүріп-тұруға және өздеріне тұрғылықты мекенді қалауынша тағдауға құқылы. Алайда, оларға белгілі бір тиісті шектеулер нормативтік кесімдермен белгіленген.

Қазақстанда тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдау еркіндігін шектеудің ұзақ жылдар бойғы бір нысаны - тіркеу институты болып келді яғни қайсы бір аумақта тұру үшін арнайы рұқсат алу қажеттігі.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 сәуірдегі қаулысымен бекітілген төлқұжат жүйесі жөніндегі ереже жаңа институтты - азаматтарды тіркеу

институтын енгізді. Азаматтар тұрғылықты тұратын жеріне және уақытша келген жеріне міндетті түрде тіркелуі тиіс. Тіркеуді ішкі істер органдары жүргізеді.

Біздің елдің азаматтарының келіп мекендеген және тұрғылықты жерін тіркеу, олардың тұрғын үйді немесе бөлмені иелену меншігін растайтын не тұрғын бөлмені пайдалануға, оның ішінде жалдану және жалгерлік шарт бойынша пайдалануға алғандығын куәландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер бойынша тұрғын бөлмеге кіру құқығын растайтын құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

Саяси бостандықтар мен құқықтар.

Мемлекет ісін басқаруға қатысу құқығы - Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекеттің өкілдік, атқарушы және сот органдарының құрылуы мен жұмыс істеуі жөніндегі әрекетін жүзеге асыру мүмкіндігі. Конституцияның 33 - бабы мұндай қатысудың төмендегідей түрлерін белгілейді: “Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей жүгіну, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен өзін-өзі басқару органдарына жеке және ұжымдық өтініштер жолдау; мемлекеттік органдар мен өзін-өзі басқару органдарын сайлау және оларға сайлану; референдумға қатысу; мемлекеттік қызметке кіру”.

Мемлекеттік қызметке кіру – бұл орайда республика азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына ғана байланысты болады, ал мемлекеттік қызметшілердің құқықтық жағдайларын Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы реттейді.

Жиналыстарға, бейбіт әрі қарусыз жиналуға, митингілерге, демонстрацияларға, шерулерге қатысуға және тосқауылдарға тұру құқығы - азаматтардың көңілін, талаптарын, мүдделерін, тілектерін білдіру түрі. Азаматтар Конституцияға сәйкес, бейбіт әрі қарусыз жоғарыда аталған тәсілдердің кез келгені бойынша бұқаралық жария шаралар өткізуге құқылы. Бұл құқықты пайдалану мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін заңмен шектелуі мүмкін.

Бірлесу бостандығы құқығы - азаматтардың өздерінің мүдделеріне сәйкес ортақ мақсатқа жету үшін ерікті көңіл білдірудің негізінде ерікті құрама құру мүмкіндігі. Бұл құқық жаңа бірлестік құру, сол сияқты тең құқықтық, өзін-өзі басқару және заңдылық принциптерімен қызмет етіп жатқан бірлестіктер құрамына кіру жолдарымен жүзеге асырылуы мүмкін. Мақсаты мен қызмет саласына қарай азаматтар бірлестігі сан алуан болып келеді. Бірлестіктердің негізгі түрлеріне саяси партиялар, бұқаралық қозғалыстар, кәсіптік одақтар, балалар, жастар, әйелдер, ардагерлер ұйымдары, ғылыми, техникалық, мәдени-ағарту, спорттық, өзге ерікті қоғамдар, шығармашылық одақтар, ұлттық мәдени орталықтар және т. б. жатады.

Экономикалық құқықтар мен бостандықтар - адамға өз мүмкіндігін материалдық өндіріс саласында жүзеге асыру үшін қажет екендігін айта кету керек. Мысалы, әркімнің **кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне**, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар. Монополистік қызмет заңмен реттеледі әрі шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады. Қазақстанда **жеке меншік** заңмен қорғалады. Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады. Соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды.

Әлеуметтік құқықтар мен бостандықтарға: денсаулық сақтау, білім алу, әлеуметтік қамсыздандыру, еңбек ету бостандығы және т. б. жатады.

Еңбек ету бостандығын - әркімнің өз қабілетіне қарай еңбек таңдау мүмкіндігі. Әрбір адамның қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауға құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар және т. б.

Қазақстанда азаматтарды **тұрғын үймен қамтамасыз ету** үшін жағдайлар жасалады. Қазақстан Республикасы азаматтарының **денсаулығын сақтауға, жасына келген, науқастанған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төмен жалақы және зейнетақының мөлшерінде, мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім** алуына кепілдік беріледі.

Қазақстан Республикасы азаматтарының негізгі міндеттері.

Азаматтардың негізгі міндеттеріне Қазақстан Республикасының Конституциясын және басқа заңдарды сақтау, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, салықтар мен алымдарды төлеу, т. б. жатады. Әр азамат Республиканың **мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті. Рәміздерге: Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба және Мемлекеттік Гимн жатады.** Әркім Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын мемлекеттік емес ұйымдардың және олардың лауазымды адамдарының бланктерінде және басқа реквизиттерінде пайдалануына заңмен тиым салынған. Мемлекеттік нышандарды қорлаушылық үшін қылмыстық жауаптылыққа дейінгі заңдық жауапталық белгіленген. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 317-бабында Мемлекеттік Туды, Мемлекеттік Елтаңбаны немесе Мемлекеттік Гимнді қорлағаны үшін, қылмыскер айыппен немесе бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Елді сыртқы қарулы күш көрсетуден қорғау бүкіл халықтың басты қызметінің бірі болып табылады. Сондықтан Қазақстан Республикасын қорғау әр азаматтың қасиетті борышы мен міндеті ретінде конституциялық тұрғыда бекітілген. Мемлекетті қорғау қызметі мән-мағынасы жағынан сол мемлекеттің міндеті. Бейбіт кезде елдің қорғаныс қабілетін нығайту, қарулы шабуылдың алдын алу және Қазақстан Республикасына қарсы жасалуы мүмкін шабуылды тойтару, сондай-ақ әскери ғылым мен техниканы дамыту үшін мемлекет қажетті шараларды жүзеге асырады. Әскери қызметтің тәртібі мен түрлері “Жалпыға бірдей әскери міндет және әскери қызмет туралы” 1993 жылғы 1 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі. Жалпыға бірдей әскери міндетке: азаматтарды әскери қызметке дайындау; шақыру учаскелеріне тіркеу; әскери қызметке тіркеу; әскери қызметті өтеу; запастағы әскери қызмет; запаста жүрген кезде оқу жиындарынан өту; соғыс кезінде азаматтардың бәріне бірдей әскери білім беру кіреді. Қазақстан Республикасының азаматтары жалпыға бірдей әскери міндеттілігіне қатысты мынадай санаттарға: **әскерге шақыруға дайындар** – шақыру пунктіне тіркелгенге дейін 15 жастан бастап әскери қызметке әзірліктен өткен бозбалалар; **әскерге шақырылатындар** - шақыру пунктіне тіркелген тіркелген адамдар; **әскерилер** - әскери қызметте жүрген адамдар; **әскери міндеттілер** - запастағы адамдар; **әскери міндеттілік жүктелмегендер** - әскери есепке алынбағандар немесе осы тізімнен алынғандар жатқызылады. Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи, мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға, табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті. Жоғарыда аталған

міндеттермен қатар, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада және заңмен шектелуі мүмкін. Бұл мәселе, мысалы, Республиканың бүкіл аумағында не бір бөлігінде төтенше жағдай енгізілген кезде көрініс табады. Себебі, төтенше жағдай уақытша шара болып және азаматтардың, заңды құқығы бар мекемелердің құқықтары мен бостандықтарын шектеуді белгілейтін айрықша құқықтық режим болып табылады.

1. Конституцияның 39-бабында саяси себептер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір түрде шектеуге жол берілмейтіндігі туралы тұжырым бар.

ҚР азаматтығына адамның мемлекет пен арасындағы өзара құқықтар мен бостандықтар жиынтығын білдіретін тұрақты саяси-құқықтық байланыс ұғынылады.

«Азаматтық» ұғымы заң бойынша 3 элементтен тұрады: 1. Адамның мемлекетпен байланысы тұрақты болуы тиіс. 2. Адамның мемлекетпен байланысы саяси-құқықтық сипатта болады. 3. Мемлекет пен азаматтың арасында өзара құқық пен міндеттемелер белгіленеді.

Қазақстан мемлекетінің демократиялылығы Конституцияның, тұтас алғанда халықтың, әлеуметтік, ұлттық ірі-4 мүдделерін, жекелеген адамдардың заңды мүдделерін қорғауға тілек білдірген, қабілетті өкілдерін өкілетті органдарға ұсынып, сайлауға мүмкіндік беретін демократиялық нормаларды белгілеумен көрінеді.

Қазақстан мемлекетінің демократиялылығы референдумды демократиялық жолмен өткізуден де көрінеді.

Ұлттық және халықтық егемендіктің орнығуы мемлекет демократиялығының көрінісі болып табылады.

Ұлттық егемендік ұлттың өз тағдырына өзі ие болуынан, мемлекеттік, экономикалық және рухани салаларда өзін-өзі тануынан көрінеді.

ҚР құқықтық мемлекетті орнықтыру жолына, құқыққа негізделген мемлекет құру жолына түсті. Мемлекеттің бірінші принципі заңның жоғары тұруы.

Заң талаптарын орындауға барлық мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың бірдей міндеттілігі. Заңды мүлтіксіз орындауы құқықтық мемлекеттің негізгі принциптері.

«Әлеуметтік мемлекет» ұғымы соғыстан кейінгі жылдардағы саяси ілімде адам құқығы жөнінде, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру жүйелерін құру жөнінде, тұрмысы төмендерді қолдау, жанжалмен, қылмыскерлікпен және тағы басқалармен күрес жөнінде қамқоршы болуды білдіретін әлеуметтік саясатты жүзеге асыруға қабілетті шартты түрде тұрақты және дамыған экономикасы бар қазіргі демократиялық үлгідегі мемлекетті білдіреді.

Қазақстан мемлекетінің зайырлық сипаты онда ресми, мемлекеттік діннің болмайтындығынан – көптеген діни уағыздың бір де бірінің міндетті немесе басым болып табылатындығынан көрінеді.

Президенттік институты президенттік және парламенттік басқару республикаларында құрылып, қызмет етуде. **Парламенттік басқару** жүйесінде ел басшысы қызметін Президент атқарады, ал нақты атқарушылық билік Парламент алдында есеп беретін Үкіметтің қолында болады. **Президенттік Республикада** Президент кең өкілеттікті және ерекше жағдайды иеленеді. Президенттік республика мынадай қырларымен сипатталады: Үкімет Президент алдында жауап береді, Үкімет мүшелерін Президент өз қалауымен қызметке тағайындайды және босатады, Президент заңдар бойынша ұсыныс енгізуге, Парламент қабылдаған заңдарға қол қоюға немесе оларға тиым салуға құқылы, Президент өз қалауымен заң күші бар жарлықтар шығаруға құқылы, Президент лауазымы бойынша Қарулы Күштердің Бас қолбасшысы болып табылады, Президент Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақыруға құқылы, Президент референдум өткізуге, төтенше жағдай енгізуге құқылы.

ҚР 1995 жылға Конституциясы мемлекеттік билік органдары жүйесінде бірінші органға президентті қойды. Сөйтіп, ҚР-да президенттік басқару жүйесі орнықтырылғаны туралы конституциялық қағиданы бекітті. Конституция Президенттің ерекше жағдайын тани келіп, Президенттің мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының келісімді түрде жұмыс істеуін және билік органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ететіндігі орнықтырды.

Парламент ҚР-ның Жоғарғы Кеңес деп аталған «бір буынды» өкілетті органының орнына келді. ҚР 1995 жылғы Конституциясы Парламентті заң шығару қызметін жүзеге асыратын жоғары өкілді орган ретінде сипаттайды. ҚР Парламенті жоғары өкілді орган ретінде де, өкілді демократия органы ретінде де өмірге келді. Халық тікелей ғана емес, Парламент арқылы да өзінің саяси еркін білдіреді.

Заң шығару қызметімен бірге Парламент, шектеулі көлемде болса да, атқарушы биліктің қызметінде бақылай алады. Парламент республиканың бюджетін және оның орындалуы жөнінде Үкімет пен Республикалық бюджеттің бақылау жөніндегі Есеп комитетінің есебін бекітеді, бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізеді. Парламент Үкіметтің бағдарламасын мақұлдайды немесе қабылдамай тастауы және Үкіметтің қызметіне сенімсіздік білдіруі мүмкін. ҚР Конституциясы бірінші рет Парламенттің екі Палаталық (Сенат және Мәжіліс) құрылымын бекітті.

Үкімет - Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды. Үкімет өзінің бұл қызметінде Республика Президентінің алдында жауап береді.

Біздің елдегі сот төрелігін Конституцияның 75 – бабына, ҚР – ның 2000 жылғы 25 – желтоқсандағы « ҚР –ның сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы » конституциялық заңына сәйкес тек сот қана жүзеге асырады. Сот жүйесін ҚР – ның Жоғарғы соты және жергілікті соттар құрайды.

Жергілікті соттарға облыстық және оларға теңестірілген соттар және аудандық, сол сияқты оларға теңестірілген соттар жатады.

Сот азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғайтын, ол бұзылған жағдайда оны қалпына келтіретін барынша ықпалды нысан болып табылады.

Соттар қайсыбіреулерінің еркіне қарамастан тек Конституция мен Республика заңдарына сәйкес, өздеріне Республика атынан берілген билікті жүзеге асырады, іс жүргізу нысандарында белгіленген сот ісін қарауға процесс мүшелерінің барлығының да белсенді қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді, істің ақиқатын ашады және ол бойынша заңды әрі негізделген шешім шығарады.

Соттарға мемлекеттік мәжбүрлеуді қолдану құқығы берілген. Сот азаматтық және шаруашылық істер жөніндегі шешімдер талапкер мен жауапкерді тиісті тәртіпке шақырады. Кінәліге қылмыстық жазаны тек сот тағайындай алады.

Істі сот орындарында қарау мен шешу Конституцияның 77 – бабында аталған төменгі принциптерге негізделеді.

- адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі;
- бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды;
- өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды;
- сотта әркім өз сөзін тыңдауға құқылы;
- жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші

болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тастаса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады;

- айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес;
- ешкім өзіне - өзі, жұбайына және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес;
- адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез – келген күдік айыпталушының пайдасына қарстырылады;
- заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес;
- қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

Конституциямен белгіленген сот төрелігінің аталған принциптері Республиканың барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай болып табылады.

ҚР – ның барлық соттарының судьяларының мәртебесі бірдей, ал бір – бірінен тек өкілеттерімен ғана ерекшеленеді. Оларға сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктер беріледі, ол өз міндеттерін тұрақты негізде орындайды және сот билігін жүргізуші болып табылады.

Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауап беретін жергілікті өкілетті (мәслихаттар) және атқарушы органдар (Президент пен Үкіметтің өкілдері болып табылатын әкімдер басқаратын) жүзеге асырады.

Тақырып Қазақстан республикасының әкімшілік құқығының негіздері.

1. Әкімшілік құқық пәні, әдістері және жүйесі.
2. Әкімшілік-құқықтық нормалар ұғымы және түрлері, оларды жүзеге асыру.
3. Әкімшілік құқықтың қағидалары.
4. Әкімшілік құқық субъектілері. Заңды тұлға түсінігі және негізгі ерекшеліктері.
5. Заңды тұлғалардың түрлері және нысандары. Мемлекеттік кәсіпорын.

Әдебиеттер

1. Е. Баянов. Әкімшілік құқық. Оқулық. – Алматы, 2007
2. А. Таранов. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. – Алматы, 2003

Атқару органдарының түсінігі және құқықтық мәртебесі. Атқару билік саласындағы Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттілігі. Қазақстан Республикасы Үкіметі. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет ұғымы және қағидалары. Мемлекеттік қызмет туралы құқықтану актілерінің жүйесі.

Әкімшілік құқық Қазақстан құқығы жүйесінің дербес бір саласы ретінде қоғамдық қатынастардың ерекше тобын реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы болып табылады. Әкімшілік құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастар, негізінен әлеуметтік басқарудың бір түрі болып табылатын мемлекеттік басқару аясында қалыптасады.

Әкімшілік құқық – құқықтық нормалардың жиынтығы, солардың көмегімен мемлекет атқарушы билікті нақты жүзеге асыруға байланысты және сол туралы пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейді. Соның ішінде:

1. Атқарушы биліктің міндеттерін, функциялары мен өкілеттіктері тікелей жүзеге асырылатын қатынастар.
2. Заң шығарушы және сот биліктері субъектілері, сондай-ақ прокуратура органдары қызметінің процесінде пайда болатын ішкі ұйымдастырушылық сипаты бар қатынастар.

3. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіне мемлекеттік-биліктік сипаты бар өкілеттіктер берілген болса, онда олардың атқарушы органдарының қатысуымен пайда болатын қатынастар.
4. Қолданылып жүрген заңнамаларда тікелей қаралған жағдайларда қоғамдық бірлестіктердің және өзге мемлекеттік емес құрылымдардың қатысуымен болатын қатынастар.

Әкімшілік құқықпен реттелетін басқарушылық қатынастарды, олардың арналымы мен реттеудің мақсаттарына байланысты екі топқа бөлуге болады.

Ішкі (ішкі ұйымдастырушылық немесе ішкі жүйелік) басқарушылық қатынастар тек атқарушы билік органдары қызметінің процесінде ғана емес, сонымен бірге заң шығарушы және сот биліктері субъектілерінің, сондай-ақ прокуратура органдарының өздерінің аппараттарына басшылық жасалған кезде пайда болады.

Сыртқы қатынастар атқарушы билік органдары жағынан басқаратын сыртқы объектілердің (азаматтардың, мемлекеттік және мемлекеттік емес кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың) мінез-құлқына тікелей басқарушылық ықпал етуге байланысты пайда болады.

Әкімшілік құқық ҚР құқық жүйесінің саласы ретінде құқықтық нормалардың үлкен көлемді жиынтығы, олардың мақсаты басқарушылық қоғамдық қатынастарды реттеу болып табылады. Бұл қатынастар әр түрлі және әкімшілік-құқықтық реттеудің әр түрлі көлемі болуына байланысты, оларды белгілі бір шамада жүйелеуге болады, соның нәтижесінде әкімшілік-құқықтық нормаларды бірыңғай кешендер бойынша топтастыру жүзеге асырылады.

Басқарушылық қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу мемлекеттік басқару аясындағы олардың қатысушыларының тиісті мінез-құлқының шекарасын айқындайтын әкімшілік-құқықтық нормалардың көмегімен жүзеге асырылады.

Әкімшілік-құқықтық нормалар, сонымен, мемлекет тағайындайтын мінез-құлықтың ережелері болып табылады, олардың мақсаты атқарушы билік механизмінің қызметі аясында (мемлекеттік басқару аясында) пайда болатын, өзгертілетін және тоқтатылатын қоғамдық қатынастарды реттеу.

Сондықтан, бұл құқықтық нормаларда тиісті мінез-құлықтың белгілі бір түрі не **міндеттеледі**, не нормалармен қаралған жағдайларды сақтағанда оған **ерік беріледі (рұқсат етіледі)**, немесе, ақыр соңында, белгілі бір іс-әрекеттерді жасауға **тиым салынады**.

Әлбетте, әкімшілік-құқықтық нормалар кез-келген құқықтық нормаға тән болатын қасиеттер көрініс табады. Соған сәйкес олар реттелетін қоғамдық қатынастардың қатысушыларының міндеттері мен құқықтарын, сондай-ақ құқықтарды бұзған және міндеттерді орындамаған жағдайда олардың жауапкершілігін белгілейді.

Әкімшілік-құқық нормалары тек азаматтардың мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдарының реттелетін басқарушылық қатынастар аясындағы құқықтары ғана емес, сонымен қатар атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) белгілі бір іс-әрекеттерді жасауға тиым салуды да, сондай-ақ олардың қатынастың екінші тарабының құқықтарын елемеген үшін жауапкершілігін де қамтитын, заңдық кепілдіктерін де бекітеді.

Әкімшілік-құқықтық нормалардың өздерінің реттеушілік бағыттылығына және заңдық мазмұнына байланысты бірнеше топқа бөлінеді. Құқықтық нормаларға тән, оларда қаралған заңдық биліктік нұсқамалардың мақсаттарына сәйкес екі түрге бөлінеді. Олар материалдық және процессуалдық нормалар. Материалдық әкімшілік-құқықтық нормалар реттелетін қоғамдық қатынастардың қатысушыларының міндеттерінің, құқықтарының кешенін, сондай-ақ жауапкершілігін, яғни шындығында олардың әкімшілік-құқықтық мәртебесін бекітеді.

Әкімшілік құқықтың процессуалдық нормалары басқарушылық қатынастардың оларға материалдық құқық нормаларымен бекітілген міндеттер мен құқықтарды іс жүзінде жүзеге асырудың тәртібін белгілейді.

Әкімшілік-құқықтық нормаларды топтастырудың келесі түрі оларды нақты заңдық мазмұны бойынша топтастыру: а) міндеттейтін, яғни, осы нормамен қаралған белгілі бір іс-әрекеттерді міндетті түрде жасауға заңдық биліктік нұсқама бар нормалар, б) тиым салатын, яғни осы нормамен қаралған белгілі бір іс-әрекеттерді жасауға тиым салатын заңдық биліктік нұсқама бар нормалар, в) уәкілеттік беретін, немесе ерік беретін, яғни нормаларда қаралған шарттар бойынша өз қалауы бойынша іс-әрекет жасау мүмкіндігі қаралған нұсқамалар, г) ынталандыратын (көтермелейтін), яғни бұл сияқты нормаларда басқарушылық қатынастардың қатысушыларына олардың тиістімінез-құлқын қамтамасыз ету мақсатында материалдық немесе моральдық ықпал жасаудың тиісті құралдары бекітіледі, д) ұсынылатын нормалар, олардың көмегімен реттелетін қоғамдық қатынастардың қатысушыларына тиісті міндеттерді шешудің неғұрлым тиімді түрі ұсынылады.

Әкімшілік-құқықтық нормалар кімдерге арналғандығы бойынша төмендегідей топтастырылады:

1. Азаматтардың әкімшілік-құқықтық мәртебесін.
2. Атқарушы билік органдарын ұйымдастыру мен қызметін.
3. Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық жағдайын.
4. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің қызмет атқаруының негіздерін.
5. Әр түрлі коммерциялық, оның ішінде жеке меншіктік құрылымдардың ұйымдастырылуы мен қызметінің кейбір жақтарын.
6. Қоғамдық бірлестіктердің әкімшілік құқықтық мәртебесін регламенттейтін нормаларды бөлуге болады.

Әкімшілік-құқықтық нормаларды жүзеге асыру оларды қаралған мінез-құлық ережелерін басқарушылық қоғамдық қатынастарды реттеу мақсатында нақты пайдалану болып табылады.

Әкімшілік құқықтың субъектілері жеке-дара және ұжымдық болулары мүмкін.

Қазақстанның азаматтары, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар жеке-дара субъектілер болып табылады. Олардың қатарына мемлекеттік қызметшілерді де жатқызуға болады. Ұжымдық субъектілерге әр түрлі мемлекеттік (атқарушы билік органдары, мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер мен олардың бірлестіктері, дербес құзырет берілген атқарушы билік органдарының құрылымдық бөлімшелері) және мемлекеттік емес (қоғамдық бірлестіктер, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің атқарушы органдары, коммерциялық құрылымдар) ұйымдар жатады. Бірақта мұндай субъект болу үшін ерекше заңдық қасиеті болуы қажет. Бұл қасиет – әкімшілік-құқық субъектілігі. Әкімшілік-құқық субъектілігі құқықтық маңызы бар екі элементтен тұрады: әкімшілік құқық қабілеттілік және әкімшілік әрекет қабілеттілік. Атқарушы органдардың әкімшілік құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі бір мезгілде, яғни құрған және құзыретін заңды түрде бекіткен кезден бастап пайда болады. ҚР өзін де, оның жергілікті әкімшілік-аумақтарын да әкімшілік құқықтың субъектілері ретінде қарауға болады. Олар нақты әкімшілік-құқықтық қатынастарға тікелей қатыспайды. Әкімшілік әрекет қабілеттілік олардың өкілі болып табылатын атқарушы билік органдарына тиісілі. Мысалы, қатынастардың субъектілері, республика немесе облыс емес, олардың әкімшілігі болып табылады.

Мемлекеттік басқару аясында өзінің мақсат-міндеті мен әкімшілік-құқықтық мәртебесі жөнінен әр түрлі болатын көптеген мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызмет атқарады.

Ұйым-деп өзінің органы басшылық ететін және меншігінде, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болатын әр түрлі саны бар (бірнеше адамнан бірнеше мыңдарға дейін) қызметкерлер ұжымы түсініледі.

Ұйымның басқару органы оның әкімшілігі болады.

Ұйымдар өзінің қызметінің мақсаты бойынша коммерциялық (мемлекеттік кәсіпорындар, шаруашылық серіктестік, өндірістік кооператив) және коммерциялық емес (мекеме, қоғамдық бірлестік, қоғамдық қор, діни бірлестік т.б.) болып табылады.

Қызметтің түрі бойынша түрлері: кәсіпорындар, мекемелер, азаматтық қоғамдық бірлестіктер т.б. ұйымдар ажыратылады.

Меншік түрлері бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес болып бөлінеді.

Кәсіпорын мынадай ұйымдық-құқықтық нысандарда құрылуы мүмкін: шаруашылықсеріктестік, акционерлік қоғам, мемлекеттік кәсіпорын, өндірістік кәсіпорын т.б. **Кәсіпорын** – бұл қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру және пайда табу мақсатында өнім өндіру, жұмыс атқару және қызмет көрсету үшін құрылған шаруашылықпен айналысатын субъект.

Мемлекеттік кәсіпорынның құрылтай құжаты оның жарғысы болып табылады, оны кәсіпорынның құрылтайшысы бекітеді. Мемлекеттік емес кәсіпорындар өз қызметін жарғының немесе құрылтай шарты мен жарғысының не тек құрылтай шарты негізінде жүзеге асырады. Кәсіпорын әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жатады.

Қазақстан Республикасының азаматтық құқығының негіздері.

1. Азаматтық құқық түсінігі. Азаматтық құқықты реттеу пәні, әдісі.
2. Азаматтық-құқықтық қатынастардың түсінігі және түрлері.
3. Азаматтар азаматтық құқықтың субъектісі ретінде. Азаматтардың құқық қабілеттілігі. Азаматтардың әрекет қабілеттілігінің түсінігі және түрлері.
4. Заңды тұлғалар азаматтық құқықтың субъектісі ретінде, олардың түрлері.
5. Мәмілелер және азаматтық құқықтық қатынастардың пайда болуының өзге де негіздері. Мәміле нысаны.
6. Азаматтық құқықтарды қорғау және жүзеге асыру. Азаматтық құқықтағы мерзімдер.
7. Меншік құқығының түсінігі. Меншік иесінің өкілеттіліктері. Меншік құқығының пайда болуының және тоқтатылуының негізгі тәсілдері. Қазақстан Республикасының заңдары бойынша меншік нысандары. Мемлекеттік меншіктің түрлік сипаттамасы. Жеке меншіктің түсінігі және түрлері.
8. Өзге де заттық құқықтың түсінігі және жалпы түрлік сипаттамасы. Ортақ меншіктің түсінігі және түрлері.
9. Азаматтардың мүлкіне мұрагерліктің жалпы ережелері, өсиет бойынша мұрагерлік. Мұрагерлік құқықтың негізгі ережелері.
10. Міндеттеменің түсінігі және түрлері. Міндеттемелік құқық жүйесі. Міндеттемелік қатынастардың тараптары және өзге де қатысушылары.
11. Шарт міндеттеменің пайда болу негізі ретінде. Шарттың түрлері, үлгілері.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі: Жалпы бөлім. 27 желтоқсан 1994 ж., Ерекше бөлім. 1999 ж. 1 шілде.
2. Төлеуғалиев Ғ. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. Оқулық. Алматы, 2001.

Азаматтық құқық ҚР құқық салаларының бірі болғандықтан күнделікті тыныс-тіршілікпен, сондай-ақ азаматтардың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің өзімен, оның әкімшілік-аумақтық бөліністерімен тығыз байланысты.

ҚР азаматтық құқығы тауар-ақша қатынастары және қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де мүліктік қатынастар, сондай-ақ мүліктік қатынастарға байланысты мүліктік емес жеке қатынастар кұрайды.

Азаматтық құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастар негізінен мүліктік қатынастар болып табылады. Материалдық игіліктер мен (мүлікпен, жұмыспен, қызмет көрсетумен, ақшамен, құнды қағаздармен т.б.) байланысы бар қоғамдық қатынастар мүліктік қатынастар деп аталады. Мұндай қатынастар иелену немесе мүліктің тиістілігіне қарай (заттық қатынас), мүліктің бір адамнан екіншісіне ауысуы, өтуі (міндеттемелік қатынас), меншік иесінің қайтыс болуына байланысты заттың тағдырын шешу (мұрагерлік қатынас) тәрізді қатынастар тұрғысынан көрінсе, онда олар

азаматтық заңмен реттеледі. Бір сөзбен айтқанда мүліктік қатынас дегеніміз мүліктерді сатып алу, иелену, басқа адамдарға беру мен пайдалану жөніндегі қатынас болып табылады.

Мүліктік қатынас адамдар арасындағы қатынас болғандықтан ол мүліктік емес қатынастармен біте қайнасып, ұштасып жатады.

ҚР азаматтық заңдары мүліктік емес қатынастардың екі түрін, атап айтқанда, мүліктік қатынасқа байланысты мүліктік емес жеке қатынастар (АК-тің 1-бабы, 1-тармағы) мен мүліктік қатынасқа байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастар (АК-тің 1-бабы, 2-тармағы) реттейді. Мүліктік емес жеке қатынастың бірінші тобына мүліктік қатынаспен байланысы бар мүліктік емес жеке қатынастар жатады (авторлық, өнертабыс т.б.). Мүліктік емес қатынастан келіп мәселен, шығарманың авторы үшін мүліктік қатынастың мүліктілігі пайда болады. Сондықтан мүліктік қатынасқа байланысты мүліктік емес жеке қатынастар азаматтық құқық нормаларымен реттеледі.

Мүлік қатынасына байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастардың екінші түріне мүліктік қатынасқа қарағанда өзге фактілерге орай және басқа субъектілер арасында да туындайды. Ол жеке адамдар мен ұйымдарға ғана тән әрі олардан ажырамайтын игілік болып табылады, сондай-ақ онда мүлік мазмұны болмайды, ақшамен де бағалауға болмайды.

Мүліктік емес жеке қатынастар ҚР Конституциясымен реттеледі. Конституцияның II бөлімі адам мен азаматтың ажырамайтын құқықтарына арналған.

Құқықтық қатынастарды сөз еткенде, оны талдағанда біз алдымен құрамдас элементтерін айқындап алуымыз қажет. Әрбір құқық қатынастарда қатынастың *субъектісі* деп аталатын қатысушылары болады. Азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері: жеке тұлға, заңды тұлға, әкімшілік-аумақтық бөліністер және мемлекет болып табылады.

Азаматтық кодекстің 12-бабына сәйкес жеке тұлға деп ҚР азаматтарын, басқа мемлекеттің азаматтарын және азаматтығы жоқ адамдарды айтамыз.

Құқық субъектілерін сипаттайтын негізгі құқық қасиеттері құқық қабілеттілігі болып табылады, яғни азаматтың заңмен бекітілген құқықтарға ие болып, белгілі бір міндеттерді атқара алу қабілеттілігі. Заңды тұлғалардың құқық қабілеттілігі олар мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін пайда болып, өздерінің қызметін тоқтатқанда жойылады.

Азаматтардың әрекет қабілеттілігі дегеніміз, азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін азаматтық міндеттер жасап, оларды орындау қабілеттілігі болып табылады. Азаматтың әрекет қабілеттілігі үшін оның өз еркімен мүлікті иеленіп оған билік ету немесе өзіне міндеттеме алуға тілек білдіру қажет. Сондықтан да азаматтың әрекет қабілеттілігі оның жасы мен психикалық жағдайына қатысты келеді.

Заңды тұлға құрмай-ақ мемлекеттік тіркеуге тұрған кезден бастап, азаматтар кәсіпкерлік қызметпен айналысуға және де осы кезден **жеке кәсіпкерліктің субъектілері** болып табылады. Түрлері: *өзіндік, бірлескен* кәсіпкерлік. *Өзіндік кәсіпкерлікті* бір азамат меншік құқығы бойынша өзіне тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті пайдалануға немесе оған билік етуге жол беретін езге де құқыққа, ал *бірлескен кәсіпкерлікті* жеке кәсіпкерлер ортақ меншік құқығы бойынша өздеріне тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті бірлесіп пайдалануға немесе оған билік етуге жол беретін өзге де құқықтарға байланысты жүзеге асырады.

Меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым **заңды тұлға** деп танылады. **Түрлері:** өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде табысын келтіруді (коммерциялық ұйым), не мұндай мақсат ретінде пайда келтіре алмайтын және алынған пайдасын қатысушыларына үлестірмейтін (коммерциялық емес) ұйым заңды тұлға бола алады.

Коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғалар **шаруашылық серіктестік, өндірістік кооператив, мемлекеттік кәсіпорын** нысандарында құрылуы мүмкін, ал **мекеме, қоғамдық бірлестік, тұтыну кооперативі, қоғамдық қор және діни бірлестіктер коммерциялық емес ұйымдар** болып табылады. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі ол құрылған кезде пайда болып, оны тарату аяқталған кезде тоқтатылады. Заңды тұлға органдарының түрлері, тағайындалу тәртібі және олардың өкілеттілігі заңдар мен құрылтай құжаттарында белгіленеді. Сонымен қатар, оны басқа заңды тұлғалардан айыруға мүмкіндік беретін өз атауы болады. Заңды тұлғалар әділет органдарында **мемлекеттік тіркеуден** өтуі тиіс. **Лицензия** дегеніміз

шаруашылық жүргізуші субъектінің белгілі бір қызмет түрімен айналысуға немесе белгілі бір іс-әрекет жасауға құзырлы мемлекеттік орган беретін рұқсат.

Мемлекеттік кәсіпорындарға шаруашылық жүргізу құқығына, оралымды басқару құқығына негізделген /қазыналық/ кәсіпорындар жатады. Мемлекеттік кәсіпорынның мүлкі бөлінбейді және оны салымдар бойынша, соның ішінде, кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды. Заңды тұлға құрмайтын **жеке адамдар** және де қызметкерлерінің орташа жылдық саны 50 адамнан аспайтын, ал активтерінің жалпы құны орта есеппен бір жыл ішінде 60000 еселеген есептік көрсеткіштен аспайтын, кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын заңды тұлғалар шағын кәсіпкерліктің субъектілері болып табылады. Кәсіпкерлік дегеніміз - меншік түрлеріне карамастан, азаматтар мен заңды тұлғалардың, тауарларға (жұмысқа қызметке) сұранымды канагаттандыру арқылы пайда немесе жеке табыс табуға бағытталған, жеке меншікке (жеке кәсіпкерлік) не мемлекеттік кәсіпорынды шаруашылық басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген ынталы қызметі. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

ҚР мен әкімшілік-аумақтық бөлініс заңды тұлға болып табылмағанмен азаматтық құқық қатынастарының қатысушылары ретінде көрінеді.

Мемлекеттің және оның әкімшілік-аумақтық бөліністерінің құқық қабілеттіктері өздерінің алдында тұрған міндеттермен тығыз байланысты. Оның құқық қабілеттілігінің әмбебап болуы да сондықтан дер едік, яғни ол жеке мүдде емес, қоғамдық мүддеге негізделетінін есте ұстаған жөн.

Азаматтық айналымда мемлекет атынан ҚР мемлекеттік басқару және билік органдары өзінің құзыреті шегінде әрекет ету құқығына ие болады.

Құқық қатынастарына қатысушылардың арасында белгілі бір байланыс орнайды, сол себепті бұлардың арасында қатынастарының мазмұнын құрайтын белгілі бір құқықтар мен міндеттер пайда болады. Сол қатынаста құқықтар мен міндеттер не нәрсеге (мүліктік және мүліктік емес игіліктер) бағытталған болса, сол нәрсе оның *объектісі* деп аталады.

Мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен құқықтар азаматтық құқық объектілері бола алады.

Мүліктік игіліктер мен құқықтарға (мүлікке): заттар, ақша, соның ішінде шетел валютасы, құнды қағаздар, жұмыс, қызмет, шығармашылық интеллектуалдық қызметтің объектіге айналған нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және бұйымды дараландырудың өзге де құралдары мүліктік құқықтар мен басқа да мүлік жатады.

Жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтарға: жеке адамның өмірі, денсаулығы, қадір-қасиеті, абырой, игі атақ, іскерлік бедел, жеке өмірге қол сұқпаушылық және құпия мен отбасы құпиясы, есім алу құқығы, автор болу құқығы, шығармаға қол сұқпаушылық құқығы және басқа материалдық емес игіліктер мен құқықтар жатады.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері *мәмілелер* деп танылады.

Мәмілелер біржақты және екі немесе көпжақты (шарттар) болуы мүмкін. Заңдарға немесе тараптардың келісімне сәйкес жасалуы үшін бір тараптың ерік білдіруі қажет және жеткілікті болатын мәміле біржақты мәміле деп есептеледі. Шарт жасасу үшін екі тараптың (екіжақты мәміле) не үш немесе одан да көп тараптың (көпжақты мәміле) келісілген ерік білдіру қажет.

Мәмілеге мынадай белгілер тән: тұлғаның ерік білдіруі, рұқсат етілген ерік білдіру, яғни құқыққа сәйкес әрекет, қандай да бір заңды құқық жасауға бағытталған, мәміле әрқашанда құқықтық салдар туғызады.

Мәміленің түрлері:

1. Біржақты және екі немесе көпжақты (шарттар);
2. ақылы және ақысыз;
3. нақты және консенсуалды;
4. казуалды және абстрактылы;
5. шартпен жасалған;
6. биржалық.

Бір жақты мәмілелердің анағұрлым жиі кездесетін түрі - өсиет қалдыру. Азаматтық айналым көбінесе өзара мәмілелерден тұрады. Шарт жасасу үшін екі тараптың не одан да көп тараптың келісілген ерік білдіруі қажет.

Тарап өз міндеттемелерін орындағаны үшін ақы алса немесе тараптар бір-біріне бір нәрсе беру керек болса, бұл ақылы мәміле болып табылады. Ал, тарап екінші тарапқа одан ақы алмай немесе еш нәрсені ұсынуды міндетіне алған мәміле ақысыз болып есептеледі.

Консенсуалды мәмілелер – келісімге келген сәттен бастап азаматтардың құқықтары мен міндеттері туындайтын мәмілелер. Нақтылы мәмілені жүзеге асыру үшін келісімнің бір өзі жеткіліксіз, оған қоса затты тапсыру қажет.

Әрбір мәміле жақтардың алға қойған мақсатына орай құқықтық негіз бен құқықтық мақсатты (causa) еншілейді. Бірінші жағдайда мәміленің жарамдылығы оның негізіне байланысты болса, екінші жағдайда оған байланысты болмайды (абстракциялық).

Азаматтық кодексте (156-бап) биржалық мәмілелер қаралған. Биржада айналысқа жіберілген тауарларға, бағалы қағаздар мен басқа мүлікке қатысты құқықтар мен міндеттемелерді өзара беру туралы келісімдер (биржалық мәмілелер) биржаға қатысушылар тауар, қор және басқа биржалар туралы заңдарда және биржа жарғыларында белгіленген тәртіп бойынша жасалады.

Мәміленің жарамдылығы заң талаптарына сәйкес айқындалады. Мәміленің жарамды болуы шарттарына жататындар: мазмұны заң талаптарына сәйкестігі, мәмілеге қатысатын және оны жүзеге асыратын адамның қабілеттілігі, еркі мен ерік білдірудің сәйкестігі, мәміленің нысанын сақтау. Мәміле шын мәнінде заңға қайшы келмеу тиіс.

Мәміленің нысаны: мәмілелер ауызша және жазбаша нысанда жасалады (жай немесе нотариалдық).

Өкілдік деп басқа адамның (өкілдік берушінің) атынан бір адамның (өкілдің) сенімхатқа, заңдарға, сот шешіміне не әкімшілік құжатқа негізделген өкілеттігі күшімен жасаған мәмілесін айтамыз.

Өкілеттік өкілдің (бөлшек сауда жүйесіндегі сатушы, кассир) әрекет жасаған жағдайынан да көрінуі мүмкін. Өкілдің субъектілерінің құрамы үш адамнан тұрады - өкілдік беруші, өкіл және үшінші жақтан тұрады. Өкілдік беруші өкілге іс-әрекеттерді жасауды тапсырып, тиісті сенімхат берген болса ғана немесе өкіл өзінің қызметтерін заң нұсқауы немесе заңды тұлғаның құжаттары бойынша істейтін болса ғана өкілдің іс-әрекеттері өкілдік беруші үшін құқықтар мен міндеттер тудыра алады. Азаматтық құқықтың кез келген субъектілері өкілдік беруші бола алады.

Өкілдік заңды және ерікті деп бөлінеді. Заңды өкілдік тікелей заңнан туындайды, әрі ол өкілдік берушінің еркіне қарамайды.

Шартқа негізделген өкілдік ерікті өкілдік деп аталады. Мұның өзі өкілдік берушінің еркіне байланысты болады. Өкілдік беруші өкілді тауып қана қоймай, оның өкілеттігін де айқындайды. Сонымен бірге өкілдік берушінің атынан әрекет жасарда өкілдің өзімен де келісім жасау талап етіледі.

Бір адамның (сенім берушінің) өз атынан өкілдік ету үшін екінші адамға (сенім білдірген) берген жазбаша уәкілдігі сенімхат деп танылады.

Заң жағынан қарағанда сенімхат беру – біржақты мәміле, яғни бұл өкілеттікті беру үшін бір тараптың өкілдік берушінің ерік білдіруі қажет және жеткілікті, сондықтан да өкілдің келісімі талап етілмейді. Заң сенімхаттың жазбаша түрін міндетті түрде сақтауды талап етеді.

Өкілдік беруші қайсыбір құқық өкілеттігін тапсырарда оның мерзімін шектеп, белгілі бір уақыт аралығын көрсетеді. Сондықтан сенімхат - әр кезде де мерзімді құжат.

Талаптың ескіруі – адам құқығының немесе заңмен қорғалатын мүдденің бұзылуынан туындайтын талаптың қанағаттандырылуы мүмкін болатын уақыт кезеңі. Талап қою мерзімі дегеніміз – бұл заңда белгіленген мерзім яғни бұл мерзім өткеннен кейін ақы талап ету құқығы жойылады, басқаша айтқанда, құқықты еріксіз жүзеге асыру мүмкіндігі жойылады.

Меншік құқығы дегеніміз субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану, оған билік ету құқығы.

Меншік құқығы мәміле жасалған кезде болған барлық жүктемелерімен басқа адамға беріледі. Меншік иесінің өз мүлкін иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы болады.

Міндеттемелік құқық. Міндеттемеге сәйкес бір адам (борышкер) басқа адамның (несие берушінің) пайдасына белгілі бір әрекет жасауға, атап айтқанда: мүлік беруге, жұмыс орындауға, ақша төлеуге және тағы осылар сияқты әрекеттер жасауға, не болмаса белгілі бір әрекеттер жасауға тартынуға міндеттенеді, ал несие берушінің борышқордан өз міндеттерін орындауын талап етуге хақысы бар. Тараптар (борышкер мен несие беруші) және үшінші жақ міндеттемеге қатысушылар болып табылады. **Шарт** зат алмасудың негізгі құқықтық нысаны болып табылады, яғни тауар бір меншік иесінен екіншісіне ауысып отырады. “Екі немесе бірнеше тұлғалардың

азаматтық құқықтар мен міндеттерді орнату, өзгерту және тоқтату туралы келісімі шарт болып танылады” деп айтылған. Сонымен, шарт - оның тараптарының арасындағы дербес еркінің актісі, бірнеше құжатпен бекітілген болса да, өзара келісімі болып табылады. **Шарттың атқаратын қызметі, мақсаты - құқықтар мен міндеттерді орнату, өзгерту немесе тоқтату.** Бір тараптың ғана ықтияры (іс-әрекеті) жеткілікті болатын мәмілелер (шарттар) бір жақты болып табылады. Бұл жағдайда басқа тараптың оған деген ықтияры болмайды. Мәселен, өсиетхат жазу, сенімхат, чек беру, мұрадан бас тарту және басқалары бір жақты шарт (мәміле) болып табылады. Бір жақты мәмілені (мысалы, өсиетхат) көбіне-көп бір ғана тұлға жасайды, дегенмен бір жақты мәмілелердің қайсыбірін, мәселен, ортақ сенімхат беруді, жұрт алдында награда беруге уағда етуді, меншік иелерінің (жалға берушінің) мүлік жалдау шартынан бас тартуын және тағы осындайларды бір тарап ретінде әрекет ететін екі немесе одан да көп тұлғалар бірлесе отырып жасауға хақылы. Бір немесе бірнеше нақтылы тұлғаларға жасалған шарт жасасу туралы ұсыныс, егер ол мүмкіндігінше айқын болса және ұсыныс жасаған тұлғаның ол қабылданған жағдайда **(акцепт)** өзін тәуелдімін деп есептейтін ниетін білдірсе, **оферта** деп танылады. Егер ұсыныста шарттың елеулі талаптары немесе оларды айқындау тәртібі көрсетілген болса, ол жеткілікті түрде айқындалған ұсыныс болып табылады. Шартта тараптардың **форс-мажордың** болуы салдарынан міндеттемелерден босатылу жайы алдын ала қарастырылуы қажет. Мұндай жағдайларға әдетте: өрт, су тасқыны, жер сілкіністері, індет, әскери қимылдар, блокадалар, көтерілістер, үкімет шаралары және т. б. жатады. Бірақ, бұл орайда болатыны алдын ала білуге болатын немесе белгілі төтенше жағдайларды форс-мажорға жатқызуға болмайтынын ескеру керек. **Азаматтық шарттардың негізгі түрлері:** 1. Мүлікті меншікке берудегі міндеттемелер: - сатып алу-сату шарты (бөлшектеп сатып алу-сату, тауар жеткізілімі, келісім-шарт жасау, энергиямен жабдықтау, кәсіпорынды сату); - айырбас шарты. 2. Мүлікті уақытша пайдалануға берудегі міндеттемелер: мүлікті жалдау /аренда/; лизинг; кәсіпорынды жалдау; үйлер мен ғимараттарды жалдау; көлік жалдау; прокат; тұрғын үйді жалдау шарты; мүлікті тегін пайдалану шарты. 3. Жұмыстар атқарудағы міндеттемелер: құрылыс мердігерлігі шарты; жобалау және іздестіру жұмыстарына мердігерлік шарты; ғылыми зерттеу, тәжірибе конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерлік шарты. 4. Қызмет көрсетудегі міндеттемелер: өтелмелі қызмет көрсету шарты; тасымалдау шарты; көлік экспедициясы; заем шарты; факторинг шарты; банктік қызмет көрсету шарттары; сақтау шарты; сақтандыру шарты және т.б. **Интеллектуальдық меншік құқығының объектілеріне** интеллектуальдық шығармашылық қызметтің нәтижелері, азаматтық айналымға қатысушылар, тауарлар, жұмыстар немесе қызмет көрсетулер, дараландыру құралдары жатады. Бұларға қоса ғылым, әдебиет, өнер туындылары, орындау, фонограмма, хабар таратуды ұйымдастыру, өнертабыс, пайдалы үлгілер, өндірістік үлгілер және ашылмаған ақпарат, оның ішінде өндіріс құпиялары (ноу-хау), фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және т. б. атауға болады. **Мұрагерлік құқық - қайтыс болған адамның мүлкінің мұрагеріне көшу тәртібін белгілейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.** Мұра азаматтың қайтыс болуы немесе оны қайтыс болды деп жариялау салдарынан ашылады. Мұра екі түрде қалдырылады: **заң және өсиет** бойынша. Мұра қалдырушы қайтыс болар алдында мүлкі жайлы ешкімге өсиет етпесе немесе өсиет еткеннен кейін де мүлік иесіз қалса, мұрагерлер заң бойынша мұраға ие болуға шақырылады. **Өсиет бойынша** мұрагерлік дегеніміз - заңда көрсетілген ретпен жасалған азаматтың өз дүние мүлкін кімге қалдыру жөніндегі тірі кезінде жасалған ерікті тапсырмасы. Өсиет жазбаша түрде жасалады. Оны нотариалдық кеңсе немесе жергілікті әкімшілік растайды. Өсиет бойынша мұрагерлер мыналар болуы мүмкін: 1) заңға сай мұрагерлер; 2) заң бойынша мұрагерлікке кірмейтін бөтен адамдар; 3) мемлекет пен жеке ұйымдар.

- | | | |
|--|----|--|
| Тақырып Қазақстан Республикасының жер құқығының негіздері | 1. | Жер құқығының түсінігі, пәні және жүйесі. |
| 2. | | Жер құқығының қайнар көздері. |
| 3. | | Жер құқық қатынастары. Жерге меншік құқығы, жер пайдалану құқығы және жерге өзге де заттық құқықтар. |
| 4. | | Жер санаттары. |
| 5. | | Жер ресурстарын бақылау. |
| 6. | | Жер дауларын шешу. Жер заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік. |

1. Қазақстан Республикасының Жер кодексі. 2003ж., 20 маусым.
2. Стамқұлов Ә.С., Стамқұлова Г.Ә. ҚР жер құқығы. Оқу құралы. Жалпы бөлім. Алматы, 2006 ж.

Жер – тұтастай алғандағы адамзат үшін қажетті және басты материалдық ресурс болып табылады. Аталған бұл термин көп қырлы болып табылады және бірнеше мағынада қолданылады:

1. Жер кең мағынада алғанда Жер шары ретінде түсініледі.
2. Жер адамның өмір сүретін ортасы және табиғи байлықтардан, жер бедерінен, ландшафттардан құралатын Жер шарының қабаты ретінде.
3. Жер жер құқығының реттеу пәні ретінде. Бұл тұста біз жер деген түсініктің астарынан табиғи ресурстарды, ауыл және орман шаруашылық өндірістерінің басты өндіріс құралы, құрылыстар, құрылымдар және басқа да объектілер салу үшін қажет болып табылатын кеңістіктің базис деген мағыналарды көре аламыз.

Құқық саласы ретінде жер құқығы дегеніміз – жерді пайдалану мен қорғаумен, жерді жеке меншікке және жер пайдалану құқығына берумен байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған құқық нормаларының жиынтығы.

Ғылым саласы ретінде жер құқығы дегеніміз – көптеген ғылыми теориялардың, тұжырымдардың, ой-пікірлерінің және әртүрлі ғылыми көзқарастардың жиынтығы болып табылады.

Оқу пәні ретінде жер құқығы - дәрістік және тәжірибелік сабақтардың жиынтығы, яғни, жер құқығы ғылымының негізгі ережелерінің белгіленген жүйе бойынша мазмұндалуы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 12-бап 14-тармағына сәйкес, жер дегеніміз – Қазақстан Республикасының егемендігі белгіленетін шектегі аумақтық кеңістік, табиғи ресурс, жалпыға ортақ өндіріс құралы және кез-келген еңбек процесінің аумақтық негізі. Осы анықтамаға сәйкес, жердің күнделікті өмірде атқаратын қызметі мен ролін анықтап алуға болады:

1. Жердің саяси-құқықтық қызметі. Яғни, мемлекетіміздің егемендігі белгіленген шекара шегіндегі, Қазақстан халқының тұрғылықты тұрақты мекені;
 2. Жердің экологиялық қызметі. Яғни, жер қоршаған ортаның құрамдас және ажырамас бөлігі, табиғи ресурс;
 3. Жердің экономикалық қызметі. Яғни, жер жылжымайтын мүлік ретінде танылып, азаматтық айналымның объектісі ретінде елдің байлығы байлығы.
- Жердің әлеуметтік қызметі. Жер адамдардың өмір сүру негізі және еңбек процесінің аумақтық негізі болып табылады.

Жер құқығының пәні. Жер құқық қатынастары: түсінігі, объектісі, субъектісі және түрлері

Жер құқық қатынастары дегеніміз – жерге меншік құқығын және өзге де құқықтарды жүзеге асыра отырып, жер ресурстарын басқаруға, жекелеген субъектілерге жер учаскелерін бекітіп беруге байланысты жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі қатынастар болып табылады.

Жер қоры Қазақстан аумағының барлық жерлерінің жиынтығы. Қазіргі жер қоры жеті санатқа бөлінеді:

1. ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлер;
2. елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жері;
3. өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауылшаруашылығы мақсатына арналмаған жерлер;
4. ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер;
5. орман қорының жері;
6. су қорының жері;
7. босалқы жері;

Жер учаскесі дегеніміз – белгіленген тәртіппен жер қатынастары субъектілеріне бекітіліп берілген тұйық шекара ішіндегі бөлінген жер бөлігі (Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 12-бап 13-тармағы).

Жер учаскесінің мынадай белгілері бар:

- Біріншіден, тұрақты белгілі бір аумақта орналасқан жердің бір бөлігі;
- Екіншіден, тұйықталған шекарасының болуы;

Үшіншіден, заңда белгіленген тәртіппен жер қатынастары субъектілеріне бекітіліп берілетіндігі;

Төртіншіден, жер учаскесіне құқықтарды растайтын арнайы құжаттарының болуы. Мысалы, жер учаскесіне жеке меншіктің мемлекеттік актісі т.б.

Жер құқық қатынастарының субъектілері дегеніміз – жер құқығы қатынастарына қатысушылар болып табылатын және соған орай құқықтары бар әрі осы құқық қатынасында міндеттер атқаратын жеке және заңды тұлғалар, мемлекет. Мысалы: мемлекеттік органдар, жердің меншік иелері, жер пайдаланушылар, қазақстандық тұлғалар, шетелдік тұлғалар, халықаралық ұйымдар және т.б.

Жер құқық қатынастарының мазмұны дегеніміз – жер құқық қатынастарына қатысушылардың заңдармен белгіленген немесе реттелген құқықтары мен міндеттері.

Жер құқығының әдістері дегеніміз – жер қатынастарын реттейтін, яғни, жер құқық қатынастары субъектілеріне әсер ету амалдары мен тәсілдерінің жиынтығы. Жер құқығының әдістері екі түрге бөлінеді: императивті және диспозитивті.

Жер құқығының императивті әдістері – билік пен бағыныштылыққа негізделген, міндетті қатысушысы мемлекет немесе мемлекет мүддесін білдіретін билік органдары болады. Императивті әдістер жер ресурстарын мемлекеттік басқару саласында, мемлекеттік басқару функциясын жүзеге асырудың тәртібін анықтауда, жер учаскесінің шекті мөлшерін анықтауда, жер учаскесін тек нысаналы мақсатта пайдалану шектеулерін белгілегенде, т.б. жағдайларда қолданылады.

Жер құқығының диспозитивті әдістері – жер құқық қатынастары қатысушыларының теңдігіне, шарт еркіндігіне негізделген. Бұл әдістер жерге жеке меншік құқығын жүзеге асыру саласында және жерде дербес шаруашылық жүргізуде қолданылады. Яғни, жер құқық қатынастары қатысушыларына жер учаскесіне қатысты өз бетінше шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Жер құқығының жүйесі дегеніміз - өзара тығыз байланысты жер құқық институттарының жиынтығы. Өзге құқық салалары сияқты жер құқығының жүйесі келесі бөлімдерден тұрады: жалпы бөлім, ерекше бөлім және арнайы бөлім.

Жалпы бөлімде жалпы ережелер, яғни жер құқығының түсінігі, пәні, әдістері, қағидалары, қайнар көздері қарастырылған. Сонымен бірге, жерге меншік құқығы, жер пайдалану құқығы, жер қатынастарын мемлекеттік реттеу және жер заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік мәселелері көрініс тапқан.

Жер құқығының ерекше бөлімінде жер қорының жекелеген санаттарының құқықтық режимі мен оларды қорғау жағдайлары қарастырылған. Атап айтсақ, ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлердің құқықтық режимі, елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жерінің құқықтық режимі, өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауылшаруашылығы мақсатына арналмаған жерлердің құқықтық режимі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлердің құқықтық режимі, орман қорының жері, су қорының жері, босалқы жерлердің құқықтық режимі.

Арнайы бөлім шетелдердің жер заңдарын зерттейді. Шетел мемлекеттерінің, Қазақстан жерін пайдалану мәселелерін, халықаралық шарттармен реттелетін жерді жалдау қатынастарын және жерді халықаралық қорғау және жер қатынастары саласындағы халықаралық ынтымақтастық мәселелерін зерттейді.

Жер құқығының қағидалары

Жер құқығының қағидалары дегеніміз – жер құқық қатынастарын реттеуде басшылыққа алынатын негізгі заңды түрде бекітілген бастамалар жиынтығы.

Жер кодексінің 4-бабында жер қатынастарын құқықтық реттеудің қағидалары аталған:

Қазақстан Республикасы аумағының тұтастығы, қол сұғылмаушылығы және бөлінбейтіндігі;

• Жерді табиғи ресурс, Қазақстан Республикасы халқының өмірі мен қызметінің негізі ретінде сақтау;

- Жерді қорғау және ұтымды пайдалану;
- Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- Жерді нысаналы пайдалану;
- Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлердің басымдығы;
- Жердің жай-күйі және оған қол жетімділік туралы ақпаратпен қамтамасыз ету;
- Жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі іс шараларды мемлекеттік қолдау;
- Жерге залал келуін болдырмау немесе оның зардаптарын жою;

- Жерді ақылы пайдалану.

1. Жер құқығының қайнар көздерінің түсінігі және белгілері

Жер құқығының қайнар көздері дегенміз – жер құқығы қатынастарын реттеуге бағытталған нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық келісім шарттардың жиынтығы болып табылады.

Белгілері:

- Жер қатынастары саласындағы мемлекеттің саясатын жүргізуді қамтамасыз етуге бағытталған;
- Жер қатынастарын реттеуге бағытталған;
- Бірнеше рет қолданылады;
- Жер құқық қатынастары субъектілерімен орындалуға міндетті болып табылады.

Жерге меншік құқығының түсінігі және түрлері

жерге меншік құқығы кез-келген өзге мүлікке меншік құқығы сияқты шексіз емес. Жерге меншік құқығы деген ұғымды екі түрлі, объективтік және субъективтік мағынада қарастыруға болады.

Объективтік мағынада: Бұл ұғым жерге меншік құқығын жүзеге асырумен туындайтын қатынастарды реттеуге бағытталған құқықтық нормалардың жиынтығы болып табылады. Бұл нормалар Қазақстан Республикасының көптеген заңнамаларында орын тапқан. Мәселен, Қазақстан Республикасының Жер кодексі, Азаматтық кодексі т.б.

Субъективтік мағынада: Бұл ұғым тұлғаның өзіне тиесілі жер учаскесін заңда көрсетілген тәртіп пен шарттарды иелену, пайдалану және билік ету құқығын білдіреді. Жерге меншік құқығының мазмұнын иелену, пайдалану және билік ету құқығы құрайды.

Жер учаскесін иелену құқығы дегеніміз – заңда қарастырылған шекте меншік иесінің іс жүзінде жер учаскесін иемдену құқығы. Мысалы: жер учаскесін қоршап алуы, жер учаскесіне меншік құқығын куәландыратын құжаттарды дайындауы т.б.

Жер учаскесін пайдалану құқығы дегеніміз – жер меншік иесінің өзінің шаруашылық және өзге қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жер учаскесінің пайдалы қасиеттерін алуды жүзеге асырудың заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі. Мысалы: жер учаскесіне дәнді-дақылдар егіп, өнімге меншік құқығын жүзеге асыруы, жер учаскесінде тұрғын үй құрылысын жүргізуі, мемлекеттік салық органдарының жер учаскесіне салық жинап алуы т.б.

Жер учаскесіне билік ету құқығы дегеніміз – меншік иесінің заңда рұқсат берілген шекте өзіне тиесілі жер учаскесінің заңды тағдырын шешу құқығы. Меншік иесі өзінің жер учаскесіне қатысты оның нысаналы мақсатын өзгертпей, Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынбаған кез келген мәмілелерді жасасуға құқылы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабына сәйкес, жер заңда көзделген шектер мен тәртіпте жеке меншікте болуы мүмкін. Жерге мемлекеттік меншік пен жеке меншіктің бірдей қорғалуы Жер кодексінде де бекітілген. Демек, жерге меншік құқығы екі түрлі нысанда болады. Олар: Жерге мемлекеттік меншік және жерге жеке меншік.

Жерге мемлекеттік меншік құқығы – мемлекеттің Қазақстан Республикасының аумағындағы өзіне тиесілі жер учаскелерін заңда көрсетілген талаптар мен шарттар негізінде иелену, пайдалану және билік ету құқығы болып танылады.

Мемлекеттік меншік құқығының объектілері болып жеке меншікке берілмеген жерлердің барлығы табылады. Мемлекеттік билік органдарына, мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерге берілген, қорғаныс қажеттеріне пайдаланылатын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар алып жатқан, сауықтыру және тарихи-мәдени мақсаттағы, орман және су қорларының, елді мекендер жеріндегі ортақ пайдаланудағы, босалқы жер, оның ішінде арнайы жер қорының жер учаскелері, кенттер мен ауылдық елді мекендердің маңындағы жайылымдық және шабындық алқаптар, сондай-ақ жеке меншікке берілмеген шалғайдағы жайылымдар мен басқа да жерлер мемлекеттік меншікте болады.

Жерге мемлекеттік меншік құқығының субъектісі – яғни меншік иелері. Республикалық меншіктегі жерлерге билікті Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады. Ал жергілікті меншіктегі жерлерге билікті жер учаскесі орналасқан жердегі жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады.

Жерге жеке меншік құқығы – жеке тұлғаның немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаның өзіне тиесілі жер учаскесін заңда көрсетілген шарттар мен шектерде иелену, пайдалану және билік ету құқығы болып танылады.

Қазақстанда жерге жеке меншік құқығы шектеулі нысанда жүзеге асырылады.

1. Қазақстанның азаматтарына алты жағдайда ғана беріледі. Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес, ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер келесі жағдайларда Қазақстан Республикасының азаматтарының жеке меншігінде болуы мүмкін:

- Шаруа \фермер\ қожалығын жүргізу үшін;
- Өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу үшін;
- Орман өсіру үшін;
- Жеке тұрғын үй құрылысы үшін;
- Саяжай құрылысы үшін;

Үйлерді \құрылыстар мен ғимараттарды\олардың мақсатына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса алғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлерді және олардың кешендерін салу үшін немесе олар салынған жер учаскелері;

2. Қазақстанның заңды тұлғаларына үш жағдайда беріледі.

- Ауыл шаруашылық тауарлы өндірісін жүргізу үшін берілуі мүмкін
- Орман өсіру үшін;
- Үйлерді \құрылыстар мен ғимараттарды\олардың мақсатына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса алғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлерді және олардың кешендерін салу үшін немесе олар салынған жер учаскелері.

3. Шетелдік тұлғаларға бір ғана жағдайда. Үйлерді \құрылыстар мен ғимараттарды\олардың мақсатына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса алғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлерді және олардың кешендерін салу үшін немесе олар салынған жер учаскелері.

Жерге жеке меншік құқығының объектілері болып Қазақстан Республикасының Жер кодексінде көзделген тәртіпке сәйкес елді мекендер, ауыл шаруашылық мақсатындағы, орман және су қорларының жерлері табылады.

Жер учаскелеріне жеке меншік құқығының субъектісі – азаматтар және мемлекеттік емес заңды тұлғалар. Бұл ретте, егер жер заңдарында өзгеше белгіленбесе, азаматтар деп Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар ұғынылады. Қазақстан Республикасының Жер кодексі заңды күшіне енгенге дейін шетел азаматтары, шетел заңды тұлғалары және азаматтығы жоқ адамдар жерге жеке меншік иесі болып табылмайтын. Қазіргі кезде жер заңнамасын саралау нәтижесінде аталған тұлғалардың жеке меншік құқығында үйлерді \құрылыстар мен ғимараттарды\ олардың мақсатына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса алғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлерді және олардың кешендерін салу үшін немесе олар салынған жер учаскелері бола алатыны анықталды.

Жер учаскесі деп – заңда белгіленген тәртіппен жер қатынастары субъектілеріне бекітіліп берілетін тұйық шекара ішіндегі бөлінген жер бөлігі.

Жер учаскесінің белгілері мынадай:

1. Тұрақты орналасқандығы;
2. Белгілі шекарада орналасқандығы;
3. Учаскеге құқығы бар екендігін растайтын құжаттың болуы. Жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттар дегеніміз – осылардың негізінде азаматтар мен заңды тұлғалардың жер учаскесіне тиісті құқықтары (жеке меншік құқығы, жер пайдалану құқығы, сервитуттар және жер учаскесіне өзге де заттық құқықтар) туындайтын құжаттар. Құқық белгілейтін құжаттарға атқарушы органдардың жер учаскесіне құқық беру туралы құқықтық актілері, сатып алу-сату шарттары (айырбастау, сыйға тарту немесе жер учаскесін иеліктен шығару туралы өзге мәмілелер) және сот органдарының жер учаскесіне жеке меншік құқығын, жер пайдалану құқығын және жерге өзге заттық құқықтарды тану туралы шешімдері жатады.

Жер пайдалану құқығы дегеніміз – тұлғаның мемлекеттік меншіктегі жер учаскесін өтеулі немесе өтеусіз негізде мерзімсіз немесе белгілі бір мезгіл ішінде иелену және пайдалану құқығы.

Жер пайдалану құқығының мынандай түрлері бар:

1. Тұрақты жер пайдалану құқығы;
2. Уақытша жер пайдалану құқығы;
3. Өтеулі жер пайдалану құқығы;
4. Өтеусіз жер пайдалану құқығы;
5. Иеліктен шығарылатын жер пайдалану құқығы;
6. Иеліктен шығарылмайтын жер пайдалану құқығы.

Тұрақты жер пайдалану деп жерді алдын ала мерзімін белгілемей отырып пайдалану болып табылады. Тұрақты пайдалануға тек мемлекеттік тұлғаларға ғана беріледі. Бұл Жер кодексінің 34-

бабында көрсетілген. Жер учаскелері тұрақты жер пайдалану құқығымен мынадай мемлекеттік жер пайдаланушыларға:

1) кондоминиум объектілеріндегі үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды), үй-жайларды шаруашылық жүргізу құқығымен немесе оралымды басқару құқығымен иеленетін заңды тұлғаларға;

2) ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірісін жүзеге асыратын заңды тұлғаларға;

3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерінде жер пайдалануды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға беріледі. Сонымен қатар, тұрақты жер пайдалану құқығы шетелдік жер пайдаланушыларға тиесілі болмайды.

Уақытша жер пайдалану құқығы алдын ала мерзімін белгілей отырып пайдалану. Уақытша жер пайдалану құқығы екі түрге бөлінеді:

1. Қысқа мерзімді, ол бес жылға дейін пайдалану;

2. Ұзақ мерзімді, ол бес жылдан қырық тоғыз жылға дейін.

Уақытша жер пайдалану құқығын табыстау мерзімдері жер учаскесіне берілетін құқықты, оның нысаналы мақсатын және аумақты аймақтарға бөлуді ескере отырып белгіленеді.

Өтеулі жер пайдалану құқығы дегеніміз – жер пайдалану құқығы мемлекеттен сатып алынатындығын білдіреді. Жер учаскесіне уақытша өтеулі (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығы азаматтарға, мемлекеттік емес заңды тұлғаларға, сондай-ақ халықаралық ұйымдарға табысталуы мүмкін. Жер кодексіне сәйкес, жер учаскесін жеке меншікке сатып алудың төрт түрлі жағдайы көрініс тапқан. Олар:

- Біріншіден, жерді жер учаскесінің кадастрлық бағалау құнына сәйкес сатып алу;
- Екіншіден, жер учаскесін кадастрлық бағалау құнына сәйкес, сатып алу сомасын төлеу мерзімін он жылға дейін ұзарту арқылы;
- Үшіншіден, жер учаскесінің кадастрлық құнына қарай айқындалатын жеңілдікті бағамен;
- Төртіншіден, жер учаскесінің кадастрлық құнына қарай айқындалатын жеңілдікті бағамен сатып алу сомасын төлеу мерзімін он жылға дейін созыру арқылы сатып ала алады.

Өтеусіз жер пайдалану құқығы, керісінше мемлекеттен сатып алынбайтынын білдіреді. Оларға мыналар жатады:

- шалғайдағы мал шаруашылығы, маусымдық жайылымдар үшін;
- тұрғын халықтың мал жаю мен шөп шабуы үшін ;
- мемлекеттік жер пайдаланушыларға;
- бақша өсіру үшін;
- қызметтік жер телімі;
- ортақ пайдаланатын жолдарды салу, мемлекеттік меншігі және әлеуметтік мәдени мақсаттағы объектілер құрылысы кезеңіне;
- тозған және бүлінген жерлерді қалпына келтіру кезінде;
- ҚР заңдарында белгіленген тәртіппен үйлерді және ғимараттарды уақытша өтеусіз пайдалануға берілген кезде,
- Ғибадат объектілері үшін діни объектілер;

Иеліктен шығарылатын жер пайдалану құқығы дегеніміз - оның иесі өзіне тиесілі жер учаскесін заңды тағдырын шешуге құқығы бар жағдайдағы пайдалану.

Иеліктен шығарылмайтын жер пайдалану құқығы дегеніміз - оның иесі өзіне тиесілі жер учаскесін заңды тағдырын шешуге құқығы болмайтын жағдайдағы пайдалану құқығы.

Жер пайдалану құқығының субъектілері және олардың түрлері.

Жер пайдалану құқығының субъектілері бірнеше топқа бөлінеді:

1. жеке және заңды тұлғалар.

2. ұлттық және шетелдік тұлғалар. Ұлттық жер пайдаланушыларға мыналар жатады: ҚР азаматтары, ҚР заңды тұлғалары, шетелдік қатысуы бар ҚР заңды тұлғалары; ал енді шетелдік жер пайдаланушыларға келесі тұлғалар жатады: Шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік заңды тұлғалар, шетел мемлекеттері, халықаралық ұйымдар мен бірлестіктер.

мемлекеттік және мемлекеттік емес тұлғалар. Мемлекеттік жер пайдаланушыларға: Мемлекеттік заңды тұлғалар жатады. Мемлекеттік емес тұлғаларға: Азаматтар, мемлекеттік емес заңды тұлғалар, кәсіпкерлер жатады.

3. тұрақты және уақытша жер пайдаланушылар

4. бастапқы және кейінгі жер пайдаланушылар Бастапқы жер пайдаланушыларға: Жерді тікелей мемлекеттен немесе басқа бастапқы жер пайдаланушыдан тәртібі арқылы алған тұлғалар

болып табылады. Кейінгі жер пайдалануда бастапқы жер пайдаланушы өзінің биліктік мәртебесін сақтап отырады. Ал кейінгі жер пайдаланушылардың құқықтары бастапқы жер пайдаланушылармен шектеліп отыруы мүмкін.

Жерге меншік немесе пайдалану құқығы:

- 1) меншік немесе жер пайдалану құқығын табыстау;
- 2) меншік немесе жер пайдалану құқығын беру;
- 3) меншік немесе жер пайдалану құқығының әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен ауысуы (мұраға қалдыру, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы) арқылы туындайды.

Меншік немесе жер пайдалану құқығын табыстау, беру және оның ауысуы жер учаскесінің нысаналы мақсаты ескеріле отырып жүзеге асырылуға тиіс.

Меншік немесе жер пайдалану құқығы:

- 1) мемлекеттік органдар актілерінің;
- 2) азаматтық-құқықтық мәмілелердің негізінде;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздерде туындайды.

Жерге меншік және басқа да құқықтар келесі негіздер арқылы пайда болу мүмкін:

1. Меншік немесе жер пайдалану құқығын табыстау. **Табыстау** дегеніміз – жерді тұлғаға тікелей мемлекет арқылы беруін білдіреді. Азаматтарға және заңды тұлғаларға жер пайдалану құқығын табыстау атқарушы органның жер учаскесіне құқық табыстау жөніндегі құзыретіне сәйкес оның шешімі негізінде жүргізіледі.

2. Меншік немесе жер пайдалану құқығын беру; **Беру** дегеніміз - тұлғаға жерге құқықтың басқа бір тұлғамен азаматтық құқықтық мәміле арқылы беруін білдіреді.

3. Әмбебап, мирасқорлық тәртібі арқылы ауысуы. **Әмбебап, мирасқорлық** дегеніміз - жерге құқықтың мұрагерлік арқылы пайда болуын білдіреді. Мысалы: мұраға қалдыру, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы, т.б.

Тақырып Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары және сот

1. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының жүйесі.
2. ҚР Конституциялық Кеңесі: оның мемлекеттік органдар жүйесіндегі орны, ролі, маңызы және функциясы.
3. ҚР Әділет министрлігі және оның органдары, жүйесі, құрылымы, орны, мақсаты, міндеттері.
4. ҚР Прокуратурасы: жүйесі, құрылымы, функциясы.
5. ҚР-ның Ішкі істер министрлігі, органдарының жүйесі, мақсаты және міндеті. ҚР ПМ органдарының қызметінің қағидалары.
6. ҚР қауіпсіздік комитеті: органдарының жүйесі, мақсаты және міндеті. Адвокатура және нотариат – түсінігі, түрлері. өзге де құқық қорғау органдары.
7. Сот органдарының қызметінің және ұйымдастырылуының құқықтық негіздері. Соттың мемлекеттік органдар жүйесіндегі орны, ролі және маңызы. ҚР сот жүйесі: 1) аудандық және оған теңестірілген соттар; 2) облыстық және оған теңестірілген соттар; 3) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты; 4) арнайы соттар. Сот органының құрылымы.

Әдебиеттер

1. «ҚР Прокуратурасы туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңы.
2. «ҚР сот жүйесі және сот мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы ҚР Конституциялық Заңы.
3. Ғ. Сапарғалиев. ҚР Конституциялық құқығы. - Алматы, 2004.
4. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі №267 Заңы.
5. ҚР Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. (21 мамыр 2007ж. өзгертулер мен толықтырулар). – Алматы, 2007.

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары дегеніміз бұзылған құқықты орнына келтіруге, заң бойынша міндеттің орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік

органның мәжбүрлеу қызметі. Осы шараларды қолдау үшін ерекше құқық қорғау органдары құрылады.

Құқық қорғау органдарының жұмысы тек заң шеңберінде ғана жүзеге асырылады және олар мемлекеттің заңдылық негіздерін орнықтыру мен құқық тәртібін нығайтуға жәрдемдеседі. Олардың қызметінің негізгі бағыттарына сот билігі, прокурорлық қадағалау, қылмыстық қудалау, әділет органдарының, адвокаттардың және т.б. қызметі жатады.

Құқықты қорғау үшін мемлекетімізде мынандай органдар құрылған.

ҚР Президентінің «ҚР Конституциялық Кеңесі туралы» конституциялық заң күші бар Жарлығы осы органның нені көздейтінін айқын да дәл белгілеген. Онда Конституциялық Кеңестің мемлекеттік орган ретінде Республика Конституциясының ҚР бүкіл аумағында үстемдік етуін қамтамасыз ететіндігі атылған. Осы ережеде ең алдымен Қазақстанда конституциялық құрылыстың белгіленгені, құқықтық мемлекет құрғысы келетіндігі, мемлекеттің Конституцияға бағынуға тиістігі көрініс тапқан. Бұл Конституциялық Кеңестің өз қызметінде:

- Олардың бұлжымастығын, яғни, нормативтік құқықтық актілерді қабылдау, ұйымдастыру акцияларын жүзеге асыру кезінде жоғары мемлекеттік органдардың конституциялық нормалары мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ететін конституциялық нормаларды;
- Мемлекеттің белгілі бір жағдайын анықтайтын, мысалы мемлекеттің біртұтас нысанын, саяси тұрақтылықты орнықтыратын, конституциялық қағидаларды;
- Конституциялық идеяларды, принциптерді, мысалы әлеуметтік мемлекет, қазақстандық патриотизм идеяларды басшылыққа алуы тиіс.

Конституциялық Кеңес, оның ішінде Төраға бар, жеті адамнан тұрады. Осыған қоса Президент өмір бойы Конституциялық Кеңестің мүшесі болып табылады. Конституциялық Кеңестің екі мүшесін – Президент, екі мүшесін – Сенаттың төрағасы; екі мүшесін – Мәжілістің төрағасы қызметке тағайындайды. Өкілеттігі – 6 жыл.

КК мүшелеріне мынадай талаптар қойылады:

Олар Қазақстан Республикасының азаматтары болуы тиіс;

Жасы отыздан төмен болмауы керек;

Қазақстан аумағында тұр. тиіс;

Жоғары заң білімі болуы тиіс;

Заң мамандығы бойынша кем дегенде 5 жыл жұмыс тәжірбиесі болуы керек.

ҚР сот билігі мемлекеттік билік тармақтарының бірі болып табылады және заңнаманы бұзуға байланысты қоғамда туындайтын қақтығыстарды Конституцияны, заңдарды басқа нормативтік кесімдерді негізге ала отырып, шешуді мақсат тұтады.

Судьялардың қызмет режимінің ерекшеліктері олардың тәуелсіздігі және тек конституция мен заңға ғана бағыныштылығы сияқты қағидалардан көрінеді.

ҚР Президенті 1995 жылғы 20 желтоқсанда «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заң күшіне ие Жарлық қабылданды. 2000 жылы 25 желтоқсанда «ҚР сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі» туралы Заң қабылданды.

ҚР сот жүйесі Конституцияға және аталмыш заңға сәйкес құрылған ҚР Жоғарғы Сотынан және жергілікті соттардан тұрады.

Аудандық және оларға теңестірілген соттар жергілікті соттарға жатады. Аудандық соттарға қалалық, ауданаралық, мамандандырылған сот – әскери гарнизон соты, экономикалық т.б. Аудандық сот төрағадан және судьялардан тұрады. Аудандық сот бірінші инстанция соты болып табылады және оған соттық бағыныштылыққа жатқызылған сот істері мен материалдарын қарастырады, сот статистикасын жүргізеді.

Облыстық соттар да жергілікті соттарға жатады. Облыстық соттарға республика астанасының қалалық соты, қалалық, республикалық мәндегі қаланың соттары, мамандандырылған соттар теңестіріледі. Облыстық және оған теңестірілген соттарды уәкілетті органның ұсынуы бойынша Республика Президенті түзеді, қайта ұйымдастырады, таратады. Облыстық соттың органдары: қадағалау алқасы, азаматтық істер алқасы, соттың пленарлық отырысы болып табылады. ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінде облыстық соттардың бағыныштылығы көзделеді. 397-бабында аудандық және оған теңестірілген соттардың үкімдеріне шағым немесе қарсылық беріле алады. Демек, облыстық сот апелляциялық инстанция болып табылады.

Заңнамаға сәйкес ҚР Жоғарғы Соты келесі функцияларды жүзеге асырады: 1. Бірінші инстанция сотының; 2. Апелляциялық инстанцияның функциялары.

Жоғарғы Сот сот практикасын зерделейді және оны жалпыландыру нәтижелері бойынша республика соттары әділ сот атқарған кезде заңдылықты сақтау мәселелерін қарастырады.

Жоғарғы Сот Төрағадан, алқа төрағаларынан және судьялардан тұрады.

Жоғарғы Соттың Төрағасы республика Президентіне: уәкілетті органның басшысының кандидатурасын ұсынады, заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді, судьяларды мемлекеттік белгілермен марапаттау және оларға құрметті атақтар беру туралы ұсыныстар енгізеді.

«ҚР сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық Заңда мамандандырылған соттар құру мүмкіндігі көзделген.

ҚР аумағында заңдардың дәлме-дәл және бірінғай орындалуын қадағалауды өз құзіреті ҚР Прокуратурасы жүзеге асырады.

Прокурорлық қадағалау дегеніміз Қазақстан Прокуратурасы мемлекеттік басқару және бақылау органдарының, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, әскери бөлімдердің, атқарушы органдарды және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің, лауазымды адамдардың, жеке азаматтардың заңды мүлтіксіз және біркелкі орындалуын жоғары дәрежеде қадағалау арқылы жүргізетін мемлекеттік қызметтің бір түрі.

Прокуратура. Прокуратура заңның дәлме – дәл және біркелкі орындалуын қадағалайтын орган. ҚР прокуратурасының құқықтық мәртебесі, қызметтік ұйымдастырылуы, қызмет тәртібі және прокурорлардың өкілетті Конституциясымен бірге, ҚР президентінің « Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы заң күші бар Жарлығымен, халықаралық шарттармен, прокуратура қызметінің жекелеген қырларын реттейтін әрі шектейтін заңдармен, сондай –ақ Бас Прокурордың бұйрықтармен реттелген.

Прокуратураның орталықтандырылған бірегей жүйесін ҚР – ның Бас Прокуроры басқарады, ал оған облыстық прокуратуралар, республикалық дәрежедегі қалалық және республика астанасының прокуратуралары, ауданаралық, аудандық, қалалық және мамандандырылған прокуратуралар кіреді. Республиканың Бас Прокурорын Республика Парламенті Сенатының келісімімен Президент тағайындайды.

Сонымен, прокуратура мемлекеттік билік тармақтарының бөлінісі және өзара қатынасындағы ерекше орган. Оның басты мақсаты – Республиканың аумағында заңдардың, Президент жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме – дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел – іздестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады.

Ішкі істер органдары. Ішкі істер органдарының құқықтық статусы ҚР Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы « Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы » заң күші бар Жарлығымен реттеледі.

Заң бойынша ішкі істер органдарының міндеттері мыналар:

- жеке адамның, азаматтың конституциялық құқықтарын қорғау;
- қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- қылмысқа қарсы күресу ;
- өз құзыреті шегінде қылмыстық жазалауды және әкімшілік шараларды қолдануды орындау ;
- жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оған жүргізушілер мен автотехника құралдарын пайдалануға мемлекеттік рұқсат беру, жол жүрісі саласындағы ережелердің сақталуын бақылауды жүзеге асыру және т.с.с

Қазақстанның ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесі – Ішкі істер министрлігінен, оған бағынышты облыстардағы, қалалардағы, транспорттағы, ішкі істер басқармаларынан, қалалық, аудандық, поселкелік ішкі істер органдарынан, ішкі істер әскерлері және басқа мекемелерден құралады.

Ұлттық қауіпсіздік органдары. Қауіпсіздік органдары жеке адамды, қоғам мен мемлекетті ішкі және сыртқы қауіп – қатерден заңға сәйкес қорғауды жүзеге асыратын арнаулы органдар.

Бұл органдардың қызметін ҚР Президентінің 1995 жылғы 12 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы » заң күші бар Жарлық реттейді.

Ұлттық қауіпсіздік органдары негізінен ҚР – ның Ұлттық қауіпсіздік комитетінен, оның жергілікті органдарынан және басқа да тиісті мекемелерінен құралады.

Әділет органдары. ҚР – ның әділет органдары, өз құзыреті шегінде, мемлекеттің қызметінің атқарылуын құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын мемлекеттік

органдардың , ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың жұмысында заңдылық режиміне қолдау жасайтын, азаматтары мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасз ететін атқарушы билік органдары болып табылады. Бұлардың қызметін ҚР – ның 2002 жылғы 18 наурыздағы «Әділет органдары туралы » заңы реттейді.

Заңға сәйкес әділет органдарының міндеттеріне:

- заң жобасын дайындау жұмысын жүргізу, заңдарды талдау, жетілдіру, жүйелеу, құқықтық кесімдердің жобаларына заң сараптамасын жүргізу;
 - заңды тұлғаларды, жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жаслатын мәмілелерді, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;
 - құқықтық көмекті және заң қызметін көрсетуді ұйымдастыру және құқықтық насихатты қамтамасыз ету;
 - сот сарптамасы қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру;
 - қылмыстық жазаларды атқару, қылмыстық жаза атқару органдары мен мекемелерінде құқықтық тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету және басқалар жатады.
- Әділет органдарының біртұтас жүйесі Әділет министрлігінен, аумақтық әділет органдарынан, қылмыстық атқару жүйесінің органдарын қамтитын әділет органдарынан және өзге бағынысты ұйымдардан құралады.

Қаржы полициясы. ҚР – ның қаржы полициясының органдары:

- заңмен белгіленген өкілеттері шегінде жедел іздестіру қызметін;
- алдын – ала тергеу және анықтау;
- әкімшілік іс жүргізу арқылы экономика мен қаржы қызметі саласында адам мен азаматтың құқықтарына, қоғам мен мемлекет мүдделеріне қылымыстық және құқыққа қайшы өзге де қол сұғушылықтың алдын алуға, оны анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеуге бағытталған құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдар болып табылады.

2002 жылғы 4 шілдедегі «Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы органдары туралы» Заңның 5 бабына сәйкес Қаржы полициясына өкілеттігі шегінде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің, қоғам ман мемлекеттің заңды құқықтарын қамтамасыз ету, салықтарды төлеуден жалтаруға байланысты қылмыстардың, экономика мен қаржы саласындағы өзге қылмыстар мен құқық бұзушылықтың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу , ашу және тергеу, экономика саласындағы жемқорлық пен қылмысқа қарсы күрес ісінде мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу, қаржы полициясы органдарының қарауына жатқызылатын мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру міндеттері жүктелген.

ҚР адвокатурасы.

Адвокатура адамның өз құқықтарын , бостандықтарын сотта қорғауға және біліктілікті заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және азаматтардың құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесуге арналған қызмет болып табылады.

Адвокаттардың құқықтық статусы ҚР 1997 жылғы желтоқсан айының 5 жұлдызындағы «Адвокаттық қызмет туралы» Заңымен реттеледі.

Жоғары Заң білімі бар, заңгер мамандығы бойынша жұмыс стажы 2 жылдан кем емес және адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған адам адвокат бола алады. Адвокат міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болуы тиіс.

Қазіргі кезде елімізде барлық облыстарда , қалаларда адвокаттар аалқасы және жеке меншік адвокаттық кеңселер халыққа қызмет етеді.

Адвокаттар төмендегідей қызмет көрсетеді:

- шешілуі кәсіби заң білімдерін қажет ететін мәселелер бойынша консультациялар, түсіндірмелер, кеңестер мен жазбаша қорытындылар береді;
- талап қою арыздарын, шағымдар құқықтық сипаттағы басқа құжаттарды жасайды;
- анықтау, алдын – ала тергеу органдарында, соттарда, мемлекеттік және өзге де органдарда, ұйымдарда және азаматтармен қарым –қатынастарда жеке және заңды тұлғалардың өкілдігі мен оларды қорғауды жүзеге асырады.

Адвокаттар заңдарда тиым салынбаған өзге де заң көмегін көрсетеді және т.б.

Нотариат. ҚР – ғы нотариат – құқықтар мен фактілерді куәландыруға, 1997 жылғы шілденің 14- де қабылданған « Нотариат туралы » заңында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған нотариалдық іс - әрекеттерді жасау арқылы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заң жүзінде бекітілген жүйе .

Тақырып Қазақстан Республикасының еңбек құқығы.

1. Еңбек құқығы пәні, әдісі, жүйесі және қайнар көздері.
2. Еңбек құқығы бойынша құқықтық қатынастар.
3. Еңбекке орналастыру және жұмыспен қамтудың құқықтық негіздері.
4. Еңбек құқық қатынастарының тараптары.
5. Жеке еңбек шарттары. Ұжымдық еңбек шарттары және келісімдер.
6. Жұмыс уақыты. Демалыс уақыты. Жалақы. Кепілдік пен компенсация. Еңбекті қорғау. Еңбек тәртібі.
7. Материалдық жауапкершілік. Еңбек даулары.

Әдебиеттер

1. Айымханова Н. Қазақстан Республикасының еңбек құқығы. Оқу құралы. Алматы, 2002.
2. «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі». Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамыр

Еңбек дегеніміз адамдардың өмірі үшін қажетті материалдық, рухани және басқада құндылықтар жасауға бағытталған адам қызметі. Еңбектің барысында адамдар арасында еңбек қатынастары қалыптасады. Еңбек қатынастары дегеніміз тараптардың әдетте жеке еңбек және ұжымдық шарттар негізінде белгілі бір еңбек қызметін жүзеге асыруы жөнінде туындайтын жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы қатынастар.

Еңбек құқығы еңбек нарқы үрдісінің әрекеті, жалдамалы еңбекті ұйымдастыру мен пайдалану барысында қалыптасатын қызметкерлердің еңбек қатынасын және онымен тығыз байланысты қатынастарды реттейтін құқықтың бір саласы. Еңбек құқығының негізгі мақсаты – жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы қатынастарды құқық арқылы реттеу және заңсыздыққа жол бермеу.

Еңбек құқығының қайнар көздері дегеніміз заңнамалармен белгіленген, арнайы құзыретті органның нормативті актілері.

Мемлекет халықты жұмыспен қамту саласында азаматтарға:

1. Кемсітушіліктің кез келген
2. Кәсіп даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыруға және жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстар ұйымдастыруға;
3. Шағын бизнес пен кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге;
4. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган және жұмыспен қамтудың ерекше агенттігі арқылы еңбек делдалдығын ұйымдастыруға;
5. Кәсіптік-бағдарлау қызметтерін көрсетуге, бос орындар мен бос жұмыс орындары туралы ақпараттар беруге кепілдіктер береді.

Еңбек құқығы - еңбек қатынастарын реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы. Бұл қатынастар тараптардың әдетте жеке және ұжымдық шарттар негізінде белгілі бір еңбек қызметін жүзеге асыруы жөнінде туындайтын жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы қатынастар және ҚР Конституциясына негізделген еңбек туралы заңдарымен реттеледі. Ең негізгісі 2007 жылдың 10 маусымында қабылданған “Қазақстан Республикасының еңбек кодексі” болып табылады. Еңбек туралы нормативтік-құқықтық кесімдердің сақталуын бақылауды Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен Ережеге сәйкес еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігі, мемлекеттік еңбек инспекторлары жүзеге асырады. **Аталған құқықтық - нормативтік кесімнің төмендегідей қолдану ерекшеліктері бар:**

- ҚР аумағындағы еңбек қатынастарын реттеумен қатар, осы заң елімізде жұмыс істейтін шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға да қолданылады;
- әркімге өз еңбек құқықтарын іске асыруына тең мүмкіндіктер беріледі;
- жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, мүлік пен қызмет жағдайына, тұрғылықты жеріне, діни көзқарасына, сеніміне, азаматтығына, қоғамдық бірлестіктерде тұруына, сондай-ақ қызметкердің іскерлік қабілеті мен оның еңбегінің нәтижесіне байланысты болмайтын басқа да мән-жайларға қарамастан, ешкімнің де еңбек құқықтары шектелуге немесе оларды іске асыруға, қандай да бір артықшылықтар алуға тиісті емес;

- мәжбүрлі еңбекке тиым салынады, еңбектің осы түріне тек сот үкімі бойынша, не төтенше немесе соғыс жағдайлары жарияланған кездерде ғана жол беріледі.

Еңбек шарттарының құқықтық реттелуі

Қызметкерлер мен жұмыс берушілердің әлеуметтік-экономикалық мүдделерін реттеу үшін шарттық негіздер қолданылады. Негізгілері: келісімдер мен еңбек шарттары. Келісімдерге Республикалық Бас келісімді атауға болады немесе әлеуметтік серіктестік-үштік: Үкімет, Кәсіподақтар және Жұмыс берушілер арасындағы келісім жатады.

Еңбек қатынастары негізінен жеке еңбек шарттарымен және ұжымдық шарттармен реттеледі. **Жеке еңбек шарты** - жұмыс беруші мен қызметкердің арасында жазбаша жасалған екі жақты келісім. Шарт бойынша қызметкер жұмыс берушінің актісін атқара отырып, белгілі бір мамандық, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысты орындауға, ал жұмыс беруші қызметкерге жалақысын және заңдар мен тараптардың келісімінде көзделген өзге де ақшалай төлемдерді уақытында және толық төлеуге, еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндеттенеді. **Жеке еңбек шарты:** белгісіз мерзімге; белгілі бір мерзімге; белгілі бір жұмысты орындау уақытына немесе уақытша болмаған қызметкерді ауыстыру уақытына жасалуы мүмкін. Егер шартта оның қолданылу мерзімі көрсетілмесе, шарт белгісіз мерзімге жасалған деп есептеледі.

Жеке еңбек шарты жазбаша түрде кемінде екі дана етіп жасалып, оған тараптар қол қояды, ал бір данасы қызметкерге беріледі. Осыдан кейін қызметкердің жұмысқа қабылданғаны жөнінде бұйрық шығарылады. Еңбек кітапшасы (ол болған жағдайда), немесе жеке еңбек шарты не жұмысқа қабылдау мен жұмыстан босату туралы бұйрықтардың көшірмелері қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттар бола алады. Қызметкердің оған тапсырылатын жұмысқа сәйкестігін тексеру мақсатында тараптардың келісімімен сынақ өткізілуі мүмкін. Сынақ мерзімі үш айдан аспауы тиіс. Сынақ туралы талап шартта көрсетілуі, ал бұл болмаған жағдайда қызметкер жұмысқа сынақсыз қабылданды деп есептеледі. **Жеке еңбек шартының тоқтатылу негіздері:** мерзімнің бітуі бойынша; тараптардың еркіне байланысты емес мән-жағдайларда (әскери қызметке шақырылғанда, қызметкер қайтыс болса және т. с. с.). **Шартты бұзу негіздері:** тараптардың келісімі бойынша; тараптардың бірінің бастамасы бойынша (бір ай бұрын біреуі екіншісін жазбаша ескертсе); заңнамалық кесімдерде көзделген өзге де негіздер болып табылады. Жеке еңбек шартын бұзу мен тоқтату жұмыс берушінің бұйрығымен хатталады. Қызметкер жеке еңбек шарты жұмыс берушіге бұл туралы бір ай бұрын жазбаша ескертіп тоқтатуға құқылы, ал екі тарап келісімге келсе, ескерту мерзімі біткенге дейін шарт тоқтатылуы мүмкін. Жұмысты жалғастыруды жоққа шығаратын немесе едәуір қиындататын мән-жайлар болған кезде шартты бұзу қызметкердің өтінішінде көрсетілген мерзімде жүргізіледі.

Жұмыс берушіге өз бастамасымен жеке еңбек шартын біржақты бұзуына төменгі жағдайлар негіз бола алады:

1. Заңды тұлғаның таратылуы, жұмыс беруші жеке кәсіпкердің қызметінің тоқтатылуы.
2. Қызметкерлердің саны немесе штаты қысқартылуы.
3. Жеке еңбек шартының қолданылу мерзімі ішінде қызметкердің жеткілікті біліктілігінің болмауы не белгілі бір жұмысты жалғастыруға кедергі келтіретін денсаулық жағдайының салдарынан атқаратын қызметіне немесе орындайтын жұмысына сәйкессіздігі аңғарылады.
4. Жүктілігі және бала тууы бойынша демалыста болу уақытын есептемегенде, еңбекке уақытша жарамсыздығы салдарынан, сондай-ақ заңдарда сол ауру бойынша еңбекке жарамсыздықтан неғұрлым ұзақ мерзімі белгіленбесе, жұмысқа екі айдан астам уақыт бойы келмеген жағдайда бұзылуы мүмкін. Аурулар түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Еңбек қабілетін еңбекте мертігуіне немесе кәсіптік ауруға байланысты жоғалтқан қызметкердің жұмыс орны еңбек қабілеті қалпына келгенге немесе мүгедектік анықталғанға дейін сақталады;
5. Қызметкер ұйыммен бірге басқа жерге ауысудан бас тартқанда.
6. Іркіліске байланысты басқа неғұрлым жеңіл жұмысқа ауыстырудан бас тартқан жағдайда.
7. Еңбек жағдайларындағы өзгеріске байланысты жұмысты жалғастырудан бас тартқанда.

8. Тәртіптік жазасы бар қызметкер еңбек міндеттерін дәлелді себептерсіз қайталап орындай алмаса.
9. Қызметкер еңбек міндеттерін бір рет өрескел бұзғанда.

Қызметкердің еңбек міндеттерін бір рет өрескел бұзуына:

- бір жұмыс күнінде дәлелді себептерсіз жұмыста үш сағат бойы болмауы;
 - жұмысқа алкогольдік немесе нашақорлық масаң күйде немесе өзге де түрдегі уыттық улану жағдайында келуі;
 - жұмыс күні ішіндегі алкогольді, нашақорлық масаңдық немесе өзге де жағынан улану жағдайын туғызатын заттарды пайдалануы;
 - қызметкердің еңбекті қорғау немесе өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзуының әсерінен, өзінің жарақат алуы мен аварияларды қоса алғанда, ауыр зардаптарға әкеп соғуы немесе соның мүмкіндігі;
 - жұмыс орны бойынша соттың заңды күшіне енген үкімімен немесе қаулысымен белгіленген мүлікті (соның ішінде ұсақ заттарды) ұрлауы;
10. Егер қызметкердің іс-әрекеті оған жұмыс беруші тарапынан сенімнің жоғалуына негіз болса, ақшалай немесе құндылықтармен тікелей қызмет ететін қызметкер кінәлі іс-әрекет жасаса.
 11. Білім беру саласында тәрбиешілік міндетті атқарушы қызметкер аталған жұмысты жалғастыруға сыйымсыз моральға жат қылық жасаса.
 12. Жеке еңбек шартына сәйкес өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік, қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді жария етсе.
 13. Басқа жұмыстарға ауысудан бас тартқан жағдайда.
 14. Бұрын осы жұмысты орындап келген қызметкер сот шешімімен жұмысына қайта алынған жағдайда оның орнына алынған қызметкермен еңбек шарты бұзылады.

Егер еңбек шарты заңсыз негізде бұзылған не басқа жұмысқа заңсыз ауыстырылған жағдайда еңбек дауын қарайтын орган қызметкерді бұрынғы жұмысына қайта алғызуға және де оған амалсыздан жұмыссыз жүрген барлық уақыты, бірақ үш айдан аспайтын, үшін орташа табысы төленуі тиіс.

Сонымен қатар жұмыс беруші:

- алкогольдік, нашақорлық масаңдық немесе өзге де түрдегі улану жағдайында жұмысқа келсе;
- еңбек қорғау ережелері бойынша емтихандар тапсырмаған болса;
- жеке басын қорғаудың жұмыс беруші берген керекті құралдарын пайдаланбаған болса;
- егер қызметкер заңдарға сәйкес, дәрігерлік тексеруден міндетті бола тұрып одан өтпесе, жұмыстан шеттетуге міндетті. Жұмыстан шеттету кезінде жалақы сақталмайды.

Еңбек шартының екінші түрі **ұжымдық шарт**. Ол жұмыс берушілер мен кәсіподақтар не кәсіподақтар мүшесі емес қызметкерлер келіссөздер жүргізу үшін қол қойған жазбаша шарт түріндегі құқықтық кесім болып табылады. Жоғарыда аталғандармен қоса еңбек заңында маусымдық қызметкерлердің, үй қызметкерлерінің, үйінде жұмыс істейтін және вахталық әдіспен еңбек ететіндердің еңбек құқықтары реттелген.

Жұмыс уақыты және демалыс уақыты.

Жұмыс уақыты деп еңбек шартына сәйкес, заңмен белгіленген тиісті жұмыс уақытын айтады. Оның қалыпты **ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауы тиіс**. Он төрт жастан он алты жасқа дейінгі қызметкерлер үшін - аптасына 24 сағаттан, он алтыдан он сегіз жасқа дейін - аптасына 36 сағаттан, ал ауыр дене жұмыстарында және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін қызметкерлер үшін - аптасына 36 сағаттан аспайтын, қысқартылған жұмыс күні белгіленеді. Еңбек заңы қызметкерлер үшін ұзақтығы бес күндік жұмыс аптасы, ал өндірісінің сипаты мен жұмыс жағдайларына байланысты бес күндік жұмыс аптасын енгізу орынсыз болатын ұйымдарда, алты күндік жұмыс аптасы белгіленеді. Алты күндік жұмыс аптасы (40 сағат) кезінде күнделікті жұмыстың ұзақтығы - 7 сағаттан, 36 сағат болғанда - 6 сағаттан және апталық норма 24 сағат болғанда - 4 сағаттан аспауы тиіс. 22 сағаттан бастап таңғы 6-ға дейінгі уақыт түнгі уақыт болып есептеледі.

Тынығу уақыты дегеніміз бұл жұмыс уақыты арасында еңбеккерге тынығуға және тамақ ішуге берілетін уақыт. Оның түрлері: демалуға және тамақ ішуге берілетін үзіліс, апта аралығындағы демалыс, мейрам күндері, жыл сайынғы демалыс. Күнделікті жұмыс ішінде қызметкерге демалу және тамақтану үшін, жинақтап алғанда ұзақтығы бір сағаттан кем болмайтын үзіліс және заңда бес күндік жұмыс аптасы жағдайында аптасына - екі, ал алты күндікте бір демалыс күні қарастырылған. Жалпы демалыс күні жексенбі. Екі демалыс күні әдетте қатарынан беріледі.

Мейрам күндері - бұл барлық мекемелер мен кәсіпорындарда жұмыс істемейтін күн. **Мемлекеттік мерекелер:** 1,2 қаңтар - Жаңа жыл; 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні; 22 наурыз - Наурыз мейрамы; 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі мерекесі; 9 мамыр - Жеңіс күні; 30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституциясы күні; 25 қазан - Республика күні; 16,17 қазан - Республиканың тәуелсіздік күні болып анықталған. Демалыс және мереке күндері сәйкес келген жағдайда мерекеден кейінгі жұмыс күні демалыс күні болады. Егер басқа нормативтік кесімдерде, жеке, ұжымдық шарттарда және жұмыс берушілердің кесімдерінде басқаша көзделмесе, ұзақтығы кемінде он сегіз күн болатын ақылы жыл сайынғы еңбек демалысы беріледі. Еңбек заңдары мынадай демалыстың түрін белгілейді: жыл сайынғы, қосымша, арнайы мақсаттарға арналған демалыс, жалақы сақталмайтын қысқа мерзімге берілетін демалыс. Жұмыс істеген бірінші жылы үшін еңбек демалысы жеке еңбек шарты бойынша бірінші жұмыс жылы өткеннен кейін беріледі. Жүктілігі мен босануы бойынша демалыстан басқа әйелге оның өтініші бойынша баласы бір жарым жасқа толғанға дейін оған күтім жасау жөнінде жалақысы сақталмайтын қосымша демалыс беріледі. Қосымша демалыс уақыты ішінде оның жұмыс орны мен қызметі сақталады. Жеке еңбек шартын бұзу кезінде, оның қандай негізде бұзылғанына қарамастан, өзінің жыл сайынғы еңбек демалысын алу құқығын пайдаланбаған немесе толық пайдаланбаған қызметкерлерге өтемақы төлеу және білім беру ұйымында оқитын қызметкерлерге емтихандар тапсыру, диплом жобасын қорғау, бітірушілер емтихандарын кезінде ақылы немесе ақы төленбейтін қосымша демалыс беру мүмкіндіктері заңда қарастырылған.

Жалақы төлеу. Жұмыс беруші еңбек мәселелері жөніндегі құқықтық-нормативтік кесімдерге, жеке еңбек, ұжымдық шарттарға сәйкес қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге міндетті және бұл ақы мерзімдік, келісімді түрде немесе еңбекке ақы төлеудің өзге де жүйелері бойынша іске асырылады. Қызметкердің жалақысы орындалатын жұмыстың саны мен сапасына, күрделілігіне қарай белгіленеді. Жалақының мөлшерін жұмыс беруші дербес белгілейді және ол ҚР заңдарында белгіленген ең төменгі төлеудің төмендегі қағидалары бойынша жүзеге асырылады:

- мерзімнен тыс жұмыс ақы бір жарым есе мөлшерден кем төленбейді;
- мереке және демалыс күндердегі жұмыс ақысы екі еседен төмен болмайтын мөлшерде төленеді;
- түнгі уақыттағы жұмыстың әрбір сағатына еңбекақы бір есе мөлшерден кем төленбейді;
- жалақы бір айда кем дегенде бір рет төленеді және т.б.

Жеке еңбек шарты тараптарының материалдық жауапкершілігі

Жеке еңбек шартындағы басқа тарапқа материалдық зиян келтірген тарап оны сот шешімі негізінде, не ерікті түрде төлейді. Материалдық жауапкершілік жеке еңбек шартында арнайы нақтылануы тиіс. Егер қызметкер өзінің еңбек міндеттерін атқаруына байланысты жұмыс

берушінің кінәсынан жарақат алса немесе денсаулығына өзге де зиян келіп, соның салдарынан ол еңбек қабілетін толық немесе ішінара жоғалтса, жұмыс беруші оған келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық кесімдерінде көзделген тәртіп пен жағдайларда өтеуге міндетті. Атап айтқанда, бір мерзімдік жәрдемақы төлеу тәртібі мен мөлшері, сондай-ақ денсаулығы бұзылған немесе қайтыс болған қызметкерге келтірілген зардаптың орнын толтыру көзделген.

Қызметкерлердің толық материалдық жауаптылық жағдайлары:

- қызметкер мен жұмыс берушінің арасында жазбаша шарт бойынша қызметкерге берілген мүлік пен басқа да құндылықтың сақталуын қамтамасыз ету үшін өзіне толық жауапкершілікке алуы;
- заңдарға сәйкес қызметкерге еңбек міндеттерін орындау кезінде жұмыс берушіге келтірілген зиян үшін толық жауапкершілігі;
- қызметкер мүлік пен басқа да құндылықтарды бір жолғы сенімхатпен немесе басқа да біржолғы құжаттар бойынша есеп беруі;
- қызметкердің жұмыс уақытындағы алкогольдік, нашақорлық немесе уытқұмарлық мас болуы.

Қызметкерлерді көтермелеу және жазалау шаралары

Еңбек тәртібін бұзғаны үшін, яғни қызметкердің кінәсінен оған жүктелген еңбек міндеттерінің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін ***жұмыс беруші тәртіптік жазалардың мынандай түрлерін қолдануға құқылы:*** ескерту жасауға; сөгіс беруге; заңда көрсетілген жағдайларда жеке еңбек шартын бұзуға. Осылардан басқа тәртіптік жазалау шараларын қолдануға жол берілмейді. Тәртіптік жазаны қолданудан бұрын қызметкерден жазбаша түсініктеме талап етілуге тиіс, ал жаза теріс әрекет байқалған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қолданылады және оны теріс әрекет жасалған күннен бастап алты айдан кешіктіріп қолдануға болмайды. Тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрық жазаға тартылған қызметкерге қол қойғызылып жарияланады.

Еңбек даулары. Еңбек даулары тараптардың келісімі бойынша немесе сот тәртібімен қаралады. Сотқа дейін еңбек дауларын келісім комиссиясы қарай алады. Ол комиссия тараптардың бірлескен шешімі бойынша жұмыс берушілер мен қызметкерлердің саны тең өкілдерінен тепе-тең негізде құрылып, қызметкерлердің өкілдері ұйымның жалпы жиналысында сайланып, жұмыс берушінің өкілдерін ұйым басшысы тағайындайды. Келісім комиссиясы арыз берушінің өтінішін ол берілген күннен бастап үш күн мерзім ішінде қарайды. Оны қарау нәтижелері бойынша шешім қабылданып, арыз берушіге беріледі. Арыз қанағаттандырылған жағдайда кінәлі жақ шешімді үш күн мерзім ішінде орындайды. Аталған заң ұжымдық дауларды шешудің ереуіл сияқты ең шектен шыққан шарасын жеке реттейді. **Ереуіл - еңбек ұжымы мен жұмыс беруші арасындағы өздерінің әлеуметтік-экономикалық және кәсіби талаптарын қанағаттандыру үшін (жұмысқа шықпау, еңбек міндеттерін орындамау) еңбек ұжымы мүшелерінің белгілі бір мерзімге немесе еңбек ұжымының талаптарын жұмыс беруші қанағаттандырғанға дейін жұмысты толық немесе ішінара тоқтатау арқылы білдіретін күрес шарасы.**

Әлеуметтік қамсыздандарудың құқықтық негіздері.

Конституцияның 28-бабында "Қазақстан Республикасының азаматына жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айрылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшеріне, әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі. Ерікті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын жасау және қайырымдылық көтермеленіп отырады", - делінген.

Жасына сай зейнетақы тағайындау мен төлеудің мүлдем жаңа механизмі көзделген:

- дербес жинақтаушы зейнетақы қорлары арқылы зейнетақыны жинақтау;
- 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек жылдарын есепке ала отырып зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік Орталықтан зейнетақы тағайындау.

Мысалы, Орталықтан жасына байланысты толық зейнетақы төлемдері қазіргі кезде еркектер - 63 жасқа, әйелдер 58 жасқа толғанда тағайындалады, бірақ олардың еңбек стажы 1998 жылдың 1 қаңтарында еркектерде - 25, әйелдерде 20 жыл болуы тиіс. Қолданылып жүрген заңдар әлеуметтік қамсыздандырудың түрлерінің қатарына қызметкерлерді жұмысқа уақытша жарамсыздығы, әйелдердің жүктілігі және босануы бойынша жәрдемақылармен қамсыздандыруды көздейді. Аталғандармен қатар мүгедек болып қалған, асыраушысынан айрылған және өзге де заңды реттерде әлеуметтік қамсыздандырылады.

Қазақстан Республикасы қылмыстық құқық негіздері

1. Қылмыстық құқық материалдық құқықтың негізгі саласы ретінде.
2. Қылмыстық құқықтың міндеттері мен қағидаттары.
3. Қылмыстың (қылмыстық жазалау әрекеттің) түсінігі мен белгілері.
4. Қылмыстық жауапкершілік: түсінігі, оның пайда болу негіздері.
5. Қылмыстың құрамы: қылмыстың объектісі; қылмыстық субъектісі; қылмыстың объективтік жағы; қылмыстың субъективтік жағы.
6. Қылмыс жасау сатылары.
7. Қылмысқа ортақ қатысушылық.
8. Қылмыстық жаза: түсінігі, белгілері мен мақсаты. Қылмыстық жазаның жүйесі мен түрлері.
9. Кәметке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі.
10. Құқықтық мемлекеттің нығаюына бағытталған мемлекеттік-құқықтық шаралардың жалпы жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықпен күресудің орны мен маңызы.

Әдебиеттер:

1. А. Ағыбаев. Қылмыстық құқық. Оқулық. Жалпы бөлім.- Алматы, 2001.
2. Е. Алауханов. Қылмыстық құқық. Оқу құралы. Ерекше бөлім.-Алматы, 2001.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 16 шілде 1997 жыл.
4. ҚР Қылмыстық кодексіне түсінік. – Алматы, 2001.

Қылмыстық құқық қылмыстық заңнаманың міндеттері мен қағидаттарын, қылмыс ұғымын, қылмыстық жауапкершіліктің негізін, қылмыстың түрлері мен белгілерін, жазаны, қылмыстық жауапкершілік пен жазадан босатудың негіздерін анықтайтын заңды нормалардың жиынтығы.

Мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін қылмыстық қол сұғудан қорғау барысында туатын қоғамдық қатынастар қылмыстық құқықтың *пәні* болып табылады.

Қылмыстық құқықтың субъектісіне қылмыс жасаған жеке тұлғалар мен мемлекеттің құзыретті органдары (тергеу, прокуратура, сот т.б.) жатады.

Қылмыстық құқықтық *жүйесі жалпы* және *ерекше* сияқты екі бөлімнен тұрады.

Қылмыстық құқықтың міндеттері: адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтарын мен заңды мүдделері, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігін қорғау, сондай-ақ қылмыстардың алдын алу болып табылады. Қылмыстық заңнамалардың төмендегідей 3 міндетін атап көрсетуге болады: 1) қорғау; 2) алдын-алу (профилактика); 3) тәрбиелік.

Қорғау – қылмыстық-құқықтық шараларды қолдана отырып қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау міндетті. Ол үшін қылмыстық заң қылмыстық әрекеттердің шеңберін, түрін және оған қолданылатын жазаның мөлшерін анықтайды.

Алдын – алу (профилактика) міндеті қылмыстың алдын алу, оны болдырмаудың жолдарын қарастыру немесе қылмыс жасаған тұлғаның қайта қылмыс жасамауының алдын алу. Бұл мақсаттар әр түрлі қылмыстық – құқықтық шаралар қолдану арқылы іске асырылады.

Тәрбиелік міндетті қылмыстық құқықтың барлық институттары мен нормалары атқарады (жаза, қажетті қорғаныс, мәжбүрлі қажеттілік т.б.).

Қылмыстық құқықтың қағидаттары деп мемлекеттің қылмыстық құқық саласындағы саясатының, қылмыспен күресудің іс жүзіндегі құралдарының мазмұнының негізіне қойылған тіректі мұраттар мен бастамаларды айтамыз.

Сондай қағидаттардың бірі *заңдылық қағидаты*. Оның мәні қылмыстық әрекет пен жаза тек қана қылмыстық заңмен анықталуы керек. Әрекет не әрекетсіздік қоғамға қанша қауіпті болса да, егер оларда қылмыстың құрамы болмаса тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке жасанды түрде тартуға болмайды.

Азаматтардың заң және сот алдында *теңдігі қағидаты*. *заң алдында бірдей*.

Тек қылмыстық әрекеті не әрекетсіздігі үшін кінәлі болған тұлғаны ғана қылмыстық жауапқа тарту *қағидаты*.

Негізгі қағидаттардың бірі *әділеттілік қағидаты*. Оның мәні соттар жасалған қылмыстың қоғамдық қауіптілігін, сотталушының жеке басының, оның қылмыс жасағанына дейінгі және қылмыс жасағаннан кейінгі мінез-құлығы ерекшеліктерін, қылмысты ауырлататын және жеңілдететін жағдайларды, отбасы жағдайларын ескере отырып жаза тағайындаулары қажет.

Қылмыстық құқықтың тағы бір қағидаты ол *ізгіліктік қағидат*. Изгілік адамды адам, кісі, тұлға ретінде тану, оның ар-ожданын, намысын, қадір-қасиетін, бақытқа, жақсылыққа, өркениетке ұмтылуын сыйлау, мойындау. Сондықтан, жаза тағайындау барысында ізгілік қағидатына сүйене отырып жасалған қылмысқа тиісті жазадан жұмсақтау жаза тағайындау.

Қылмыстық құқықтың деректік көздеріне әр түрлі қылмыстық заңнамалар жатады. Солардың ішінде ерекше орын алатын қылмыстық заң. *Қылмыстық заң* жасалған қылмыс үшін қылмыстық жауаптылықты белгілейтін, мемлекеттік биліктің жоғарғы органдарының нормативті актісі. Қазақстан Республикасында қылмыстық заңның ең маңыздысы 1997 жылы 16 шілдеде қабылданған *Қылмыстық кодексі*.

Қылмыстық – құқықтық қатынастар

Қылмыстық іс – қимылдардың, қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату, дәрігерлік сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану барысында қалыптасады. Жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамдық қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік) *қылмыс* деп танылады. *Қылмыстың* төмендегідей 4 белгісі бар: қоғамдық қауіптілігі, құқыққа қарама – қайшылығы, кінәлілігі, қылмыстық жауаптылығы.

Кінә. Адам соларға қатысты өз кінәсі анықталған қоғамдық қауіпті әрекеті (іс-әрекет немесе әрекетсіздік) және пайда болған қоғамдық қауіпті зардаптар үшін ғана қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс. *Қасақана* немесе *абайсызда* әрекет жасаған адам ғана қылмысқа *кінәлі* деп танылады. *Тікелей* немесе *жанама* ниетпен жасалған әрекет *қасақана жасалған қылмыс* деп танылады.

Менмендікпен немесе немқұрайдылықпен жасалған әрекет *абайсызда жасалған қылмыс* деп танылады. Егер адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіп туғызуы мүмкін екенін алдын ала білсе, бірақ бұл зардаптарды жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен болғызбау мүмкіндігіне сенсе, қылмыс *менмендікпен* жасалған қылмыс деп танылады.

Егер адам қажетті ұқыптылық пен сақтық болғанда ол зардаптарды болжап білуге тиіс және болжап біле алатын бола тұра өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін болжап білмесе, қылмыс *немқұрайлықпен* жасалған деп танылады.

Қылмыс секілді қоғамдық қауіпті әрекеттің объективті және субъективті белгілерінің қылмыстық заңмен бекітілген жиынтығын қылмыстық құқықта *қылмыстың құрамы* дейді. Қылмыс құрамының міндетті 4 бөлшегін көрсетеді: *қылмыстың объектісі, қылмыстың объективті жағы, қылмыстың субъектісі, қылмыстың субъективті жағы*. Бұлар өзара байланысты. Егер жасалған қылмыста қылмыс құрамының аталған бөлшектерінің біреуі болмаса, онда қылмыс құрамы болмайды және қылмыс жасаған тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды. **1. Қылмыстың объектісі** - қылмыскердің қиянат жасайтын және де қылмыстық заңдармен қорғалатын қоғамдық қатынастар. Олар мыналар болуы мүмкін: саяси және экономикалық құрылымдар, меншік, адам және оның құқықтары мен бостандықтары, құқықтық тәртіп, сот төрелігі, әскери қызмет. **2. Қылмыстың объективтік жағы** - ол қылмыстың сыртқы көрінісіне жататын белгісі:

- қылмыскердің қоғамға қауіпті әрекеті немесе әрекетсіздігі;
- әрекет пен әрекетсіздік арқылы туындаған қоғамға қауіпті нәтиже;
- әрекет пен әрекетсіздік және қоғамға қауіпті нәтиже арасындағы себепті байланыс.

3. Қылмыстың субъектісі - ол қылмыс жасаған уақытта есі дұрыс және 16 жасқа толған адам. Кейбір ауыр қылмыстар үшін (кісі өлтіру, зорлау, адам ұрлау, кісі тонау, қорқытып тартып алу т. б.) қылмыстық жауаптылыққа адам 14 жастан тартылады. Қылмыстық жауапкершілікке тарту көзделген қауіпті әрекет жасаған кезде есі дұрыс емес күйде болған, яғни созылмалы психикалық ауруы, психикасының уақытша бұзылуы, кемақылдылығы салдарынан өзінің іс-әрекетінің іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғына алмаған немесе оған ие бола алмаған адам қылмыстық жауапқа тартылмайды. Бұларға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін. Алкогольді ішімдікті, есірткі заттарды немесе басқа да есеңгірететін заттарды пайдалану салдарынан мас күйінде жасалған қылмыс үшін адам қылмыстық жауаптылықтан босатылмайды.

4. Қылмыстың субъективтік жағы - бұл адамның қоғамға істеген қауіпті іс-әрекет немесе әрекетсіздігіне және солардан туатын қауіпті нәтижеге психикалық қатынасы. Қылмыстың сыртқы жағын бейнелейтін объективтік жаққа қарағанда субъективтік жақ қылмыстың ішкі мөнін, мазмұнын білдіреді. **Қылмыстың субъективтік жағының мазмұнын мынадай заңдылық белгілері: кінә, қылмыстық ниет, мақсат** құрайды. Осы белгілердің жиынтығы қылмыс істеген, яғни қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған адамның жандүниесінде орын алған ішкі өзгерістерді, оның санасы мен еркінің өзара байланысын бейнелеп береді. **Кінә** - бұл адамның өзінің қасақаналықпен немесе абайсызда істейтін қоғамға қауіпті іс-әрекетіне және оның қоғамға зиянды зардабына деген көзқарастарының жиынтығының көрсеткіші. Істелген әрбір қылмыс үшін кінәнің болуы - объективті ақиқат. Қылмыс субъектісінің кінәлілігі туралы тұжырымды сот іс бойынша жинақтаған дәлелдемелер арқылы анықтайды. **Кінә екі түрлі іболады: қасақаналық және абайсыздық.** **Тікелей** немесе **жанама** ниетпен жасалған әрекет - **қасақана**, менмендікпен немесе **немқұрайлылықпен** жасалған әрекет **абайсыздықта** жасалған қылмыс деп танылады. **Қылмыстық ниет** деп белгілі бір қажеттіліктер мен мүдделердің іштей түрткі болуына байланысты адамның соларды басшылыққа ала отырып, саналы түрде қылмыс істеуге бел бууын, ал **қылмыстық мақсат** деп адамның қылмыс істеу арқылы болашақта белгілі бір нәтижеге жетуін айтамыз.

Әрбір азаматтың конституциялық борышы - қоғамдық қатынастарды қылмыстық жолмен келтірілген зияннан қорғау. Осы міндетті жүзеге асыруда жеке адамға, қоғамға, мемлекетке қарсы бағытталған іс-әрекеттерді дер кезінде тиюдың, тойтарудың маңызы ерекше. Қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді тойтаруда, оның зияндылығын тиюда, сол қауіпті төндірген адамға материалдық, моральдық және басқа да зиян келтірілуі мүмкін. Мұндай әрекеттер формальдық жағынан алғанда қылмыс құрамына жатуы мүмкін. Бірақ та бұл әрекеттер белгілі бір жағдайларда қылмыс болып табылмайды. Өйткені мұндай әрекетте қылмыстың материалдық белгісі болып табылатын басты белгі - қоғамға қауіптілік жоқ. Керісінше, мұндай жағдайларда, қоғамдық қатынастарға зиян келтіруге бағытталған қауіпті жою, тойтару қоғамға пайдалы іс-әрекет деп танылады. Қолданылып жүрген қылмыстық заң бойынша бұларға **қажетті қорғану; аса мәжбүрлі қажеттілік; қылмыскерді ұстау; орынды кәсіби тәуекел; күштеу немесе психикалық мәжбүрлеу; бұйрықты немесе өкімді орындау** әрекеттері жатады. Осы аталған жағдайларда істелген әрекет немесе әрекетсіздік сырттай қылмыс белгілеріне ұқсағанымен, оларда қоғамға қауіптілік болмағандықтан, қылмыс қатарына жатпайды.

Қылмыс істеу сатылары. Қылмысты істеу сатылары деп қасақана істелетін қылмысқа дайындалу, оқталудан біткенге дейінгі ететеін кезеңдерді айтамыз. Қасақаналықпен істелетін қылмыста бірнеше саты болады. Олар: **қылмыс істеуге дайындалу, қылмыс істеуге оқталу және қылмысты аяқтау.** Қылмыс — бір адам арқылы немесе бірнеше адамның бірлесуі арқылы істелуі мүмкін. Бірнеше адамның қылмыс істеуінің нәтижесінде істелген қылмыстың мәні, одан туындайтын зиянның мөлшері де жеке адам істеген қылмысқа қарағанда едәуір өзгереді және мұндайда қылмыс істегені үшін жауапты болатын адамдардың санын анықтау қажеттілігі туындайды.

Қылмыстық кодексте көзделген әрекеттер сипатына және қоғамдық қауіптілік дәрежесіне қарай *қылмыс онша ауыр емес қылмыстарға, ауырлығы орташа қылмыстарға, ауыр қылмыстарға және ерекше ауыр қылмыстарға* бөлінеді.

Қылмыстық кодекстің түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде көзделген, адам солардың бірде – біреуі үшін сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша

қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған екі немесе одан да көп әрекеттерді жасау *қылмыстардың жиынтығы* деп танылады.

Бұрын қасақана жасаған қылмысы үшін соттылығы бар адамның қасақана қылмыс жасауы *қылмыстың қайталануы* деп танылады.

Қылмыс бір ғана адам емес бірнеше тұлғалардың ұйымдасуымен де жасалуы мүмкін. Екі немесе одан да көп адамның қасақана қылмыс жасауға қасақана бірлесіп қатысуы *қылмысқа қатысу* деп танылады. Ұйымдастырушы, айдап салушы немесе көмектесуші орындаушымен бірге *қылмысқа қатысушылар* деп танылады.

Қылмысты болдырмайтын мән – жайлар. Кейбір жағдайларда қылмыс жасалған кезде, сол қылмыстың құрамы, оның қоғамдық қауіптілігі сияқты белгісі бола отырса да іс-қимыл қылмыс болып табылмайтын мән-жайлар болады. Ондай мән – жайларға: 1) қажетті қоғану; 2) қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру; 3) аса қажеттілік; 4) жедел – іздестіру шараларын жүзеге асыру; 5) орынды тәуекел ету; 6) күшпен немесе психикалық мәжбүрлеу; 7) бұйрықты немесе өкімді орындау.

Қылмыспен күресу барысында мемлекет әр түрлі әдістер мен шаралар қолданады. Сондай әдістердің бірі *жаза*.

Жаза - соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол адамды құқықтары мен бостандықтарынан Қылмыстық кодекспен көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады.

Жазаның мақсаты әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстар жасауынан сақтандыру мақсатында қолданылады. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір – қасиетін қорлауды мақсат етпейді.

Қылмыстық жаза тек қана мемлекеттің атынан соттың *үкімімен* тағайындалады.

Жасалған қылмыстың ауырлығы мен қоғамдық қауіптілігіне байланысты мынадай жазаның *негізгі* түрлері қолданылады: 1) айыппұл салу; 2) белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру; 3) қоғамдық жұмыстарға тарту; 4) түзеу жұмыстары; 5) әскери қызмет бойынша шектеу; 6) бас бостандығын шектеу; 7) қамау; 8) тәртіптік әскери бөлімде ұстау; 9) бас бостандығынан айыру; 10) өлім жазасы қолданылуы мүмкін.

Сонымен бірге сотталғандарға негізгі жазалардан басқа мынадай *қосымша жазалар*: 1) арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру; 2) мүлкін тәркілеу қолданылуы мүмкін.

Айыппұл салу және белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру және қоғамдық жұмыстарға тарту жазалаудың *негізгі де, қосымша* да түрлері ретінде қолданылуы мүмкін.

Соңғы кезде бұқаралық ақпарат құралдарында көп пікірталас тудырып отырған мәселелердің бірі жазаның негізгі және ерекше түріне жататын, адамды өмірінен айыратын *өлім жазасы*. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 49-бабына сәйкес *өлім жазасы – ату жазасы* адамның өміріне қол сұғатын ерекше ауыр қылмыстар үшін, сондай-ақ соғыс кезінде немесе ұрыс жағдайында мемлекеттік сатқындық, бейбітшілікке және адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыс және ерекше ауыр әскери қылмыстар жасағаны үшін ғана *ең ауыр жаза ретінде* қолданылуы мүмкін.

Өлім жазасы әйелдерге, сондай-ақ он сегіз жасқа толмай қылмыс жасаған адамдарға және сот үкім шығарған сәтте алпыс бес жасқа толған еркектерге тағайындалмайды.

Қазақстан Республикасы Президенті өлім жазасын орындауға мораторий енгізген кезде, өлім жазасы туралы үкімді орындау мораторий қолданылған уақытта тоқтатыла тұрады.

Өлім жазасы туралы үкім ерте дегенде ол күшіне енген сәттен бастап бір жылдан кейін, сондай-ақ өлім жазасын орындауға мораторийдің күші жойылғаннан соң ерте дегенде бір жыл өткеннен кейін орындалады.

Өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен жазаны ерекше режимдегі түзеу колониясында өтеу арқылы *өмір бойы бас бостандығынан айыруға* немесе *жиырма бес жыл мерзімге* бас бостандығынан айыруға ауыстырылуы мүмкін. Өлім жазасына кесілген адамдардың, өлім жазасын орындауға мораторийдің күші жойылған жағдайда, олардың мораторий енгізілгенге дейін өтініш бергеніне немесе бермегеніне қарамастан, *кешірім* жасау туралы өтініш беруге құқығы бар.

Қылмыстық жауаптылықтан және жазалаудан босату. *Қылмыстық жауаптылық деп* қылмыс жасаған тұлғаға қоланылатын қылмыстық – құқықтық шаралардың барлығын айтамыз. Негіз болған жағдайда, қылмыс жасаған тұлға қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Қылмыстық жауаптылықтан, іс-қимылда белгілі бір қылмыстың құрамы болған кезде босатылады. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде қылмыстық жауаптылықтан босатудың 5 негізі қарастырылған:

- 1) шын өкінуге байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (65-бап);
- 2) қажетті қорғану шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босату (66-бап);
- 3) жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (67-бап);
- 4) жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (68-бап);
- 5) ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (69-бап).

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қылмыстық жауаптылық пен қоса *қылмыстық жаздан босату жағдайлары* да қарастырылған. Қылмыстық кодексте жазадан босатудың мынандай 8 негіздері көрсетілген:

- 1) жазаны өтеуден мерзімінен бұрын – шартты түрде босату (70-бап);
- 2) жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру (71-бап);
- 3) жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру (72-бап);
- 4) ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату (73-бап);
- 5) төтенше мән – жайлардың салдарынан жазадан босату мен жазаны өтеуді кейінге қалдыру (74-бап);
- 6) айыптау үкімінің ескіру мерзімі өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату (75-бап);
- 7) рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату (76-бап);
- 8) Соттылық (77-бап).

Рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату (76-бап). Рақымшылық жасау туралы актіні адамдардың жеке айқындалмаған тобы жөнінде Қазақстан Республикасының Парламенті шығарады. Қылмыс жасаған адамдар *рақымшылық* жасау туралы актінің негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдар жазадан босатылуы мүмкін не оларға тағайындалған жаза қысқартылуы немесе жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылуы мүмкін не мұндай адамдар жазаның қосымша түрінен босатылуы мүмкін. Жазасын өтеген немесе оны одан әрі өтеуден босатылған адамдардан *рақымшылық жасау* туралы актімен соттылығы алынып тасталуы мүмкін.

Соттылық (77-бап). Қылмыс жасағаны үшін сотталған адам соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген күннен бастап соттылықты жою немесе алып тастау кезіне дейін сотты болған деп есептеледі. Қылмыстық кодекске сәйкес соттылық қылмыстың әлденеше рет қайталануы, қылмысты қайталау кезінде және жаза тағайындау кезінде ескеріледі. Жазадан босатылған адам соттылығы жоқ деп танылады. Соттылық: 1) шартты түрде сотталған адамдар жөнінде – сынақ мерзімі өтуі бойынша; 2) тәртіптік әскери бөлімде ұсталу, әскери қызмет бойынша шектеу немесе қамау түрінде жазасын өтеген әскери қызметшілер жөнінде – іс жүзінде жазаны өтеу бойынша; 3) бас бостандығынан айырумен салыстырғанда жазаның неғұрлым жеңіл түріне сотталған адамдар жөнінде – жазаны өтегеннен кейін бір жыл өтуі бойынша; 4) кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар жөнінде – жазаны өтегеннен кейін үш жыл өтуі бойынша; 5) ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар жөнінде – жазаны өтегеннен кейін алты жыл өтуі бойынша; 6) аса ауыр қылмысы үшін сотталған адамдар жөнінде – жазаны өтегеннен кейін сегіз жыл өтуі бойынша жойылады.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күрес.

Қоғам өмірінің экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани – мәдени, құқықтық салаларының дамуына барынша кедергі жасайтын қауіпті құбылыстардың бірі *сыбайлас жемқорлық*. 1998 жылы 2-ші шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 2-бабы 1-тармағына сәйкес *сыбайлас жемқорлық дегеніміз* мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттілігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және

заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуын айтамыз.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы *жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану* арқылы жасалады.

Семинарлық сабақтар жоспары

1-тақырып. Құқық негіздері оқу курсының құрылымы, басқа құқық салаларымен өзара әрекет етуі. Заңи пәндердің жүйесіндегі құқық негіздері пәні. «Құқық негіздері» оқу курсының құрылымы. Құқық негіздерінің басқа қоғамдық ғылымдармен өзара әрекет етуі мен өзара қатынасы.

2-тақырып. Мемлекет теориясы. Мемлекеттің түсінігі және негізгі белгілері. Қоғам мен мемлекеттің өзара байланысы, азаматтық қоғамның ролі мен маңызы. Мемлекеттің пайда болуы. Мемлекеттің дамуының Батыстық (Европалық) және Шығыстық (Азиялық) жолдары. Мемлекеттің белгілері. Мемлекеттің сыртқы және ішкі функциялары. Мемлекеттің тарихи типтері (үлгілері). Мемлекеттің типологиясы. Мемлекеттің нысаны (басқару нысаны, мемлекеттік құрылыстың нысаны, саяси режим). Құқықтық мемлекеттің ұғымы және белгілері. Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның арақатынасы және өзара әрекет етуі. Қазақстан Республикасы құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретінде.

3-тақырып. Құқық теориясы. Құқықтың негізгі белгілері және анықтамасы. Құқықтың пайда болуы. Қоғам өміріндегі құқықтың ролі. Құқықтың басқа әлеуметтік нормалармен арақатынасы. Құқықтың қағидалары. Құқықтық нормалардың түсінігі және құрылымы. Құқықтық реттеу: әдісі және механизмі. Құқықтың қайнар көздері. Нормативтік құқықтық актілердің түсінігі мен құрылымы. ҚР-да құқықтың әрекет етуі. Құқықтың жүйесі мен заңдардың жүйесі. Құқықты салаға, салааралыққа және институтқа бөлу. Құқықтық қатынастардың түсінігі мен түрлері. Субъективтік құқық және субъективтік міндет. Құқық субъектісі. Құқық бұзушылықтың түсінігі мен түрлері.

4-тақырып. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығының негіздері. Конституциялық құқық түсінігі – қазіргі конституциялық құқықты, өкімет, басқару, өзін-өзі басқару органдарының жүйесін оқытатын юридикалық жетекші пәндерінің бірі ретінде. Конституциялық-құқықтық нормалар және олардың түрлері.

Мемлекеттің және қоғамның негізгі Заңи ретіндегі Қазақстан Республикасының Конституциясының түсінігі және мәні.

Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің жалпы қағидалары. Адам мен азаматтың құқықтары мен еркіндіктерінің экономика-лық, саяси, юридикалық және әлеуметтік кепілдіктері.

Азаматтылықтың жалпы сұрақтары. Қазақстан Республикасының азаматтығының қағидалары: жалпы және арнайы. Азаматтықты алу және тоқтату. Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы.

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымының түсінігі. Қазақстан Республикасы – егеменді, демократиялық, құқықтық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет.

Басқарудың республикалық нысаны.

5-тақырып. Қазақстан республикасының әкімшілік құқығының негіздері. Әкімшілік құқықтың ролі мен маңызы. Әкімшілік құқық ұғымы. Әкімшілік құқықтың пәні. Қоғамдық қатынастарды әкімшілік-құқықтық реттеу механизмі. Әкімшілік-құқықтық қатынастардың мазмұны. Әкімшілік-құқықтық қатынастардың түрлері. Әкімшілік құқық бұзушылық ұғымы. Әкімшілік теріс қылықтың құрамы.

6-тақырып. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығының негіздері. Азаматтық құқықтың ұғымы. Азаматтық заңдар. Азаматтық құқықтық қатынастардың ұғымы, ерекшеліктері, мазмұны және түрлері. Азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері. Азаматтар (адамдар) субъектілер ретінде. Заңды тұлғалар азаматтық

құқықтық қатынастардың субъектілері ретінде. Азаматтық құқықтық қатынастардың пайда болу, өзгеру, және тоқталу негіздері.

7-тақырып. Қазақстан Республикасының отбасы құқығының негіздері. Отбасы құқығының түсінігі. Отбасы құқықтық қатынастардың ұғымы.

8-тақырып. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқық саласы ретінде. Қылмыстық құқық материалдық құқықтың негізгі саласы ретінде. Қылмыстық құқықтың міндеттері мен қағидаттары.

Қылмыстың (қылмыстық жазалау әрекеттің) түсінігі мен белгілері. Қылмыстық жауапкершілік: түсінігі, оның пайда болу негіздері. Қылмыстың құрамы: қылмыстың объектісі; қылмыстық субъектісі; қылмыстың объективтік жағы; қылмыстың субъективтік жағы. Қылмыс жасау сатылары. Қылмысқа ортақ қатысушылық. Қылмыстық жаза: түсінігі, белгілері мен мақсаты. Қылмыстық жазаның жүйесі мен түрлері. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі.

Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықпен күресудің заң шығарушылық негіздері. Құқықтық мемлекеттің нығаюына бағытталған мемлекеттік-құқықтық шаралардың жалпы жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықпен күресудің орны мен маңызы. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күресу аясындағы мемлекеттік саясат. Сыбайлас жемқорлықпен күресу қағидаттары.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілері. Сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстарды жасағаны үшін жауапкершілік.

9-тақырып. Еңбек құқығы және әлеуметтік қамсыздандыру құқығының негіздері. Еңбек құқығы пәні және міндеттері. Еңбек құқығы принциптері. Еңбек құқығының қайнар көздері. Еңбектік құқықтық қатынастар және басқа да еңбекке байланысты құқықтық қатынастар. Еңбек шарты ұғымы, мазмұны және түрлері.

10-тақырып. Қазақстан Республикасының жер құқығының негіздері. Жер құқығының түсінігі, пәні және жүйесі. Жер құқығының қайнар көздері. Жер құқық қатынастары. Жерге меншік құқығы, жер пайдалану құқығы және жерге өзге де заттық құқықтар. Жер санаттары. Жер ресурстарын бақылау. Жер дауларын шешу. Жер заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік.

11- тақырып. Қазақстан Республикасының қаржы құқығының негіздері. Қаржы құқығының түсінігі. Мемлекеттің қаржы қызметі.

12-тақырып. Халықаралық құқықтың негіздері. Қазіргі таңдағы халықаралық құқықтың түсінігі. Халықаралық қатынастардың негізгі белгілері. Халықаралық құқықтың қызмет етуі. Халықаралық құқықтың прогрессивті дамуы және кодификациясы. Халықаралық жария және халықаралық жеке құқық. Халықаралық құқықпен ішкі құқықтың арақатынасы

13-тақырып. Қылмыстық процесс негіздері. Қылмыстық процестің түсінігі, маңызы және міндеттері. Қылмыстық сот өндірісінің әлеуметтік мәні. Қылмыстық процестің типтері. Қылмыстық процесс және сот әділдігі. Олардың өзара байланысы. Қылмыстық процестің сатылары, олардың түсінігі мен жүйесі.

СОӨЖ ТАПСЫРМАЛАРЫ

№№ п.п.	СОӨЖ тақырыптардың аттары және тапсырмаларының мазмұны	Жүргізу түрі	Сағат саны
1 тақырып	<p>Мемлекет туралы негізгі түсініктер. Мемлекеттік пен құқықтың пайда болуының алғы шарттары мен объективтік заңдылықтары. Мемлекеттің пайда болуы туралы нормалар. Мемлекет пен құқықтың ара-қатынасы . Мемлекет нысаны ,оның элементтері. Басқару нысанасының түрлері. Саяси режим,оның түрлері.</p>	<p>Ауызша баяндау. жарыссөз</p>	3
2 тақырып	<p>Құқық және құқықтық құбылыстар туралы негізі түсініктер Құқық ұғымы ,оның әлеуметтік нормалардан айырмашылығы. Құқықтың негізі белгілері мен мәні. Құқықтың қайнар көздері. Құқық жүйесі ,оның салаларының сипаттамасы. Құқық нормасының түсіні ,ішкі құрылымы ,турлері. Заңдылық пен құқықтық тәртіп.</p>	<p>Ауызша баяндау</p>	3
3 тақырып	<p>Құқық бұзушылық түсінігі Құқық бұзушылық түсінігі, түрлері. Заңи жауапкершілік және жаза мақсаты.</p>	<p>Баяндау, топқа бөлініп пікірталас ұйымдастыру</p>	3
4 тақырып	<p>Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. Конституция – мемлекеттің негізгі заңы ретінде? Қазақстан – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет? Қазақстан – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет?</p>	<p>Ауызша баяндау, пікірталас</p>	3
5 тақырып	<p>Әкімшілік құқық Жергілікті өкілді органдарды талдаңыз? Әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамын анықтаңыз? Әкімшілік жазаның түсінігі мен мақсатын табыңыз?</p>	<p>Талдау жасау, пікірталас</p>	3
6 тақырып	<p>Мұрагерлік құқықтың түсінігі Өсиет бойынша мұрагерлік. Заңды мұрагерлік Мұра алу</p>	<p>Баяндау, жарыссөз, пікірталас</p>	3
7 тақырып	<p>Сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күресу аясындағы мемлекеттік саясат. Сыбайлас жемқорлықпен күресу қағидаттары.</p>	<p>Талдау, пікірталас, баяндау</p>	3

	Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілері. Сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстарды жасағаны үшін жауапкершілік.		
8 тақырып	Еңбек құқығы Еңбек құқығы бойынша жауапкершілік ұғымы мен түрлері. талдаңыз? Ұйымдардың жұмыскерлер алдындағы мүліктік жауапкершілігінің ерекшеліктерін анықтаңыз?	Баяндау, жарыссөз	3
9 тақырып	Жер заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік түрлері	Сызба дайындау	3
10 тақырып	Қылмыстық іс жүргізу құқығы Қылмыстық процестің түсінігі, маңызы және міндеттері. Қылмыстық сот өндірісінің әлеуметтік мәні. Қылмыстық процестің сатылары, олардың түсінігі мен жүйесі. Қылмыстық процесс, қылмыстық процессуалдық әрекеттер мен құқықтық қатынастардың жүйесі.	Талдау жасау, пікірталас, баяндау	3

СӨЖ ТАПСЫРМАЛАРЫ

№№ п.п.	СӨЖ тақырыптардың аттары және тапсырмаларының мазмұны	Бақылау формасы	Сағат саны
1 тақырып	Мемлекеттің пайда болуы туралы теориялар	Презентация	5
2 тақырып	Құқықтың пайда болуы туралы теориялар	Ауызыша	3
3 тақырып	Конституцияның қазіргі уақыттағы конституциялық құқықтығы анықтамасы, конституцияның мәні. Конституцияның нысаны мен құрылымы. Конституцияны қабылдау және өзгерту тәртібі.	Ауызыша	5
4 тақырып	Қылмыс түрлері	Сызба дайындау	5
5 тақырып	Еңбек шарты ұғымы, мазмұны және түрлері.	Үлгі дайындау	4
6 тақырып	Жерге меншік құқығы, жер пайдалану құқығы және жерге өзге де заттық құқықтар.	Ауызыша	5
7 тақырып	Қылмыстық процестің міндеттерін атаңыз? Қылмыстық іс жүргізу принциптерінің түсінігі, мәні, маңызы және жүйесін талдаңыз?	Ауызыша	3

БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ОҚУДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ

«Құқық негіздері» пәні бойынша тест сұрақтары:

1. Мемлекеттің пайда болуын күшті тайпаның әлсіз тайпаны жаулап алуының нәтижесінде, деп түсіндіретін теорияны атаңыз:
 - а) психологиялық;
 - б) келісім шарттық;
 - в) күштеу теориясы;
 - г) табиғи-құқықтық.

2. ҚР-ғы атқарушы биліктің жоғары алқалы органын атаңыз:
 - а) Парламент;
 - б) Үкімет;
 - в) Конституциялық Кеңес;
 - г) Мәжіліс.

3. Биліктің жоғары органдарының құрылымы мен құрылу тәртібі және олардың өзара қатынасын көрсететін ұғымды атаңыз:
 - а) басқару нысаны;
 - б) заңдылық;
 - в) саяси-құқықтық режим;
 - г) саяси жүйе.

4. ҚР-ғы жергілікті өкілді орган қалай аталады?
 - а) халық депутаттарының кеңесі;
 - б) мәслихат;
 - в) әділет басқармасы;
 - г) жергілікті әкімшілік.

5. Мемлекеттік биліктің өз аумағында және халықаралық аренада үстемдігі қалай аталады?
 - а) көпбағыттылық;
 - б) федерализм;
 - в) егемендік;
 - г) өркениеттік.

6. ҚР-ның қазіргі Президенті кіммен сайланады?
 - А) депутаттармен;
 - Б) Премьер-Министрдің тағайындауымен;
 - В) облыстар мен қалалардың әкімдерімен;
 - Г) бүкіл халықтық сайлаумен.

7. Мемлекеттік аппараттың ұйымдастырылуымен қызмет етуі барысында биліктік өкілеттіктерін тек қана заң негізінде жүзеге асыруын талап ететін қағида қалай аталады?
 - А) заңдылық қағидасы;
 - Б) дара басшылық қағидасы;
 - В) федерализм қағидасы;
 - Г) жазадан құтылмаушылық қағидасы.

8. Өндірістік қатынастарды, меншік нысанын және әлеуметтік-экономикалық құрылысты негізге ала отырып мемлекет типтерін ажырататын ғылыми тәсіл қалай аталады?
 - А) экономикалық;

- Б) формациялық тәсіл;
- В) тарихи;
- Г) өркениеттік.

9. Мемлекет механизмі деп нені түсінуге болады?

- А) мемлекеттік басқарудың аппаратын;
- Б) мемлекеттік органдардың ұйымдастырылуын;
- В) мемлекеттің құрамдас бөліктерін, әкімшілік-аумақтық бірліктерді;
- Г) қоғамның саяси жүйесін.

10. Саяси билік экономикалық үстем таптың қолында болатындығын дәлелдеп баққан теорияны атаңыз:

- а) табиғи-құқықтық;
- б) либералды-демократиялық;
- в) марксистік;
- г) патриархалдық.

11. Жалпыға міндетті жүріс-тұрыс ережелерін бекітіп шығарудағы мемлекет қызметі қалай аталады?

- А) құқық қорғау қызметі;
- Б) сот төрелігін жүзеге асыру қызметі;
- В) құқық шығармашылық қызметі;
- Г) даму стратегиясын қалыптастыру.

12. Адам құқықтарын қорғау, кепілдеу, саяси плюрализм, заң мен сот алдындағы барлығының теңдігі қағидалары қандай мемлекет түрінің қызмет теуі мен ұйымдастырылуының қағидасы болып табылады?

- А) күлиеленуші мемлекет;
- Б) социалистік мемлекет;
- В) құқықтық мемлекет;
- Г) феодалдық мемлекет.

13. ҚР-да НҚА дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуы мен заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды қандай орган жүзеге асырады?

- А) парламент;
- Б) Прокуратура;
- В) үкімет;
- Г) Конституциялық Кеңес.

14. Қатысушылардың теңдігіне негізделген мүліктік және тауар-ақша қатынастарын реттейтін құқық саласы қалай аталады?

- А) конституциялық құқық;
- Б) әкімшілік құқық;
- В) қаржылық құқық;
- Г) азаматтық құқық.

15. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы немесе объектісі болып табылған затты құнын өтемей еріксіз түрде мемлекет меншігіне алу, әкімшілік құқықтағы қандай жазаның мазмұны болып табылады?

- А) реквизиция;
- Б) арнай құқығынан айыру;
- В) айыппұл;

Г) тәркілеу.

16. Жұмыс аптасы мен күнделікті жұмыстың ұзақтығы қандай заңнаманың нормасымен реттеледі?

А) азаматтық заңдармен;

Б) конституциямен;

В) әкімшілік заңдармен;

Г) еңбек заңдарымен.

17. Адамның саяси құқықтарына жататын құқықтарды көрсетіңіз?

А) меншікке ие болу құқығы;

Б) ар-ождан бостандығы;

В) мемлекетті басқару ісіне, билікке қатысу құқығы;

Г) әлеуметтік қамсыздандыру құқығы.

18. ҚР қылмыстық кодексі бойынша қандай мән-жайлар жазаны жеңілдететін мән-жайлар болып табылады?

А) заңды білмеуі;

Б) мас күйінде жасау;

В) алғаш рет кішігірім ауырлықтағы қылмыс жасау;

Г) ұйымдасқан топтың қылмыс жасауы.

19. ҚР жергілікті өкілді органдарының қабылдайтын НҚА қалай аталады?

А) шешім;

Б) жарлық;

В) қаулы;

Г) заңдар.

20. Заң бойынша азаматтың әрекет қабілетігін қандай орган шектей алады?

А) полиция;

Б) кез келген мемлекеттік орган;

В) үкімет;

Г) сот органы.

21. «Заңды тұлға» дегеніміз, бұл –

а) меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта жауапкер және талапкер бола алатын ұйым;

б) биліктік өкілеттіктерге ие мемлекеттік органның өкілі;

в) рухан қажеттерін қанағаттандыру үшін өз мүдделерінің ортақтығы негізінде, заң құжаттарында белгіленген тәртіп бойынша біріккен азаматтардың ерікті түрдегі бірлестігі;

г) құқық қорғау органдарының қызметкерлері.

құқық негіздері пәнінен емтихан сұрақтары

1. Алғашқы қауымдық құрылыстағы қоғамдық биліктің ерекшеліктері қандай?

2. Алғашқы қауым қоғамындағы адамдардың қатынастарын реттейтін әлеуметтік нормалар?

3. Күштеу теориясына сәйкес мемлекеттің пайда болуының алғы шарттары?

4. Мемлекеттің пайда болуының теологиялық теориясының басты идеясы?

5. Қазіргі заман мемлекетінің мәні неде?

6. Мемлекеттің негізгі белгілері?

7. Бұқара көпшілік - саяси билік түсінігі

8. Мемлекет егемендігінің анықтамасы

9. Мемлекет нысанның анықтамасы
10. Мемлекеттің басқару нысанның анықтамасы
11. Республикалық басқару нысанына тән белгі?
12. Президент қолына мемлекет басшысы мен үкімет басшысы құзіретінің шоғырлануы; үкіметтің Парламент алдында жауаптылық институтының болмауы; президентті Парламенттен тыс сайлаудың әдісі; президент алдында үкіметтің жауаптылығының болуы республикалық басқарудың қандай түрі?
13. Мемлекеттің басқару нысаны дегеніміз не?
14. Мемлекеттің құрамына кіретін бөліністерде жеке конституциясы, заң шығару, атқару, сот органдары бар мемлекеттік құрылым нысаны
15. Тоталитарлық саяси жүйені сипаттайтын белгі
16. Зайырлы мемлекеттің анықтамасы
17. Унитарлық мемлекеттің анықтамасы
18. Федеративтік мемлекеттің анықтамасы
19. Мемлекеттің функциялары дегеніміз не?
20. Мемлекеттің ішкі қызметін (функциясын) атаңыз
21. Мемлекеттің сыртқы қызметін (функциясын) атаңыз
22. Мемлекет механизмі түсінігі
23. Азаматтық қоғам дегеніміз не?
24. Қазақстан Республикасы - әлеуметтік мемлекет түсінігі
25. Қазақстан Республикасының егемендігі туралы құқықтық актілердің қайсысында ең алғаш рет ресми түрде жарияланды?
26. Құқықтық мемлекетте - заң кімдерге үстемдік етеді?
27. Құқықтық мемлекеттегі “Заңмен тыйым салынбағанның бәріне рұқсат етілген.” деген жалпы құқықтық демократиялық қағида тұлғалардың қайсысына арналған?
28. Құқықтық мемлекеттегі “Тек заңда тікелей көрсетілгендерге ғана рұқсат етілген” деген жалпы құқықтық демократиялық қағидат қандай тұлғаларға арналған?
29. Қазақстанның БҰҰ-на кірген ресми уақыты
30. Мемлекеттік мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етілген, мемлекетпен бекітілген жалпы, міндет жүріс-тұрыс ережелері, нормалар жүйесі дегеніміз?
31. Адамды ең жоғары құндылық ретінде танып қадірлеуді білдіретін, оның құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін тұлға қадыр-қасиеті мен оның жан-жақты даму жағдайын және адамдар арасындағы шынайы адами қатынастарын баянды қылатын әрі қамтамасыз ететін ең маңызды құқық қағидаты
32. Заң белгілеген тәртіп пен тұлға кінәсі сот шешімімен дәлелденбейінше оны кінәсіз деп болжамдау атауын атаңыз
33. Құқықтың негізгі мақсаты?
34. Құқық дегеніміз не?
35. Заң дегеніміз не?
36. Нормативтік-құқықтық актінің мағынасы
37. Нормативтік-құқықтық актілердің заңдарға, заңға бағынышты актілерге бөлінуіне айырымдық белгі болатындарын атаңыз
38. Нормативтік-құқықтық актілердің қайсысының ең жоғары заңдық күші бар
39. Әлеуметтік нормаларды кім орнықтырады
40. Құқықтың алғашқы құрамдық бөлігі (элементі) мінез-құлық ережесі, яғни, ұйғарымы, рұқсаты, тыйымы деген анықтама А) Құқықтың түрі (типін).
41. Сот прецедентінің және нормативтік құқықтық акт ұғымдарының ортақ атауын атаңыз
42. Құқық нормасының жүзеге асырылуының шарты мен іс-әрекет жағдайын анықтайтын құқық нормасының элементін атаңыз
43. Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» құқық нысанының қайсысына жатады
44. Қазақстан Республикасында қандай құқық нысаны негізгі болып табылады
45. Құқық жүйесінің салаларға бөлінуінің негізгі айырым белгілері қандай

46. Құқықтық сана дегеніміз не?
47. Құқықтың нақты функциясына не жатады
48. Заңды білмеу заң алдында жауапты болудан босата ма?
49. «Құқық нормасы мен заңдық фактілерге сәйкес болатын ерікті қоғамдық қатынастар» дегеніміз не?
50. Құқықтың қандай субъектілерінде құқыққабилеттілік және әрекетқабилеттілік бір уақытта пайда болады?
51. Тұлғаның өз әрекеттерімен құқықтар мен міндеттерге ие бола алу және оны жүзеге асыра алу қабилеттілігі дегеніміз не?
52. Қандай нормалар міндетті нормаға жатады:
53. Құқық субъектісінің еркі мен санасына тәуелсіз заңдық фактіні атаңыз
54. Жеке тұлғалардың әрекетқабилеттілігі қай кезден басталады?
55. «Оқшауланған өзіне ғана тиесілі мүлкі бар, өз атынан қажетті құқықтар мен міндеттер алуға қабилеті бар, сотта талапкер және жауапкер бола алатын тұлға» деген анықтама қайсы ұғымға жатады
56. Деликтқабилеттілік дегеніміз не?
57. Заң дегеніміз не
58. Құқықтық қатынастардың қайсы элементіне мына құқықтық өкілеттіктері жатады: 1) құқықты өкілетті тұлғада белгіленген мінез-құлықтың болуының мүмкіндігі. 2) міндетті тұлғадан белгіленген әрекетке баруын талап етудің мүмкіндігі. 3) мемлекеттің құзырлы орындарына арыздану арқылы тұлғаның өз міндетін орындауға мәжбүр етудің мүмкіндігі.

Құқық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Құқықтану кафедрасы

Құқық негіздері пәнінен
пәнді оқу бойынша әдістемелік ұсыныстар

Қаскелең, 2014ж.

Әр сабақтың өткізілу тәртібі мен талаптары бар, сонымен қатар, оларда орындалатын тапсырмалар да бір-бірінен өзгеше болып келеді. Саяси және құқықтық ілімдер тарихы бойынша оқытушы пән силлабусын даярлап студенттерге таратып беруге міндетті. Бұл пәннің силлабусы әр жоғарғы оқу орнының талаптарына қарай нысаны жағынан әртүрлі болып келеді, бірақ, барлығының мазмұны ұқсас болуға тиіс.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулық

Саяси және құқықтық ілімдер тарихы бойынша өзіндік жұмысты ұйымдастыру өзінде үш элементті біріктіреді:

- дәріс материалдарымен, оқу және қосымша материалдармен өзіндік жұмыс;
- семинар сабақтарына дайындалу бойынша өзіндік жұмыс;
- емтиханға дайындық бойынша өзіндік жұмыс.

1. Дәріс материалдарымен, оқу және қосымша оқулықтармен өзіндік жұмыс. Дәріс конспектілерін, сабақтан кейін пән бағдарламасын қарай отырып оқып шығу қажет. Содан кейін оқытушы ұсынған оқу құралдарындағы дәріс тақырыптарына байланысты бөлімдермен танысып шығу қажет. Жалпы дәріс теориялық материалдарды беретін боғандықтан, оларды фактілермен бекіту қажет, ал оқулықтар мен оқу құралдары фактілік материалдар мен мысалдарға бай болып келеді. Студенттің міндеті оқытушы берген теориялық материалдарды фактілермен сәйкестендіріп, бекіту. Конспект жазу барысында дәптерде бос орындар, не жазу жанындағы бағанда бос орындар қалдырылады, сол орындарға студент өз ойын, қосымша ескертулер мен пікірін жазады. Дәріске қосымша оқулықтан қосымша конспектілер жазылады. Студент дәріс материалдарын және оқу құралы материалдарын меңгергеннен кейін, қосымша әдебиеттермен жұмыс жасайды. Мұның бәріне дәріс пен пәннің бағдарламасы тірек болады. Қажет болған жағдайда студент қосымша әдебиеттерден конспект жасайды.

2.Семинар сабақтарына дайындық кезіндегі өзіндік жұмыс. Семинар – бұл оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін практикалық сабақ. Семинар барысында тақырып және семинар жоспары бойынша сұрақтар талқыланады. Студенттердің ұсынылған әдебиеттерді меңгеруінің қорытындысы жасалады. Семинар сабақтарында студент аудитория алдында сөз сөйлеуге, пікірталастарда сөйлеуге дағдыланады, рефераттар мен баяндамалармен шығады. Семинар сабақтарының жетістікке жетуінің басты жағдайлары болып белсенді түрде , шығармашылықпен, үлкен қызығушылықпен тақырып сұрақтарының талқылануы табылады. Семинарға дайындықты соңғы күнге немесе сәтке қалдырудың қажеті жоқ. Семинар сабақтарға алдын-ала берілген тапсырмалар көлемін ескере отырып дайындалған жөн. Бұл кітапханадан, оқу-әдістемелік кабинеттен дайындалуға қажетті оқулықтарды, оқу құралдары мен материалдарды табуға мүмкіндік болуы үшін қажет. Тақырып бойынша сұрақтардың жан-жақты талқылануы студенттердің семинар сабақтарына қаншалықты шынай дайындалғанының көрсеткіші. Семинар сабағы жай ғана дәрістің қайталануы болғанымен, оған дайындықты дәріс материалдарымен дайындықтан, сосын қажетті

әдебиетпен дайындалу қажет. Семинар сабақтарына дайындық келесі реттілікпен жүргізілуі тиіс: 1) семинар жоспарымен танысу, әдебиеттер іздеу; 2) семинар сұрақтарын оқу әдебиеттері бойынша игеру; 3) сабақтың барлық сұрақтары бойынша күрделі жоспар құру; 4) жауаптардың конспектілерін құрасытру.

3.Емтиханға дайындық кезіндегі өзіндік жұмыс. Оқытушының немесе оқу орынның жеке сайтынан емтихан сұрақтарын алу қажет. Емтиханға дайындық кезінде пән бағдарламасын, дәріс конспектілерін, оқу және қосымша әдебиеттерді қолдану қажет. Ең алдымен , емтихан сұрақтарын оқып, сол сұраққа оқу бағдарламасынан материал табу қажет, бл материал-сұраққа жауап болады. . Сосын дәрістен, оқу және қосымша әдебиеттерден материалдар табу қажет. Әрбір сұраққа жеке дәптерде толық жауапты конспектілеп жазып отырған тиімді болады. Емтихан алдында болатын кеңес беру сабақтарында студент оқытушыға кез-келген сұраққа байланысты кез- келген сұрақты қойып жауап ала алады.

«Сулейман Демирел атындағы университет» мекемесі
Құқық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті

БЕКІТЕМІН
СДУ Бірінші проректор—оқу істері
жөніндегі проректоры
ф. – м. ғ. д., профессор
Әмірғалиева С.Н.

«_____» _____ 2014 ж.

«Құқық негіздері»

**ПӘНІНІҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ**

Қаскелең, 2014 ж.

«Құқық негіздері» пәнінің білім алушыларға арналған оқу әдістемелік кешені «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесі. Білім беру-кәсіптік бағдарламалары. Негізгі ережелер» атты 5.03.007-2006 ҚР МЖМББС негізінде құрастырылған.

Құқықтану кафедрасы мәжілісінде қарастырылды

«_____» _____ 20_____ ж., № _____ хаттама

Кафедра меңгерушісі аты-жөні _____

Құқық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті кеңесі мақұлдады

«_____» _____ 20_____ ж., № _____ хаттама

Факультет кеңесі төрағасы аты-жөні _____

Пәннің білім алушыларға арналған оқу-әдістемелік кешенінің мазмұнының
тізімдемесі

№	Құжаттаманың атауы	Беті
1.	Силлабус	
2.	Дәрістер тезистері	
3.	Семинар және практика сабақтарының қысқаша сипаттамасы (жоспарлар, семинар және практика сабақтарын жүргізуге арналған тапсырмалар, СОӨЖ, СӨЖ);	
4.	Зертханалық және студиялық сабақтардың тақырыптары мен қысқаша сипаттамалары	
5.	Емтиханға дайындалуға және өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар, соның ішінде тесттер	
6.	Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі, соның ішінде электрондық тасуыштардағы әдебиеттер	
7.	Интернет-ресурстардың тізімі	
8.	Глоссарий	

